- Талғат Сатыбайұлы, мұнайгаз саласындағы 30 жылдық кезеңнен астам қызметіңізде Сіз нағыз мұнайшының үлкен жолынан – бұрғылаушының көмекшісінен өндірістегі жауапты басқарушы лауазымына дейінгі үлкен еңбек жолынан өттіңіз. Сіздің еңбектегі бүкіл өмірбаяныңыз құбыр салу жұмысымен тікелей байланысты. Мұнай тасымалдаудың осы заманғы процесінің отыз жыл бұрынғыдан қаншалықты айырмасы бар екенін әңгімелеп берсеңіз?

- Орасан зор айырмашылық бар екенін бірден атап өтейін. Бұл арада Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін елімізде өз жүйеміздің және құбырмен тасымалдауды басқару құрылымының болмағанын түсінуіміз керек. Бұрын басқару бір орталықтан – Мәскеуден, Басмұнайтасымалдан жүзеге асырылды, ал 1990-жылдары мұнай құбырларын басқарудың бірыңғай жүйесі жаңа мемлекеттердің дербес кәсіпорындары болып бөлініп кетті. Ал бұл, өзіңіз білетіндей, мұнай құбырлары жүйесін басқарудың жаңа технологиялық жүйесін ғана емес, сонымен бірге ТМД елдерінің мұнай құбырлары кәсіпорындарының арасындағы өзара қатынас жүйесін жаңадан құруды да қажет етті. ҚазТрансОйл компаниясы 1997 жылы нақ осы үшін құрылған болатын, ол 6,5 мың км. жуық мұнай құбырларын және 2 мың км. астам су ағарларды мұраға алды. Сол кезде компанияның алдына көптеген міндеттер қойылды, оларды шешу бізге мұнай құбырларының бүкіл магистралдық жүйесінің жұмыс қабілеті мен сенімділігін сақтап қалуға мүмкіндік туғызды. 20 ғасырдың техникалық прогресінің озық шешімдерін енгізу есебінен жүйенің сенімділігін қамтамасыз етуге қол жеткіздік. Бұл бізге бәсекеге қабілеттілікті сақтау үшін қажет болды. Біз басқа елдердің тәжірибесін зерттедік, ең жақсы шешімдерді енгіздік. Қайсыбір жағдайда біздің жолымыз болды. Осы кезде басқарудың автоматтандырылған жүйесін (БАЖ) техникалық және бағдарламалық қамтамасыз ету зор қарқынмен дамыды, диагностиканың жаңа, жоғары дәлдік құралдары, осы заманғы, эргономикалық жабдықтар жасалды... 2001-2009 жылдар аралығында жүргізілген мұнай құбырларының технологиялық объектілеріне БАЖ енгізу мен жаңғырту тұтастай бір дәуір болды. Осындай жұмыстың арқасында мұнай құбырларының бүкіл магистралдық жүйесі бойынша мұнай айдаудың технологиялық режиміне бақылау жасау бір орталықтан – Астана қаласында орналасқан Бас диспетчерлік басқару орталығынан жүргізіледі.

Жалпы алғанда объектілерді бақылау және ақпаратты жедел түрде беру мәселесі ең маңыздылардың бірінен саналады. Кім ақпаратқа ие болса, соның бес қаруы сай дейді ғой. Сондықтан біз кезінде осы бағытта орасан зор жұмыстар жүргіздік. Осы заманғы автоматтандырылған жүйелердің тиімді жұмысы көбіне талшықты-оптикалық байланыс желілері (ТОБЖ) арқылы қамтамасыз етіледі. 8 жыл ішінде біз өзіміздің өндірістік объектілеріміздің қапталынан 3 810 км ТОБЖ жүргіздік. Осылайша, ҚазТрансОйл Қазақстанда аса ірі ведомстволық телекоммуникациялық жобаны жүзеге асырды. Қазіргі кезде ТОБЖ бен цифрлық радиорелейлік жоғары технологиялық байланыс желілері 10 мұнай құбырын басқаруды, 42 мұнай айдау станцияларын (СПН-ді қоса алғанда), 200-ден астам желілік пункттерді өзара біріктіреді. Бұл біздің мұнай құбыры қапталында кез келген ақпаратты беру мүмкіндігімізді кеңейтті, объектілерді осы заманғы технологияларды пайдалана отырып басқарға мүмкіндік туғызды.

- Тәжірибелі өндірісші ретінде Сіз мұнай тасымалдау процесінің барлық күрделіліктері мен иірімдерін іс жүзінде жақсы білесіз. Өндірістік компанияның даму деңгейі туралы бірінші кезекте оның қызметкерлерінің өнеркәсіп жарақатынан қорғалу және қоршаған ортаға әсерді барынша азайту дәрежесіне қарай бағаланатыны белгілі. Өз қызметкерлерінің өндірісте денсаулығын қорғау саласын-

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына өндірістік факторлардың зиянды әсері тиюіне жол бермеуді өз жұмысының ең басты қағидаттарының бірі деп санайды.

да компания қандай жұмыстар жүргізуде?

- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына өндірістік факторлардың зиянды әсері тиюіне жол бермеуді өз жұмысының ең басты қағидаттарының бірі деп санайды. Сондықтан өз қызметімізде біз Қазақстан Республикасының нормативтік және заңнамалық актілерін, сондай-ақ осы саладағы халықаралық стандарттарды басшылыққа аламыз.

Персоналмен жұмысқа көп көңіл бөлінеді. Жұмысқа қабылдау кезінде барлық қызметкерлер, оның ішінде басшылар үшін кіру нұсқамасы жүргізіледі. Одан әрі қызметкерлер кәсіп түрлері бойынша тиісті нұсқаманың барлық түрлерінен өтетіндігін атап көрсеткен жөн.

Инженер-техникалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қызметкерлерге өндіріс қауіпсіздігінің әдістерін оқыту жарақатты азайтудың негізгі іс-шаралары болып қала береді. Осы мақсатта біздің Оқыту-курстық комбинатында өндірістік буындағы мамандар, инженерлік-техникалық мамандар даярлау мен қайта даярлаудан жүйелі негізде өтіп отырады. Жекелеген мамандықтар бойынша оқыту таяу және алыс шетелдердегі оқу орындарында жүргізіледі. Мәселен, 2009 жылы компанияның үш мыңнан астам қызметкерлері оқудан өтті, оның 700-і инженерлік-техникалық мамандар. Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында қауіпті объектілерге қызмет көрсететін мыңнан астам қызметкерлер, сондай-ақ 354 басшылар мен мамандар өздерінің білім деңгейін көтерді.

ҚТО бас директорының басшылығымен еңбек қорғаудың, өрт қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйі мәселелері бойынша филиалдармен және мұнай құбырлары басқармаларымен ай сайын селекторлық кеңес өткізіледі. Оларда қауіпсіздік пен еңбек қорғау саласында белгілі бір кезең ішінде жүргізілген жұмыстар қарастырылады, жұмыс бағыты айқындалады, орындалуына жауапты адамдарды тағайындай отырып, шешім қабылданады.

Бұдан басқа, компания қолданыстағы жабдықтарды тұрақты түрде жетілдіріп отырады және техникалық жағынан неғұрлым жетілдірілген жаңа технологиялар енгізеді, бұл өндірістік процестің тиімділігін арттырумен қатар, жұмыстың қауіпсіздігіне де оң әсерін тигізеді. Еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі мәселесіне жан-жақты бақылау жасау мен жіті назар аудару арқасында 2008 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ қызметі OHSAS 18001:2007 менеджмент жүйесінің стандартына сәйкес келеді деп танылды.

Біз еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі қызметін ұдайы жетілдіре беруге ұмтыламыз. Осы мақсатпен компаниямызда еңбек қорғауды басқару жүйесін реформалауды жоспарлап отырмыз, бұл өндірістегі жазатайым жағдайлардың санын мейлінше қысқартуға, құрылымдық бөлімшелердің барлық деңгейдегі басшыларының қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау мәселелерінде жауапкершіліктерін арттыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Компанияның болжамдалып отырған құрылымы жобасының Қазақстанның және ТМД елдерінің кәсіпорындарында қолданылып жүрген еңбек қорғауды басқару жөніндегі жалпыға ортақ жүйеден едәуір айырмашылығы бар. Оның тиімділігі мойындалған жағдайда қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау бөлігіндегі

қызметіміздің деңгейін арттыруда үлкен қадам жасаймыз деген ойдамын.

- Өндіріс саласында қызмет ететін компанияның даму деңгейі туралы оның экологияға әсер ету дәрежесі бойынша бағаланатыны мәлім. Мұнайды тасымалдау, әсіресе осы процесте пайда болатын қалдықтар қоршаған ортаға үлкен қауіп қатер тудырады. Қазіргі таңда экологияға компанияның өндірістік бөлімдерінің әсер етуі жөніндегі жағдай қалай? Компания осы мәселелерге қаншалықты көңіл бөледі?

- «ҚазТрансОйл» АҚ туған жер табиғатының ахуалына, экологиялық таза қоршаған ортаға деген өз жауапкершілігін жете түсінеді. Бүгінгі таңда бизнестің экологиялық қауіпсіздігі «ҚазТрансОйл» АҚ-ның тиімді қызметі үшін маңызды көрсеткіштерінің бірі. Әрине, мұнай тарту процесі шынында қиын технологиялық процесс. Мұнайды ондаған және жүздеген шақырымдық құбырлар арқылы тарту үшін насостар үлкен қысым тудырады. Жалпы көлемі 1 миллион текше метрден асатын алып резервуарлық парктердің болуы резервуарларды техникалық пайдалану ережелерін және әсіресе өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауды талап етеді. Насостық станциялармен қатар тасымалданатын мұнайды жылыту үшін жылыту пештері де осындай ауқымды көлемде қолданылады. Сіз осындай көлемде тасымалданатын мұнайды жылыту процесі қаншалықты қауіпті екенін білесіз деп ойлаймын. Біздің нысандардағы өндірістік қауіпсіздік қаншалықты маңызды екенін түсіну үшін осы факторлардың өзі жеткілікті.

Осыған орай біз өзіміздің барлық бөлімшелерімізде қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етуге ғана емес, сондай-ақ мұнайды тасымалдау процесінен қоршаған ортаға тиетін кері әсерді барынша азайту мәселелеріне де баса назар аударамыз. Жаңа технологияларды енгізу де біздің ұжым мен құралдарға ғана емес, сонымен бірге экологияға деген қамқорлығымызды тағы да айғақтайды. Атап айтқанда, біздің өндіріс жөніндегі басқарма директорымыз Алексей Георгиевич Пирогов егжей-тегжейлі айтып беретін SCADA жобасы барлық мұнай құбырлары желілерін басқаруды бір тұтасқа біріктіріп, апаттық жағдайларды азайтуға мүмкіндік берді. Біз энергия және ресурстарды үнемдеу, барлық технологиялық құрылымның қызметінің тиімділігін арттыру саласында оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін жаңа техника мен технология енгізуге әрқашан баса назар аударып келеміз. Атап айтқанда, өткен жылы компанияның қаражатын барынша тиімді, әрі орынды пайдалану үшін құрастырылған Шығыстарды басқару бағдарламасын жүзеге асыру аясында елсіз, аз елді технологияға өтуді есепке ала отырып, мұнай құбырлары және сутартқы нысандарын техникалық қайта құралдандыруды қарастыратын ресурстарды үнемдейтін технологиялар енгізу жоспарлануда. Енгізілетін жаңашылдықтар мен құралдар электр және жылу энергиясын пайдалануды барынша азайтуға, мұнай тасымалдау және су жеткізу процестерінің тиімділігін жақсартуға, негізгі және қосалқы құралдарды жөндеу жұмыстарына шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Яғни жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, шаралардың бүкіл жүйесі әрбір бөлімшенің болсын, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның

Адамдар ҚазТрансОйлдың әрқашан баға жетпес байлығы, қазынасы болды және солай болып қалды. Біздің өндірістік бөлімшелеріміздегі кадрларды үздіксіз кәсіби оқыту және даярлаудан басқа тәрбиелеу жүйесі кеңінен дамыған.

Бүгінгі таңда «ҚазТрансОйл» АҚ-ның маңызды посттарында шынымен жоғары білікті менеджерлер, сауатты ұйымдастырушылар отыр.

болсын жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған. Бұл өз кезегінде, компанияның табиғатты қорғау қызметіне оң әсер етеді. Сонымен қатар, біздің компанияда Кешенді экологиялық бағдарлама (КЭБ) жасалды және іске асырылуда. Басында бағдарламалық құжат 2007-2010 жылдарға арналған болатын. Оған үлкен кешенді табиғатты қорғау шаралары кірді. Ол біріншіден, Қазақстанның табиғи ресурстарын үнемдеуге және экологиялық зардапты азайтуға бағытталған болатын, екіншіден, компанияның шығындарын азайтты. КЭБ қызметінің нәтижелері мұнай тасымалы көлемінің жыл сайын өсуі және жаңа өндірістік нысандарды пайдалануға берілуіне қарамастан олардың қызметінен сыртқа шығатын қалдықтардың нақты көлемі бекітілген нормативтен төмен болып отыр. Дегенмен, біздің табиғатты қорғау бағдарламамыз техникалық процестермен қатар алға басып келетін икемді құжат болып табылады. Компанияда бүгінгі күні 2010-2014 жылдарға арналған Кешенді экологиялық бағдарлама жасалды және бекітілді. Алдындағы құжатпен салыстырғанда ол жаңа энергия үнемдегіш құралды енгізуді және жыл сайын қатаңдатылатын табиғатты қорғау заңнамасын ескере отырып құрастырылды. КЭБ-да қарастырылған шаралар ИСО 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес құрастырылған үлкен экологиялық аспектерді азайтуға бағытталған.

Сонымен қатар, негізгі табиғатты қорғау шараларынан басқа жаңа пункттердің бірі Киото хаттамасының парникті газдарды сыртқа шығаруды басқару жөніндегі тетіктерін жүзеге асыру болып табылады. Оның аясында атмосфераға ластайтын заттар қалдықтарының көздерін жыл сайын түгендеу және оларды азайту жөнінде тиісті шараларды қолға алу қарастырылуда.

Біздің компаниямыздың алдынғы қатарлы халықаралық стандарттарға жауап беретін қызметінің жоғары деңгейі жетекші сертификациялық органдармен дәлелденді. «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан аумағында орналасқан өндіріске халықаралық стандарттың менеджмент жүйесіне деген талаптарын ойдағыдай енгізген үздік компаниялардың қатарына кіреді. Компанияда соңғы бірнеше жылда сертификациялық және өзін жақсы көрсете білген ISO 9001:2000, ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 халықаралық стандаттарының талаптарына сай келетін сапа, экология, денсаулық және қауіпсіздік менеджменті жүйесі жұмыс істейді. Сондай-ақ 2008 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» байқауының «Ірі кәсіпкерлік субъекті» санаты бойынша «Қызмет көрсететін ең үздік кәсіпорын» аталымында жеңімпаз атанды.

- Талғат Сатыбайұлы, мұнай-газ саласы өзінің еңбегі сіңген қызметкерлерімен, кәсіби біліктілігімен танымал. Олардың арқасында құбыр көлігі еліміздің экономикасында ерекше орынға ие. Сіз осы атаулы жылы еске алып, кімнің сіңген еңбегін атап өтер едіңіз?

- Әрине, Сіз дұрыс айтасыз, құбыр көліктің мерейтой жылдары біз әрқашан ең алдымен, біздің еліміздің ардагерлерін еске алып, оларды құттықтаймыз. Өйткені, осы саланың жетістіктері олардың істерімен, сіңген еңбектерімен тығыз байланысты. Құбыр саласында еңбегі сіңген қызметкерлердің еңбектері жетістіктерінің үлкен үлестері орын алған. Бүгін мен ең алдымен, магистральдік

мұнай өнімдері құбырларының оңтүстіктік басқармасының бұрынғы алғашқы басшылары Анатолий Иванович Каширский мен Тарас Мәжітұлы Қасымовтың осы саладағы сіңген еңбегін атап өткім келеді. Анатолий Иванович аталмыш салада өз қызметін мұнай тартатын стансада машинист болып бастады. Оңтүстік басқарма сияқты (қазір «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Батыс филиалы) ірі бөлімшенің басшысы ретінде ол өндірістік процеске көп өзгерістер енгізіп, бірқатар жаңашыл идеяларды жүзеге асыра алды.

Тарас Мәжітұлы да мұнай экспедициясының қарапайым технигінен бастап ірі ұйымның бірінші басшысына дейін қызметтік жолды бастан өткерді. Қиын кездерде де, Кеңес Одағы ыдыраған соң ол құрылыс қарқынын арттыруды жалғастырып, ол үшін барлық мүмкіндіктерді іздестірді. 90-шы жылдары экономикалық дағдарыс жағдайында магистральдік мұнай құбырларын пайдаланудың тұрақты режимін қамтамасыз етумен қатар, ол өндірісті жабдықтау, үлкен құрылыс нысандарды күрделі жөндеу проблемаларын ойдағыдай шешті.

Осы мерейтой жылында мен Батыс филиалдың директоры Фердинат Абдрахимович Мамоновтың жұмысы мен үлкен жетістіктерін ерекше атап өткім келеді. Оның тікелей басшылығымен Теңіз-Астрахань-Грозный мұнай құбыры, Астрахань-Маңғышлақ су тартқысы сияқты маңызды өндірістік нысандар салынды. Біз көп жылдар бірге жұмыс істедік. Бұл адам рухани бай, энергиясы мен ақылы асқан жан. Туа біткен басшы. Өз ісінің маманы ретінде ол мансаптың барлық баспалдақтарынан өтті. Біз 90-шы жылдардың соңы-2000 жылдардың басында компанияның Батыс филиалында бірге жұмыс істедік. Бұл ҚазТрансОйлдың құрылу кезеңі еді. Ол кезде Маңғыстау мұнай құбыры басқармасын басқарып, бір уақытта Батыс филиал директорының орынбасары болдым. Ал Фердинат Абдрахимович ол жылдары Батыс филиалына басшылық еткен еді. Компания жұмысты магистральді мұнай құбырлары жүйесін жаңаға ауыстыруға мәжбүр болғандықтан, біздің алдымызда ауқымды міндеттер тұрды. Оның үстіне өндірістік бөлімшелерге үлкен жүк артылды. Дегенмен, Батыс филиалдың тату, әрі кәсіби ұжымының арқасында біз алға қойылған барлық міндеттерді орындай алдық.

Бүгінгі таңда «ҚазТрансОйл» АҚ-ның басшылығында шынымен жоғары білікті менеджерлер, сауатты ұйымдастырушылар отыр. Компанияның осындай білімді, әрі епті басшыларының арқасында өз қызметінде әрқашан жоғары жетістіктерге қол жеткізу, алға қойған мақсатқа жету, өндірістік жоспарларды орындау және асыра орындау қолдан келгендігін атап өткім келеді.

Адамдар ҚазТрансОйлдың әрқашан баға жетпес байлығы, қазынасы болды және солай болып қалды. Біздің өндірістік бөлімшелеріміздегі кадрларды үздіксіз кәсіби оқыту және даярлаудан басқа тәрбиелеу жүйесі кеңінен дамыған. Шеберлер өздерінің бірегей тәжірибесін енді бастап келе жатқан қызметкерлерге үйретеді. Бұл бізге компаниямыздың әрбір маманының жан-жақты дайындығына деген сенімділік пен кепілдеме береді. Осындай жұмысына, өз міндеттеріне, жаңа жетістіктерге деген қызығушылық үшін әрбір қызметкер бағалы. Өйткені дәл осы баға жетпес қасиеттер - өз ісіне деген шексіз сүйіспеншілік – біздің қызметкерлеріміздің ерекшелігі.

75 ЖЫЛ 1935/2010
ҚАЗАҚСТАН ҚҰБЫР КӨЛІГІНЕ

ҚАЗТРАНСОЙЛ – ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Болат Отаров,
«ҚазТрансОйл» АҚ тасымалдау жөніндегі басқарушы директор

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ ҚҰБЫРЫ МАГИСТРАЛІ БОЙЫНША МҰНАЙ АЙНАЛЫМЫ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІНІҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ТҰРАҚТЫ ӨСІМІНЕ, ҚОЛДА БАР ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ДАМЫТУ МЕН ЖАҢАРТУҒА, КӨМІРСУТЕКТІ ШИКІЗАТТЫ ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ТИІМДІ ӘРІ НӘТИЖЕЛІ ЖЕТКІЗЕТІН ЖОЛДАРДЫ ТАБУҒА, СОНДАЙ-АҚ, МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ЖОЛДАРЫН БОЛАШАҚТА ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ БЕЛСЕНДІ ЖОСПАРЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ҚАЖЕТТІ САЛАЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ КОМПАНИЯНЫҢ ТРАНСПОРТТЫҚ БӨЛІМІНІҢ МІНДЕТІ МЕН ЕҢБЕГІ.

Осының бәріне қалай қол жеткізілгені жайлы және тапсырылған міндеттерді орындау кезінде компания қандай механизмдерді қолданатынын «ҚазТрансОйл» АҚ-ның тасымал жөніндегі басқарма директоры Болат Исатайұлы Отаров әңгімелейді.

– Болат Исатайұлы, компанияның алғаш құрылған күнінен бастап бүгінге дейінгі өндірістік даму жолының нәтижесіне қарағанда, компания жыл сайын, ай сайын алдына қойылған мұнай тасымалы және тауар айналымы жөніндегі міндеттерді өткен жылдармен салыстырғанда тұрақты түрде еселей орындап отырған. Осындай көңіл қуантарлық нәтижеге қалай қол жеткізесіздер?

– Біздің тұрақты түрде өндірістік жетістікке жетуіміздің негізі еңбек өнімділігінің ұдайы ұлғайып отыруы мен қазақстандық құбыр тасымалы жүйесінің тиімділігін арттырудан, сондай-ақ, компания имиджін сенімді әріптес ретінде таныстырудан туындап отыр. Осы негіз біздің алдыға қойылған міндеттерді және кең көлемді жоспарларды орындаудағы басты фактор, онсыз біз мақсатымызға ешқашан жете алмас едік. Мұнай тасымалы – біздің компанияның өзара байланысып жататын бар деңгейін қамтитын көптеген ұсақ мақсаттардан құралған күрделі технологиялық үрдіс. Білімі жоғары мамандардың нақты әрі қалыпқа түскен жұмысының арқасында, оған МӨБ (мұнай өндіруші бекет – ред.) операторынан бастап компанияның топ-менеджеріне дейін кіреді, жоспарларымыздың сенімін нығайтып, іске қосылған мұнай құбырлары магистралінің өткізу мүмкіндігін молайтып, қуатты жаңа құрылғылар арқылы мұнай көлігі жолдарын бекітіп, жаңа жүк жеткізушілердің қызығушылығын оятып және бұрынғы әріптестермен арадағы ынтымақты нығайтып отырмыз.

Сондықтан да осындай еңбек өзінің нәтижесін беріп отыр: 2009 жылы компанияға тиесілі мұнай құбыр магистралі арқылы 50 млн 885 мың тонна мұнай өткізілді, бұл 2008 жылғы көрсеткіштен 3 млн 417 мың тоннаға артық нәтиже. 2010-шы жылы біз мұнай тасымалын 50 млн тоннадан асыруды көздеп отырмыз, бұған биылғы жылдың соңғы алты айында жеткізілген 25 млн 949 мың тонна мұнай дәлел бола алады. Бұл 2009 жылдың алғашқы жарты жылдығымен салыстырғанда 1 млн 564 мың тоннаға артық.

Екінші өндірістік табыстың негізгі көрсеткіші – 2009 жылы жүк тасымалы 33 млрд 513 млн тонна-километрге жетті, бұл алдыңғы жылғы 1 млрд 247 млн тонна-километр көрсеткіштен артқан. Ал, биылғы алты айғы көрсеткіш бойынша жүк тасымалы 16 млрд 628 млн тонна-километрге жетті.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның Ресей, Украина, Белорусь, Қытай елдерінің өнеркәсіптерімен өзара әріптестіктің нығаюы және қазақстандық мұнайды өз аумағымен тасымалдауының арқасында мұнай тасымалы көлемінің артуына үлкен әсер етіп отыр. Мысалы, 2009-шы жылы Атырау-Самара мұнай құбыры аумағы бойынша компания мұнайдың тасымалдаудың рекордын жасап, 17 млн 504 мың тонна мұнайды әріптес-мемлекеттердің мұнай желілік жүйесіне шашау шығармай жеткізіп берді. Соның арқасында 2009-шы жылдың ақпанында, «ҚазТрансОйл» АҚ және «АК «Транснефть» ЖАҚ басшылығы қол қойған 2009-шы жылы Атырау-Самара мұнай құбыры арқылы 17,5 млн тонна Қазақстан мұнайын тасымалдау жөніндегі Протоколда көрсетілген міндеттер толығымен орындалды. 2008-ші жылғы көрсеткішпен салыстырғанда осы бағыт бойынша мұнай тасымалдау мөлшері 735 мың тоннаға өскен. Былтырғы жыл біз үшін табысты жыл болды. Өйткені, осы аумақ арқылы біз 400 миллион тонна мұнайды өткіздік.

Сондай-ақ, 2009-шы жылы, 2008-шы жылмен салыстырғанда Қазақстан-Қытай Атасу-Алашанькоу мұнайқұбырымен мұнай тасымалының көлемі 6 млн 113 тоннадан 7 млн 669 мың тоннаға артты. Бұл дегеніңіз бір жылда 1 млн 586 мың тоннаға артық тасымалданды деген сөз. Ал, биылғы жылдың алғашқы жарты жылдығында тасымал 4 млн 967 мың тоннаға жетіп, 2009-шы жылдың алғашқы жарты жылдығындағы тасымалдан 51% артық болды. Біздің мұндай мол көрсеткішке жетуімізге 2009-шы жылы Кеңқияқ-Құмкөл мұнай құбырын іске қосудың көп көмегі тиді. Бүгінгі күні осы бағыт бойынша негізгі тауар тасымалдаушылардың бірі «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ болып отыр.

Реті келгенде, біздің компания Атырау-Самара және Атасу-Алашанькоу мұнай құбырлары арқылы мұнай тасымалының

мөлшері жөнінде жаңа рекордтар орындауды дәстүрге айналдырып отырғанын айта кету керек. Мұнай тасымалдаудың осы екі бағыты мұнай өндіруші компаниялардың сұранысына ие. Осыны ескерген «ҚазТрансОйл» құбыр желісінің өткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге барын салады. Сондықтан да Атырау-Самара мұнай құбырының өткізу мүмкіндігін кеңейту үшін 2009-шы жылдың соңында біздің компания ресейлік «Транснефть» компаниясымен бірлесіп, мұнай тасымалын құбыр арқылы жылына 25 млн тоннаға дейін арттыратын, Қазақстан мұнайын Новороссийск порты бағытына жеткізетін көлік тасымалы арқылы 10 млн тоннамен орындайтын жобаны дайындауды аяқтады. Бұл жобаның бір ерекшелігі мұнай сапасын нақты мекен-жайға жеткенше қалыпты жағдайда ұстайды. Қазір біз Қазақстандық жүк тасымалдаушылармен бірге жобаны алдағы уақытқа іске асыру мүмкіндігін зерттеп жатырмыз.

Егер басқа да салалар жайында айтар болсақ, Қазақстан аумағында орналасқан «ТОН-2» мұнай құбыры арқылы өтетін батыс-сібірлік ресей мұнайының транзиті ұлғайғанын айтқан жөн. 2009-шы жылы сол бағытпен 5 млн 358 мың тонна мұнай өткізілді, бұл 2008-ші жылмен салыстырғанда 372 мың тоннаға артық. Биылғы жылдың алғашқы жарты жылының өзінде мұнай тасымалдаудың мөлшері 2 млн 768 мың тоннаға артып отыр, бұл 2009-шы жылғыдан 17 пайызға көп.

Сондай-ақ, Ақтау портынан танкерлерге мұнай құюдың мөлшеріне назар аударғым келеді, бұған біздің компанияның бар қуаты жұмсалып, 2009-шы жылы 9 млн 274 мың тонна мұнай танкерге құйылды. Бұл көрсеткіш 2008-ші жылғы мөлшерден 1 млн 695 мың тоннаға артық. «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының 2009-шы жылы 11 млн 095 мың тонна мұнайды айналымға енгізгенінен-ақ «ҚазТрансОйлдың» көрсеткіші молая түскенін анық байқауға болады. 2010-шы жылдың алғашқы жарты жылында мұнай құю мөлшері 4 млн 201 мың тоннаны құраған.

Осының бәріне біз компанияның жоспарланған жобаларының игерілуіне елеулі үлес қосқан Қазақстанның тұрақты дамуының арқасында қол жеткізіп отырмыз десек артық айтқандық емес.

– Иә, ҚазТрансОйлдың мұнайды бүгінгі заманауи жолмен экспортқа және ішкі нарыққа шығаруды қамтамасыз етуі айдан анық. Алайда кез-келген компанияның болашағы жайлы тек өткен жетістігі мен бүгінгі ахуалымен емес, бизнес-жоспарлары және мүмкіндіктерімен бағалайды. Атырау-Самара магистралы және қазақстан-қытай мұнай құбырының даму мүмкіндіктері қазірдің өзінде белгілі, ал компанияның өзге де тасымал жолдарымен байланыс шарттары қай деңгейде?

– Өте маңызды сауал, әсіресе бұның маңыздылығы Каспий теңізінің Қазақстандық аумағындағы және қазірдің өзінде іске қосылған құрлықтағы кен орындарындағы мұнай қорын өндірудің мөлшерін арттырудан анық көрінеді. Сондықтан да еліміздегі мұнай тасымалдаушы жүйенің негізгі операторы саналатын ҚазТрансОйлдың іскерлігі бір қадам алға жылжи түсері анық. Мысалы, 2009-шы жылы Қазақстанда мұнай мен табиғи газ өндіру 76 млн 513 мың тоннаны құрады. Оның ішінде біздің Қоғамның магистральды мұнайқұбырлары арқылы республикада өндірілген мұнайдың 67% тасымалданды. Ал, Қазақстан Республикасындағы МӨЗ-ге (мұнай өңдеуші зауыттарға – ред.) «ҚазТрансОйл» АҚ-ның магистральды мұнай құбырлары арқылы өткен мұнайдың көлемін айтсақ, ол 2009-шы жылы күллі республика зауыттарына жеткізілген ортақ мөлшердің 92 пайызын құрады.

ҚазТрансОйлдың Қазақстан мұнайын тасымалдауының жоғары үлесін есептей келе біз мұнай тасымалы құрылымын лайықты дамытып, көмірсутекті шикізатты әлемдік энергетика нарығына жеткізудің тиімді әрі пайдалы жолдарын қарастырамыз. Бүгінгі күні Қазақстанда мұнай өндірудің 70 пайызын шетелдік инвесторлар қамтамасыз етіп отыр, сондықтан да «ҚазТрансОйл» АҚ Chevron, CNODC, CNPC, ExxonMobil, Agip, Total, Eni т.б. секілді ірі ұлттық және трансұлттық компаниялармен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Көптеген бірлескен жобалар іске асырылды да. Осыған дәлел ретінде Атырау-Самара

2009-шы жылдың соңында Атырау мұнайтарату стансасында қайта ашылған екіжақты ағызу-құю №1 эстакадасын (АҚЭ) ҚазТрансОйл «Теңізшевройл» ЖШС-мен бірлесе іске қосты. Атырау МТС-дағы №1 ағызу-құю эстакадасы 1969-шы жылы тұрғызылғанымен, алғашқы жөндеу жұмыстары Құмкөл мұнайын құюға қолдану үшін 2001-ші жылы жүргізілген.

мұнайқұбырын кеңейту жөніндегі жоба Аджип компаниясының қаржыландыруы мен әріптестігінің арқасында іске асырылғанын айтқан жөн.
Сондай-ақ, 2009-шы жылдың соңында Атырау мұнай тарату стансасында қайта ашылған екіжақты ағызу-құю №1 эстакадасын (АҚЭ) «ҚазТрансОйл» «Теңізшевройл» ЖШС-мен бірлесе іске қосты. Атырау МТС-дағы №1 ағызу-құю эстакадасы 1969-шы жылы тұрғызылғанымен, алғашқы жөндеу жұмыстары Құмкөл мұнайын құюға қолдану үшін 2001-ші жылы жүргізілген. 2009-шы жылы «Теңізшевройл» ЖШС-ның қаржысына жүргізілген эстакаданы жаңарту және қайта қалпына келтіру жұмыстарының арқасында теңіз мұнайын сыртқа шығарудың мөлшері едәуір артты. Бір ретте 60 теміржол цистерналарын толтыруды қамтамасыз ететін терминалдың бұрынғы мұнай құю құрылғылары халықаралық стандарттарға сай келетін, алдыңғы технологиямен жабдықталып, жұмыс үдерісін бақылауға ыңғайлы, SCADA мониторлы, автоматты жүйе енгізілді. Ол арқылы қажетті өлшемдер мен есептерді шығару, тиелетін жүктердің құжаттарын тіркеу жұмыстары атқарылады. Дәл қазір терминалдың жүк өткізу мүмкіндігі жылына 5 млн тонна мұнайға жетіп отыр. «Атырау» МТС-ның №1 эстакада, резервуарлық паркі және өндіріс ішіндегі инфрақұрылымы мұнай сапасын жүк тасымалдаушы алғанша сақтауға мүмкіндік беретінін айта кеткен жөн.
«ҚазТрансОйл» АҚ алдағы уақытта Атырау МТС-дегі №2-ші эстакаданы қайта қалпына келтіріп, жаңартуды жоспарлап отыр. №1 эстакаданы толық жаңартудан өткізу енді Атырау МТС-ін толықтай қайта қалпына келтіруді жалғастыруға мүмкіндік береді және Атырау құю-төгу теміржол желісінің мұнай өткізу қуатын ұлғайтады. Бұл жұмыстар «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-мен бірлесе атқарылып жатыр, өйткені, біз мұнай құбырлардың және теміржол транспортының тасымал қуатының артқанын аса маңызды деп есептейміз.
Осындай жоспарлардың іске асуы компания үшін Атырау МТС-ның эстакадасы арқылы қашаған мұнайын өткізудің мөлшерін ұлғайтуға септігін тигізер тиімді мүмкіндік. Бүгінгі күні осы мүмкіндік Солтүстік-Каспий Операциялық Компаниясымен (NCOC) бірлескен түрде қаралып, Қашаған мұнайын Атырау-Самара және Қазақстан-Қытай мұнай құбырлары арқылы өткізудің тиімділігі есептеліп жатыр.

– Болат Исатайұлы, менің ойымша, компания үшін ең ірі жобалардың бірі Batumi Holding Industrial Limitedmi және оның активтерін – Батум мұнай терминалы мен Батум теңіз портын меншігіне алуы болған секілді. Сіздің ше, БНТ-нің өзге де экспорттық бағыттардағы нағыз мүмкіндігі қандай?

– ҚазТрансОйл ККСТ құрылысын жүргізудің мүмкіндігі аясында және мұнайды шетелдік нарыққа шығарудың жаңа жолдарын табу үшін осы активтерге барынша бәс тігіп отыр. Меніңше, БНТ – Қазақстан үшін стратегиялық маңызды активтер болып есептелетінін баса айтқым келеді. Болашақта біз оны дамыта түсеміз. Осы бір үлкен әрі табысты транспорттық желіге теңіз, теміржол және автокөлік жолдары тоғысады. Яғни, біз бүгінгі күні Грузиядағы ірі теңіз порты саналатын Батумидегі күллі тасымал инфрақұрылымын меңгеріп отырмыз. Сол арқылы жаңа экспорттық терезе ашып, тек мұнай транзитін ғана емес, мұнай өнімдерін және құрғақ жүктерді тасымалдауды қолға алдық.
Батум мұнай терминалының басты бәселекестік тартымдылығы Транскавказ тасымал бекеттеріндегідей жүк тасымалының жоғары тиімділігімен бағаланады. Себебі, аса үлкен емес, шағын құбырлар арқылы тасымалданатын осы желі аса ыңғайлы. БНТ негізінен Каспий мұнайын өткізудегі ең жоғарғы мүмкіндігі жылына 15 млн тоннаны құрайтын теңіз порты саналады. Мұндағы мұнайдың 22 түрін және сапасын сақтай отырып, мұнай өнімдерін құю мен өзге жолдарға жеткізудің мүмкіндігінің барлығы маңызды саналады. Бұған сыйымдылығы 300-ден 10 мың м3-қа жететін резервуарлық парктың және толық көлемі 752 300 м3-тық жылыту қондырғысы бар резервуардың көмегі тиеді. Оның үстіне, БНТ Қара теңіздің Кавказдық жағалауындағы қысымдалған мұнай газын тасымалдайтын бірден-бір терминал есептеледі. Бұдан бөлек, барлық құю эстакадаларында бір уақытта 212 цистернаға жүк тиеуге болады. Ал, тәулігіне 850 цистернаға мұнай құйылады. Эстакадалар бір немесе бірнеше резервуарға қосылғандықтан мұнай құю ісінің тиімділігін арттыра түседі. Сондай-ақ, барлық эстакадалардағы төменнен құю құрылғысынан бөлек жоғарыдан сору құрылғысын да қолдануға болады. Ауыр мұнайлар және жылбысқылығы жоғары мұнай өнімдерін жылытуға қолайлы көп деңгейлі, заманауи эстакада жұмыс істеп тұр. 2009-шы жылдың есебі бойынша Батум терминалынан мұнай және мұнай өнімдерін өткізудің мөлшері 6 млн 414 мың тоннаны құраған. БНТ арқылы 2009-шы жылы өткен мұнайдың ішінде Қазақстандық мұнайдың үлес алмағы 68,25 пайызға өсті. Бұл қазақстандық мұнайдың мөлшері 24% болған 2007-ші жылмен салыстырғанда елеулі жетістік саналары сөзсіз.
Біздің болжамымызша, болашақта қазақстандық мұнайдың үлес салмағы Теңіз, Қарашығанақ, Қашаған және КСКМ-нің өзге де кен орындарынан өндірілетін мұнайдың арқасында өсе түседі, өйткені, «Ақтау – Баку – Батуми» бағыты бойынша тасымалданатын мұнайдың сапасы сақталып отыр және БНТ-ның өзге де бағыттармен мұнай тасымалдауының ең негізгі ерекшелігі болып қала береді.

– Болат Исатайұлы, сіздің мұнай саласында еңбек еткеніңізге 22 жыл, мұнай құбырында 16 жылдан астам уақыт бойы еңбектеніп келесіз. Ал, «ҚазТрансОйл» компаниясы құрылғалы бері қажетті мамандар сапында жүрсіз. Осы жылдар ішінде түрлі мамандықтарды атқардыңыз – монтаж және құрылғыны қамтамасыз ету слесарлығынан республикадағы ең ірі мұнайқұбыры компаниясының атқарушы директорлығына дейін өстіңіз. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 75 жылдық мерейтойына қандай тілек айтар едіңіз?

– Құбыр көлігінің 75 жылдығы – бұл біріншіден, осы сала ардагерлерінің, турасын айтқанда жұмысты ең алдымен өмір және тағдыр деп қабылдаған кәсіби мамандардың мерекесі. Компанияның жетістігі туралы айтқанда, және тек атаулы күндерде ғана емес, мен ұдайы Иван Дмитриевич Касперді ұдайы еске алып отырамын. Әр сөзімде ол кісіге деген құрметімді білдіремін. Ол шындығында өз заманының әйгілі тұлғасына айналды, оның жетістігі көптеген мұнайшылардың мұнай саласының тарихына енуіне жететін еді. Бүгінгі күні оның арамызда жоқтығы ғана өкіндіреді, алайда Иван Дмитриевичтің Қазақстанның мұнайқұбыры магистралының жүйесін құрудағы және дамуындағы еңбегі ересен.
Мұнайқұбыр көлігінің мерейтойымен еңбек жолы жарқын күнтізбеге толы адамдар Тарас Мәжитович Қасымовты, Фердинат Абдрахимович Мамоновты құттықтағым келеді.
Олар мұнай құбырын жүргізу жұмысшыларының бірнеше ұрпағына нағыз ұстаз әрі тәлімгер болды. Тарас Мажитович Кеңес Одағының ыдырауы кезінде ауыр жылдары «Южнефтепровод» өндірістік ұйымы басқарып, экономикалық дағдарыс жағдайында өнеркәсіптің гүлденуіне, магистральді мұнай құбырларын пайдаланудың тұрақты режимін қамтамасыз етуге қол жеткізді. Фердинат Абдрахимович – өмірлік қуаты мол адам, көптеген белгілі жобалардың салынуына қатысып, басшылық етті. Бүгінгі күнде де ол бұрынғысындай көптеген компанияның маңызды жобаларын жүзеге асырумен белсенді айналысады.
«ҚазТрансОйл» АҚ-ы арқа еті арша, борбай еті борша болып еңбек еткен ардагерлердің бізге қалдырған лайықты мұрасы болды. Мұнайгаз саласы көрегендерінің тиімді тәжірибесінің және жас менеджмент қуатының арқасында компания бүгін тұрақты дамушы және бәсекеге қабілетті өндірістің бейнесін жасады. Күн өткен сайын, жыл өткен сайын тең үздіктерді таңдап және бір шыңды бірінен соң бағындырып ҚазТрансОйл алға қойған мақсатына ұмтылып барады. Компанияда қызмет еткен жылдардың ішінде мен ұдайы жетістікке мақтанып, әрдайым жауапкершілікті сезініп жүрдім. Осы бір мақтаныш пен жауапкершілік сезімдері компанияның бүкіл ұжымына тиесілі деп ойлаймын. Үлкен ұжымның қолдауымен «ҚазТрансОйл» АҚ бүгінгі күні мұнайгаз саласындағы ең үздік компания болып отыр. Сондықтан да мен компанияның бар ұжымына таусылмас қуат, жаңа жетістіктер және кәсіби табыс тілеймін!

ҚАЗТРАНСОЙЛ: ДАМУ СЕРПІНІ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ ІРІ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫ МЕН ОТАНДЫҚ МҰНАЙГАЗ КЕШЕНІНІҢ ДАМУЫНА АЙТАРЛЫҚТАЙ ҮЛЕС ҚОСУДА. КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ МЕН БОЛАШАҚ ЖОСПАРЛАРЫ ТУРАЛЫ БІЗ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ ӘСЕМ БЕКҚЫЗЫ НҮСІПОВАНЫҢ БАЯНДАП БЕРУІН ӨТІНДІК.

Әсем Нүсіпова,
«ҚазТрансОйл» АҚ экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

Әсем Бекқызы, Қазақстандағы мұнайды құбырлар арқылы транзиттеу мен тасымалдаудың операторы болып табылатын «ҚазТрансОйл» АҚ-ның республиканың мұнайгаз саласындағы орны ерекше. Соңғы жылдардағы компанияның қаржылық-экономикалық жетістіктері жайлы айтып берсеңіз.

– 2005 жылдан бастап 2009 жылға дейін «ҚазТрансОйл» АҚ барлығы 225 млн. тонна мұнай тасымалдады. Компания мұнай тасымалдау мөлшерінің жыл сайын тұрақты түрде артып отыруын қамтамасыз етуде. Бұл жәйт өз кезегінде қаржылық-экономикалық көрсеткіштерге жағымды әсер етеді. Мысалы, 2005 жылы компанияның негізгі қызметінен түскен табыс мөлшері 63,7 млрд. теңгені құраса, 2009 жылы бұл көрсеткіш 126,2 млрд. теңгеге жетті. Табыстың өсуі таза кірістің 5,6 млрд. теңгеден 15,5 млрд. теңгеге дейін өсуіне алып келді.

Қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің тұрақты түрде өсуі жүкті жіберушілермен жұмыстың компанияның құбыр жүйесіне тең жетімділік қағидасы бойынша тиімді түрде байланысты. Қоғамның монополияға қарсы заңнамаға сәйкес теңдестірілген тарифтік саясат жүргізуі де мұндай жағымды үрдістің орын алуының негізгі себептерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, компания соңғы жылдары Кеңқияқ-Атырау, Атасу-Алашанькоу, Кеңқияқ-Құмкөл мұнай құбырларын салып, Қытай бағытындағы магистралды мұнай құбырларының жүйесін ұлғайтты. Бұл жаңа экспорт бағытының пайда болуына ғана емес, сондай-ақ, Қазақстанның батысы мен шығысындағы магистралдық мұнай құбырларын біріктірілуіне алып келді.

75 ЖЫЛ 1935/2010 ҚАЗАҚСТАН ҚҰБЫР КӨЛІГІНЕ

Компания 2008-2009 жылдары Грузияда Қара теңіз жағалауында орналасқан стратегиялық көліктік торап - Батуми қаласындағы мұнай терминалы мен теңіз портына ие болды.
Баланстық капиталдандыру деңгейінің өсуі де компания жетістіктерін көрсетеді. 2005 жылмен салыстырғанда баланстық капиталдандыру мөлшері 45%-ға өсіп, 2009 жылы 325 млрд. теңгеге жетті.
Әрине,қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің өсуі Қазақстанның мемлекеттік бюджетіне түскен салықтық төлемнің артуына әкелді. Компания, елдегі ең ірі салық төлеушілердің бірі ретінде, 2009 жылдың өзінде бюджетке 20 млрд. теңге көлемінде салық төледі.

— Болашақта, айталық 2015 жылы, «ҚазТрансОйл» АҚ-н қандай болады деп білесіз? Компания өзінің ұлттық және халықаралық мүдделерін қамтамасыз ету үшін қандай ұзақ мерзімді қаржылық-экономикалық мақсаттар мен басымдылықтар қоюда?

– Болашақта, соның ішінде 2015 жылы да, біз «ҚазТрансОйл» АҚ-ын қазіргі заманғы, нормативтік сенімділік талаптарына жауап беретін және өндірістік қызметтің қауіпсіздігінің халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес құбыр жүйесі бар, тиімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті, кіріс мөлшері жоғары және жедел дамушы компания деп көреміз. Бұл - тұрақты түрде өндірістік активтерін жаңартып отыратын және мұнай құбыры жүйесінің жаңа нысандарының құрылысын жүргіп отыратын компания.
«ҚазТрансОйл» АҚ республикада өндірілетін мұнайдың кем дегенде 60 %-ын тасымалдайтын, Қазақстандағы ең ірі мұнай құбыры компаниясы болып қала бермек. Бұл мақсаттарға жету үшін компания қазіргі активтерін сақтап, республикадағы жаңа мұнай құбырлары активтерінде өзінің кем дегенде 50%-дық қатысуын қамтамасыз етіп, оператор болу құқығына қол жеткізбек.
Компания стратегиясы Қазақстан Республикасының мұнайды әлемдік энергетика нарықтарына тасымалдау саласындағы мүдделерін қорғау мақсатымен тығыз байланысты. Ол үшін біз Батуми қаласындағы мұнай терминалы мен теңіз портын дамытамыз. Біздің шетелдегі активтерімізді дамытуға және техникалық жабдықтауды жетілдіруге бағытталған жұмыстардың нәтижесінде қазірдің өзінде Батуми мұнай терминалы арқылы тасымалданатын қазақстандық мұнайдың мөлшерінің едәуір артқанын ерекше атап өткім келеді.
Компанияның ұзақ мерзімді қаржылық-экономикалық мақсаты - шығын көлемін мүмкіндігінше азайтып, кіріс мөлшерін арттыру. Дәлірек айтқанда, 2015 жылы 2011-2015 бизнес жоспарына сәйкес 65 млн. тонна мұнай мұнай тасымалдап, 25 млрд. теңге мөлшерінде таза кіріс алуды жоспарлап отырмыз. Жыл сайын активтеріміздің іргелі құрылысы мен жөндеу жұмыстарына 20 млрд. теңге жұмсамақпыз.

— Компанияңыз 2010 жылдың бірінші жартысында қандай қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізді? Бұл көрсеткіштер сіз алдын ала болжаған көрсеткіштерге қаншалықты сәйкес келді?

– Компания 2010 жылдың алғашқы жартысының қаржылық-шаруашылық қорытындыларын жасап, ол 15 шілде күні Ақтау қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ кеңейтілген отырысында қарастырылды. 2010 жылдың алғашқы жартыжылдығына қойылған барлық өндірістік және қаржылық-экономикалық жоспарлар орындалды деп айтуға негіз бар.
Тасымалданған мұнайдың жалпы мөлшері 32,7 млн. тоннаны құрады. Бұл жоспарланған көрсеткіштен 8% жоғары. Негізгі қызметтен алынған жалпы табыс көлемі 66 млрд. теңгеге жетіп, болжанған көрсеткіштен 15%-ға асты. Өндірістік өзіндік құн 35 млрд. теңгені құрап, межеленген көрсеткіштен 4% төмен болды.
2010 жылдың алғашқы жартысында таза кіріс 21 млрд. теңгеге тең болды. Бұл көрсеткіш 12,5 млрд. теңгені құрайды деп жоспарланған.
Аталған мерзімде компания іргелі құрылыс пен жөндеу жұмыстарына 9,3 млрд. теңге, яғни, жоспарланған мөлшерден 37%-ға артық сома жұмсаған. Бұл Құмкөл-Қарақойын телімінің өткізу қабілетін арттыру мақсатымен жүргізіліп отырған Құмкөл басты мұнай тасымалдау станциясы құрылысының жоспардан жылдам жүргізілуі мен Батуми мұнай терминалындағы газ ұстаушы жүйелерінің орнатылуымен түсіндіріледі.

— Компания қызметіне жетекші рейтинг агенттіктерінің берген бағаларына сәйкес компанияның халықаралық қаржылық «имиджі» жайлы не айта аласыз?

– Компанияның жағымды қаржылық имиджінің құрамдас бөліктері болып тәуелсіз аудиторлармен бекітілген ашық қаржылық есеп, жағымды несие тарихы және жоғары несиелік рейтинг табылады.
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның несие тарихы мінсіз. Компанияның соңғы рет алған қарызы - 2008 жылы 275 млн. АҚШ доллары көлеміндегі синдицирленген бесжылдық заем. Бұл қаражат Грузиядағы Батуми мұнай терминалы мен теңіз портын сатып алу үшін алынды. 2010 жылы компания бұл несиені мерзімінен бұрын өтеді.
Компания жетекші халықаралық рейтинг агенттіктерімен соңғы 10 жыл бойы жұмыс істеуде. Рейтингтермен жұмыс істеу - компания беделінің мәселесі ғана емес. Компания рейтингінің жоғары болуы сыртқы нарықтан жеңіл несие алуға, инвесторларды тартуға жағдай жасайды. Бұл несиелер ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыруға жұмсалады.
2001 жылы Fitch Ratings компанияға BB- «Тұрақты» деңгейіндегі рейтинг берсе, Standard&Poor’s компанияға BB «Тұрақты» деп өз бағасын берді. 2002 жылы Moody`s International агенттігі компанияға Ba2 «тұрақты» несиелік рейтингін берді.
2009 жылы рейтинг агенттіктері компанияның қазіргі несиейлік рейтинг деңгейлерін бекітті: BB+ «Тұрақты» - Standard&Poor’s, Baa2 «Келеңсіз» - Moody`s International. Ал Fitch

2005 жылдан бастап 2009 жылға дейін «ҚазТрансОйл» АҚ барлығы 225 млн. тонна мұнай тасымалдады. Компания мұнай тасымалдау мөлшерінің жыл сайын тұрақты түрде артып отыруын қамтамасыз етуде.

Ratings «ҚазТрансОйл» АҚ несиелік рейтингін BBB- «тұрақты» деңгейіне дейін көтерді.

Несиелік рейтингті бағалау жан-жақты жүргізіледі және өтімділік секілді қаржылық көрсеткіштерді талдауды ғана емес, сонымен қатар, басты компанияның бағасы, мемлекеттің әсері және тағы да басқа кілттік сыртқы факторлардың ескерілуін талап етеді. Сондықтан да, өндірістік-қаржылық көрсеткіштердің жағымды болғанына қарамастан, әлемдік қаржылық дағдарыстың әсерінен компания 2008-2009 жылдары несиелік рейтинг көрсеткіштерін арттыруды шамалы бәсеңдетіп алды. Алайда, біз барлық рейтингтерімізді егемен деңгейге дейін көтеруге ұмтыламыз.

— Жаңарту мен дамуға тұрақты түрде инвестиция құю тұрақты өсімнің кепілі болып табылады. Компанияның инвестициялық саясаты туралы не айта аласыз? Үстіміздегі жылы бұл бағытта қандай мақсаттар қойылған?

– «ҚазТрансОйл» АҚ бар магистралдық құбыр жүйелерін жаңарту мен сақтауға айтарлықтай қаржы жұмсауда. Мысалы, соңғы бес жыл ішінде, яғни 2005 жылдан бастап компания қазіргі құбыр активтеріне 138 млрд. теңге жұмсаған.

2010 жылы қаржы бағдарламасының шеңберінде компания 33,3 млрд. теңге жұмсамақ. Бұл қаржы Батумидағы мұнай терминалы нысандарының жаңартылуына, «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырының өткізу мүмкіншілігін 12 млн. тоннаға дейін арттыруға, 663 шақырым - АНПЗ мұнай тасымалдау станциясын ауыстыруға, бірнеше мұнай тасымалдау станциясындағы электр жүйесін жаңартуға, Ақтау қаласындағы битум зауытына апаратын мұнай құбырының құрылысына, Құмкөл мұнай тасымалдаушы станциясының жаңартылуына және тағы да басқа өндірістік нысандарға арналады.

2011-2015 жылдары компания іргелі құрылысқа 222 млрд. теңге жұмсауды жоспарлауда. Оның ішінде, Құмкөл-Қарақойын мұнай құбырының үшінші тармағы мен Қызылжар мұнай тасымалдау станциясына (34 млрд. теңге), Қазақстан-Қытай мұнай құбырының екінші кезеңінің екінші кезегіне (шамамен 74 млрд. теңге), Батуми терминалы мен портының жаңартылуына (11 млрд. теңгеден астам).

Компания өз қызметі барысында сыртқы көздерден қаржыландырудан тәуелділікті төмен деңгейде сақтау стратегиясын ұстанады. Бұл Батумидағы активтерді сатып алу үшін алынған несиенің мерзімінен бұрын өтелуімен дәлелденеді. Магистралдық құбыр жүйелерін жаңартуға және сақтауға қажетті шығындарды компания өз қаражатының көмегімен көтереді.

Инвестициялық саясатты қалыптастыру барысында көрсетілетін қызметтің сенімділігі мен сапасының арттырылуына, қазіргі заманғы ресурс және энергия сақтау технологияларының енгізілуіне, құбыр көлігі жөніндегі мемлекетаралық келісімдердің орындалуына ерекше көңіл бөлінетінін атап өтпеуге болмайды. Қаржы бағдарламасының маңызды бөлігі болып техникалық қайта жабдықтау бағдарламасының жүзеге асырылуы табылады. Ол процесстерді жеңілдетуге, өндіріс үшін қажет еңбек пен энергияның көлемін азайтуға, өндірістің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Компанияның ең тиімді деген технологияларды қолдануға деген ұмтылысын келесі жылы қолданыстағы барлық жабдықтар мен технологиялардың толық техникалық аудитын өткізуді жоспарлап отырғандығы дәлелдейді. Бұл аудиттің нәтижесінде болашақта компанияның технологиялық тұрғыдан бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған 2012-2020 жылдардағы «ҚазТрансОйл» АҚ техникалық қайта

жабдықтаудың жаңартылған бағдарламасы жасалады.

— Еліміздің құбыр жүйесінің тиімді дамуы үшін Сіздің компанияңыз бен Қазақстанның мұнайгаз саласындағы кілттік инвесторлардың арасындағы ынтымақтастық пен ара-қатынас қалай өрбуде?

– Жалпы, «ҚазТрансОйл» өз қаржысынан бар мұнай құбырларының жаңартылуы мен жаңа мұнай құбырларының құрылысы шығындарын көтеретіндіктен өзі де ірі инвестор болып табылады. Осылайша компания Қазақстанннның мұнайгаз саласындағы барлық ірі инвесторлардың коммерциялық мүдделерін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, халықаралық және Қытайлық синдикаттардан алынған инвестициялар бар. Бұл қаражат несие ретінде Кеңқияқ-Құмкөл, Атасу-Алашанькоу, Кеңқияқ-Атырау мұнай құбырлары құрылыстарын жүргізу үшін алынды. Аталған несие берушілермен өзара тиімді ынтымақтасықтың арқасында біз бар несиелерді жеңілдету мақсатымен оларды қайта қаржыландырудың мүмкіншілігінің бар екендігін атап өткен жөн.

Біз Қазақстандағы ірі мұнайгаз инвесторларымен көліктік және экспедициялық қызмет көрсету саласында белсенді түрде күн сайын жұмыс істейміз. Оған қоса, бірқатар бірлескен жобалар іске асырылуда. Мысал ретінде «Теңізшевройл» ЖШС есебінен жүзеге асырылған «Атырау» мұнай тасымалдау станциясының №1 құю эстакадасының жаңартылуын атап өтуге болады. «Атырау» мұнай тасымалдау станциясының №2 құю эстакадасының жаңартылуын және жаңадан екі резервуардың салынуын жоспарлап отырған «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В» бұған тағы да бір мысал бола алады. Сонымен қатар, мүдделі жүк жіберушілердің бірі «Аджип КРО» компаниясының қаржыландыруының арқасында «Атырау-Самара» мұнай құбырының жылына 25 млн. тоннаға дейін кеңейтілу жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі жасалды.

— «ҚазТрансОйл» АҚ ұжымына, республиканың мұнайгаз саласындағы басқа да жұмысшыларға мерейтой жылына орай қандай тілектеріңіз бар?

– «ҚазТрансОйл» АҚ ұжымы компанияның ең қымбат, ерекше құнды активы болып табылады. Компанияның мыңдаған жұмысшыларының арқасында ғана кәсіпорынның экономикалық көрсеткіштері өсуде. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның, біздің еншілес және бірлескен бақылауымыздағы кәсіпорындардың әрбір жұмысшысына зор денсаулық, рухани сергектік, жанұяларына амандық-саулық тілегім келеді.

Еліміздің мұнайгаз саласының әрбір жұмысшысына денсаулық және еліміздің игілігі үшін гүлденуі мен дамуын тілеймін.

«ҚазТрансОйл» өз қаржысынан бар мұнай құбырларының жаңартылуы мен жаңа мұнай құбырларының құрылысы шығындарын көтеретіндіктен өзі де ірі инвестор болып табылады.

Алексей Пирогов,
«ҚазТрансОйл» АҚ өндіріс бойынша басқарушы директор

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ МЕН МОДЕРНИЗАЦИЯ - ТАБЫС КЕПІЛІ

Тұтынушыларды мұнай тасымалдаумен үнемі қамтамсыз ету, бірнеше рет айтылып кеткендей, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның ірі жоспарлары мен қойған мақсаттарын жүзеге асырудың негізгі факторы болып табылады. Сондықтан компанияның құрылған күнінен бастап алдына бірнеше басым міндеттер қойылған, оның біреуі - құбыр жүргізудің апатсыз жұмысын қамтамасыз етіп, сенімділігін жоғарылату. Қазақстанның магистральді құбыр жүргізу жүйесінің ұзындылғын және қызметшараларының көлемін ескере отырып, бір қарағанда компанияның өндірістік бөліміне жүктелген бүкіл жұмыстың көлемін бағалау қиын. Техникалық және инновациялық дамуға қатысты сұрақтарымызға өндіріс бойынша басқарушы директор Алексей Пирогов жауап берді.

Алексей Георгиевич, компанияның инновациялық және технологиялық саясаты жөнінде қысқаша ақпарат берсеңіз. Оның негізгі басымдықтары мен міндеттеріне нені жатқызуға болады?

«ҚазТрансОйл» АҚ техникалық тұрғыдан бүгінгі күнде қандай екенін айқындаудан бастаған жөн деп санаймын. ҚТО балансында 7645 шақырым магистральді құбыр жүргізу жүзеге асырылып отыр. Оның ішінде 5309 км мұнай құбыры және 2154 км су құбыры, көлемі 1 млн 353 мың текше метр резервтік парк, 34 мұнайды аудару бекеттері және басқа да маңызды өндірістік объектілерді атап өтуге болады. Барлық объектілер Қазақстанның кең-байтақ территориясында бөлініп орналастырылды. Әрине, бұл объектілерді пайдалану және техникалық қамсыздандыру айтарлықтай адам және қаржы ресурстарын қажет етеді. Сондықтан, біз алдымен пайдалану шығындарын арзандату және адам саны аз немесе адамның қатысуынсыз жұмыс тәртібіне көшуге мүмкіндік беретін бағыттағы жаңа технологияларды пайдалануды мүдде етеміз. Бұдан басқа, өндірістік қызметкерлер құрамының еңбек өнімділігінің деңгейін көтеру және жағдайын жақсарту, сонымен қатар қоршаған ортаға негативті әсер етуді төмендету мәселелерін компаниямыздың басымдық міндеттері қатарына жатқызамыз. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін ағымдағы жылы энергияны сақтайтын технологиялар мен басқа да негізгі тенхологиялық жабдықтардың өнімділігі мен сенімділігін жоғарылататын инновацияларды ескере отырып, Өндірістік объектілерді техникалық қайта құралдандыру бағдарламасын ашып, жүзеге асыруды бастадық.

- Сіздің пікіріңізше, технологиялық жабдықтау және жаңғырту әлеуеті мәселелерінде бұл компания әлемдік масштабтағы ұқсас компаниялармен бәсекелесуге қабілетті ме?

- Мұнай тасымалдау жөніндегі сапалы қызмет көрсету мәселесі біз үшін әрқашан да аса өзекті. Өйткені, дәл осы мәселе компаниямыздың жемісті бәсекелестік қабілетінің кепілі болып табылады. Айтып өткенімдей, қазіргі кезде компания өзінің өндірістік объектілерінде техникалық қайта құралдандыру, жаңғырту және қайта құру бойынша ірі жұмыстар атқарып отыр. Бұдан басқа, соңғы бірнеше жыл ішінде ҚТО жаңа технологиялар мен жабдықтауды енгізу және пайдалану бойынша бірнеше ірі жобаларды жүзеге асырды. Компанияның Өндірістік объектілерді техникалық қайта құралдандыру бағдарламасы объектілерді кешенді жаңғырту және мұнай тасымалдау бойынша қызмет көрсетудің сапалы жаңа деңгейіне көшуді қарастырады. Бұл бағдарлама жан-жақты негізделген, қаржы-экономикалық тұрғыдан қарағанда да дәйекті. Осылайша компаниямызды дәл осындай қызмет түрлерімен айналысатын шетел компанияларымен жарыстыра салыстыра отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ техникалық жабдықталу тұрғысынан іс жүзінде ешкімнен кем емес, ал кейбір позицияларда әріптестерімізді басып оздық деп сенімділікпен айта аламын.

- Магистральді мұнай құбырлары жүйесін пайдаланудың қазіргі тәсілдерін енгізуді компания қаншалықты белсенді жүргізіп келеді?

- Қазіргі кезде біз қазіргі заманғы жабдықтар мен жаңа технологияларды енгізу жөнінде қарқынды жұмыс жүргізіп отырмыз. Техникалық жаңалықтарды таңдау барысында егер жоба - экономикалық тиімділік, сенімділікпен қамтамасыз ету, мұнайды аудару технологиялық үдерісінің апатсыздығы мен қауіпсіздігі сияқты принциптерге сәйкес болса, біз оң шешім қабылдаймыз. Мысалы, қазіргі кезде болат понтондарын алюминийге ауыстыру арқылы мұнайды сақтауға арналған сұйық қоймаларды жаңғыртуды жүзеге асырып отырмыз. Болат понтондары өзінің ауыртпалық күші қысымының әсерінен жиі суға батады, сондықтан тиімсіз болып қалады. Ал алюминий понтондары суға батпайтын қасиетімен ерекшеленеді. Осылайша біз 2 міндетті шешіп отырмыз: мұнайдың булануы кезінде оның шығысын және ауаның мұнай буымен ластануын төмендетіп отырмыз.

Сонымен қатар, мұнайды тасымалдау кезінде пайда болатын мұнай қалдықтарын пайдаға асыру бойынша ірі жұмыс атқарылып отыр. Бұл мұнай қалдықтары қоршаған орта үшін өте қауіпті болғандықтан, оны пайдаға асыру біз үшін маңызды экологиялық және экономикалық міндет. Осындай мақсатпен мұнай қалдықтарымен қоректенетін биоағзаларды пайдалануға негізделген биотехнологияны енгізіп отырмыз.

Насостық агрегаттың жиілікпен реттелетін электр жетегін (ЖРЖ) енгізу тәжірибесіне бөлек тоқталғым келеді. «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының құбыр жүргізу тасымалында ЖРЖ-ны сәтті іске қосқан алғаш компания. ЖРЖ-ның көмегімен насостық агрегаттың тиімді әрекет коэффициентінің 95%-ға дейін көтерілуіне қол жеткізілді. ЖРЖ-ны іске қосудың экономикалық әсері - бас мұнай аударатын Қаламқас бекетінде ғана жылына 20 миллион теңгені құрады. Бұл - апатсыз жағдайда магистральді мұнай құбырлары жүйесін қолдау және дамыту мақсатында компаниямыздың жүргізіп отырған ірі жұмысының шағын ғана.

- Жаңа өндірістік объектілерді құрылысына қатысты компанияның қандай жоспарлары бар?

- 2009 жылы компаниямыз «Қазақстан - Қытай Құбыры» ЖШС-мен бірлесе отырып, Қазақстан - Қытай мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің бірінші кезегі Кеңқияқ - Құмкөл құбыр жүргізудің құрылысын аяқтағаны бәрімізге мәлім. Қазіргі кезде біз Қазақстан - Қытай мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегінде жұмыстар атқарып отырмыз. Бұл кезекте Атырау - Кеңқияқ, Құмкөл - Атасу және Атасу - Алашань-коу қолданыстағы учаскелерді дамыту ескеріледі. Әсіресе аталған жобаның шеңберінде мұнайды ауыстырып құю көлемін жылына 12 млн. тоннаға дейін ұлғайту мақсатындағы Кеңқияқ - Атырау мұнай құбырының қайта құруы көзделіп отыр. Бұл үшін учаскенің территориясында 3 аралық мұнай ауыстырып құятын бекеттердің құрылысы жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Қазақстан-Қытай құбыр жүргізудің екінші кезеңінің екінші кезегі Кеңқияқ - Құмкөл учаскесінде 3 аралық ауыстырып құятын бекеттердің құрылысын қарастырады. Бұл бекеттердің құрылысы арқасында аталған мұнай құбырының өткізу мүмкіндігі жылына 20 млн. тоннаға дейін ұлғайтылады. Сонымен қатар, Атасу - Алашанькоу мұнай құбырының өткізу мүмкіндігін жылына 20 млн. тоннаға дейін кеңейту шеңберінде Атасу ГНПС қайта құрылысын және қосымша 3 аралық ауыстырып құятын бекеттердің құрылысын жоспарлап отырмыз. Аталған жұмыстарды 2013 жылға дейін аяқтауды көздеп отырмыз.

- Компанияның басшылығы жұмыстың технологиялық үдерістерінің автоматизациялауына қандай мән береді?

- Қазіргі кездегі кәсіпорынды автоматты бақылау мен басқарусыз елестету мүмкін емес. Техникалық прогресстің ең жаңа соңғы жетістіктерді енгізу бойынша бірегей тәжірибе жинақтағанымызға сіздің назарыңызды аударғым келеді. Кезінде басқарудың автоматты жүйелерін енгізу ірі жұмыстарын жүргізген болатынбыз. Толықтай айтқанда, 2001 - 2009 жылдары автоматика, телемеханика, автоматты түрде өртті сөндіру жүйелерін жаңғырту бойынша кешенді бағдарламаны жүзеге асырып, диспетчерлік бақылау және басқару жүйесін (SCADA) және бекеттік объектілер мен магистральді құбыр жүргізудің сызықтық бөлігіндегі объектілерде қауіпсіздік жүйесін іске қостық. Қазақстан компаниялары арасында SCADA жүйесін ҚТО бірінші болып енгізгенін белгілеп айтқым келеді. Біздің бұл диспетчерлік бақылау және басқару жүйесі әлем жүзіндегі ең ірі дегендердің қатарына жатады. Қазіргі кезде барлық жүйелер компанияның 42 объектісінде жүзеге асырылып отыр, оның ішінде жергілікті, аймақтық, орталық диспетчерлік пункттер, сонымен қатар Астана қаласында Бас диспетчерлік басқарма бар. Жобалау және кейінгі іске асыру барысында әлемнің жетекші өндірушілердің жабдықтауларын қолдануымен озық техникалық шешімдер пайдаланылды. Жүргізілген жұмыстардың арқасында мұнай құбырларын іске асырудағы сенімділігі мен апатсыздық деңгейін айтарлықтай жоғарылату, эксплуатациялық қызметкерлердің жұмысы мен техологиялық жабдықтаудың жай-күйін үздіксіз бақылаумен қамтамасыз ету және жалпы - өндірістік-экономикалық қызметтің тиімділігі мен сапасын бірден көтеруге қол жеткізілді.

- Энергияны сақтау кез келген ірі компания қызметінің маңызды аспектісі және Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының бас принциптерінің бірі. ҚТО энергияны сақтау технологияларын енгізу үшін қандай шаралар ұйымдастыруда?

2009 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯМЫЗ «ҚАЗАҚСТАН - ҚЫТАЙ ҚҰБЫРЫ» ЖШС-МЕН БІРЛЕСЕ ОТЫРЫП, ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ МҰНАЙ ҚҰБЫРЫ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІНІҢ БІРІНШІ КЕЗЕГІ КЕҢҚИЯҚ – ҚҰМКӨЛ ҚҰБЫР ЖҮРГІЗУДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫН АЯҚТАҒАНЫ БӘРІМІЗГЕ МӘЛІМ.

- Былтыр ақпан айында «ҚазТрансОйл» АҚ 2010 - 2014 жылдарға арналған Шығындарды басқару бағдарламасын жетілдірді. Осы құжаттың шеңберінде компания энергия және ресурстарды сақтау технологияларын енгізу жұмыстарын бастады. Ең алдымен, қымбат тұратын электр және жылу энергиясын пайдалануды төмендететін жобаларды енгізу көзделген. Оның қатарында - ЭБЕАЖ (электр энергиясын бақылау және есепке алу автоматты жүйесі). Бұл жүйе ақпаратты жинақтау, жіберу және құжаттау бойынша еңбек шығынын айтарлықтай төмендетуге, электр энергиясының техникалық ысырабын қысқартуға, сонымен қатар электр энергиясын нақты уақыт тәртіптемесінде техникалық және коммерциялық есепке алу, оның үлестік шығынын бақылау мүмкіндігін береді. «ҚазТрансОйл» АҚ энергожүйесінің функционалды аяқталғанын ескере отырып, техникалық есепке алу, әсіресе, ЭБЕАЖ-сі жұмсалған және шығындалған энергия балансын тұрақты бақылау жүргізуге мүмкіндік береді, бұл технологиялық және энергетикалық тәртіпке жауап беретін бүкіл қызметкерлерді тәртіпке салады. ЭБЕАЖ-нің деректерді талдауы мұнай құбырларының жұмысының үнемшіл тәртібін ұстануға, ал ауытқу жағдайында уақытымен оны алдын алу шараларын жүргізуге мүмкіндік береді. Жалпы аталған жүйені іске асыру арқылы электр энергиясының пайдаланатын жалпы көлемнің 10%-на дейін немесе жылына шамамен 40 млн. квт/сағ экономияны есепке алуды көздейміз. Осылайша, ҚТО шын мәнінде қажеттілігі бар жерде «үнемшіл шешімін» жүзеге асырып отыр.

- Алексей Георгиевич, сіздің құбыр жүргізу тасымалы саласында 30-дан астам жыл жұмыс тәжірибеңіз бар, жерасты жөндеулер операторынан жауапкершілікті басқару лауазымдарына дейін профессионалдық өсудің нағыз мектебінен өттіңіз. Осы жылдары іс жүзінде компанияның өндірістік бөлімінде жұмыс істеп, жетекшілік еттіңіз. Құбыр жүргізу тасымалының

ЕҢ АЛДЫМЕН, ҚЫМБАТ ТҰРАТЫН ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ТӨМЕНДЕТЕТІН ЖОБАЛАРДЫ ЕНГІЗУ КӨЗДЕЛГЕН. ОНЫҢ ҚАТАРЫНДА – ЭБЕАЖ (ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ АВТОМАТТЫ ЖҮЙЕСІ).

мерейтойы қарсаңында «ҚазТрансОйл» АҚ-ның ұжымына не айтқыңыз келеді?

- Алдағы келе жатқан мерейтой - бұл біздің компаниямыз үшін ірі қуантарлық жайт. Барлық өткен жылдарын ҚТО сәтті өткізді, көбінесе өндірістік жоспарларын асыра орындап отырды. Мерейтойлық 2010 жыл да бұдан қалыспайды. Өндірісшілер үшін жоспарлар мен міндеттерді орындау табыстың маңызды көрсеткіші болып табылады. Компаниямыздың басты мақсаты - казақстандық мұнайды сенімді тасымалдау. Міндеттің күрделілігі мен жауапкершілігін сезініп отырған ұжым да қойылған міндеттерін уақытынан ерте орындайды. «ҚазТрансОйл» компаниясы қызметінің табысы осыған негізделген. Сондықтан бүгін компанияның бүкіл көп мыңдық ұжымына, жұмыс орнында, объектілерде, ауысымда отырғандардың барлығына кәсібі табыс, зор денсаулық және отбасылық саулық тілеймін!

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ - МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУШЫ ОЗЫҚ КОМПАНИЯ

2010 жыл - Қазақстанның құбыр көлігі үшін ерекше жыл. Осыдан тура 75 жыл бұрын ми далада ең алғашқы Қазақстандық мұнай құбыры - Каспий-Орск телімі іске қосылды. Еліміздің басты қазынасы болып табылатын мұнай Қазақстанның барлық салаларының гүлденуі мен тұрақты түрде дамуының көзіне айналды. Республикада мұнай өндірісімен бірге, қазір Қазақстандық экономиканың қуатты секторына айналған құбыр саласы да қалыптасып, кеңейтіле бастады. Мұнайды өндіру мен тасымалдау - екеуі қатарынан дамыған жағдайда синергетикалық әсерді қамтамасыз ететін екі сала. Әсіресе, әлемдегі негізгі мұнайды өткізу нарықтарынан алшақ орналасқан Қазақстан үшін мұнайды тасымалдау мәселесінің маңызы әрдайым зор болған.

Қазақстандағы магистралдық мұнай құбырлары жүйесінің негізгі салынған күн болып 1935 жылдың 7 желтоқсаны саналады. Бұл күні Ембі мұнайы Каспий - Орск мұнай құбыры арқылы Қосшағыл кен орнынан Орск қаласындағы зауыттың резервуарларына жеткізілді. Алғашқы магистралдық желінің құрылысы қан мен тердің көмегімен күрделі тарихи жағдайда салынды. Қазақ даласы ол кезде аштыққа ұшырап, техниканың, көліктің және материалдардың жеткіліксіздігімен жүргізілді. Ор жолдардың құрылысы көбінесе қолмен жасалып, жұмысшылар жақын маңдағы ауылдардан жиналды. Қолайсыз климаттық жағдай да әсер етпей қоймады: белсенді орта металды 3-4 жылдың ішінде «жеп қойып отырды». Азық-түлік және өнеркәсіп тауарларымен қамтамасыз етуінің тиімді жүргізілмеуі жұмыс күшінің тұрақсыздығына алып келді. Мұнай құбырының құрылысына қатысуы жайлы контрактқа қол қойып, бірақ жұмысқа кіріспей-ақ бірден 300 адамның шығып қалған жағдайлары болды. Осылайша, 1932 жылы басталып, 1933 жылы аяқталуы тиіс құрылыс 1935 жылдың соңында ғана тәмамдалды.

Қазақстанда құбыр көлігінің жеке сала ретінде дамуы 50-ші жылдардың соңында, яғни, жаңа ауыр өнеркәсіп орындарының, әсіресе, қаратүсті металлургия мен машина жасау кешендерінің құрылуы жоспарланғанының әсерінен республиканың мұнай өнімдеріне деген сұранысы артқаннан кейін басталды. Осы кезеңде Қазақ КСР мен КСРО мұнай өндірісі Министрлігі бірнеше бес жылдыққа республиканың құбыр көлігінің даму ауқымын анықтау мақсатын қояды. 1963 жылы Өзен және Жетібай кен орындарынан шыққан мұнайдың Шевченко қаласына тасымалдануы үшін Өзен-Жетібай-Шевченко мұнай құбырының құрылысы басталды. 1969 жылы Өзен-Көлсары-Гурьев мұнай құбыры іске қосылды. 70-ші жылдары Омбы-Павлодар және Павлодар-Шымкент мұнай құбырлары, 80-ші жылдары Теңіз-Гурьев-Астрахань-Грозный магистралдық мұнай құбырының жобасы жоспарланды. Құмкөл кен орнының игерілуіне байланысты 1990 жылы мұнайды Павлодар-Шымкент мұнай құбырына дейін тасымалдау үшін Құмкөл-Қарақойын мұнай құбыры салынды. 1991 жылы Доссор-Мақат мұнай құбыры іске қосылды.

Тәуелсіздікке дейін Қазақстанда құбыр көлігін басқарудың өзіндік тәртібі мен басқару құрылымы болған жоқ. Мұнай құбырларын басқарудың «Главтранснефть» басқаратын кеңестік біртұтас жүйенің орнына жаңа мемлекеттердің жеке құбыр кәсіпорындарының пайда болуы да жағдайды одан сайын қиындатты. Ол бұрынғы КСРО елдерінің мұнай құбыр кәсіпорындарының арасында мұнайды тасымалдау, транзиттеу және өзара жеткізу мәселелері бойынша жаңа өзара қатынас жүйесінің құрылуын талап етті.

Осылайша, саланы реформалаудың негізгі мақсаттары келесідей болды: мұнай құбыр көлігін басқарудың мемлекеттік жүйесін жасау; мұнайды тасымалдау және өзара жеткізуді ұйымдастыру мәселелері бойынша мемлекетаралық қатынастар жүйесін жасау; жекешелендіру мен шетел инвестицияларының тартылуына байланысты салада жаңа ара қатынас жүйесін жасап шығару; экспорт пен отандық мұнай өңдеу зауыттарына мұнайдың қажетті көлемде жеткізілуін қамтамасыз ету; КСРО кезіндегі мұнайды тасымалдау мен бөлісудің біртұтас жүйесінің құлдырауының зардаптарымен күресу.

Мұнай құбыр көлігін басқарудың мемлекеттік жүйесін жасау мақсатымен 1992 жылы Энергетика мен табиғи ресурстар министрлігі, «Мұнайгаз», «Южнефтепровод» және «Қазақстан мен Орта Азияның магистралды мұнай құбырлары» өндірістік ұйымдары ашылды.

1997 жылы Қазақстан Республикасының өкіметінің шешімімен мұнай тасымалдаушы «ҚазТрансОйл» ұлттық компаниясы ашылды. Оған барлық магистралдық мұнай құбырлары мен Батыс Қазақстандағы магистралдық су таратқыштар берілді. Бірнеше қайта ұйымдастырулардан кейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ң еншілес кәсіпорны болып табылатын «ҚазТрансОйл» АҚ-ң қазіргі заманғы тарихы осылай басталған.

Қазіргі уақытта компанияның келесідей активтері бар: жалпы ұзындығы 5 309,7 шақырым мұнай құбырлары жүйесі; жалпы ұзындығы 2 154,8 шақырым су таратқыштар жүйесі; жалпы сыйымдылығы 1 353, 9 тыс. куб. м резервуарлық парк; 34 мұнай тасымалдау станциясы және тағы да басқа нысандар.

1997 жылы «ҚазТрансОйл» ЖАҚ құрылғаннан бастап қазіргі уақытқа дейін бар мұнай құбырларының бәсекелестікке қабілеттілігі мен сенімділігін арттыру мен мұнай тасымалдау үшін жаңа құбырлардың құрылысына, сондай-ақ транзиттік мемлекеттердің жерімен мұнай транзитін қамтамасыз ету үшін келісім базасын әзірлеуге бағытталған орасан зор жұмыс мөлшері атқарылды.

Кеңқияқ-Атырау, Әлібекмола-Кеңқияқ, Солтүстік Бузачи-Қаражамбас, Атасу-Алашанькоу секілді жаңа мұнай құбырлары іске қосылып, Кеңқияқ-Құмкөл құбыры салынды. Атырау-Самара мұнай

ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰБЫР КӨЛІГІНІҢ ЖЕКЕ САЛА РЕТІНДЕ ДАМУЫ 50-ШІ ЖЫЛДАРДЫҢ СОҢЫНДА, ЯҒНИ, ЖАҢА АУЫР ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНЫҢ, ӘСІРЕСЕ, ҚАРА, ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯ МЕН МАШИНА ЖАСАУ КЕШЕНДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖОСПАРЛАНҒАНЫНЫҢ ӘСЕРІНЕН, РЕСПУБЛИКАНЫҢ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНЕ ДЕГЕН СҰРАНЫСЫ АРТҚАННАН КЕЙІН БАСТАЛДЫ.

құбырының өткізу сыймдылығын арттыру іс-шаралары өткізіліп, Ақтау порты мен бірнеше құю және ағызу теміржол терминалдарының қуаттылығы көбейтілді. Жүк жіберушілердің мұнайдың Қытай нарығына жеткізілуіне мүдделі екендіктерін ескере отырып, компания 2000 жылы «Атасу» мұнай тасымалдау станциясында мұнай құю теміржол эстакадасын іске қосты. Құмкөл мұнайының экспорт бағытын диверсификациялау мақсатымен компания қуаттылығы жылына 3 млн. тоннаға жететін Шағыр мұнай құю пунктінің құрылысын тәмамдады. Компания «АК «Транснефть» ААҚ, «Укртранснафта» ААҚ, «Гомельтранснефть» РУП, «Дружба» Новополоцк қаласындағы мұнай тасымалдау кәсіпорны секілді мұнай құбыры жүйелері операторларымен келісімдерге қол қойды. 2008 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ «Batumi Industrial Holdings Limited» компаниясының акцияларын толығымен сатып алды. Бұл келісімнің арқасында компания тұңғыш рет Қара теңіздегі мұнай құбыры активтеріне ие болды.

Жасалған жұмыстардың нәтижесінде тасымалданатын мұнай көлемі жедел өсуде. 1997 жылдан бастап 2009 жылға дейін бұл негізгі өндірістік көрсеткіштің тұрақты түрде өсіп отырғанын көреміз. Егер 1997 жылы компания өзінің магистралдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша 22,9 млн. тонна мұнай тасымалдаса, 2009 жылы бұл көрсеткіш 50,885 млн. тоннаға тең болды. Тасымалданған мұнай көлемінің артуы «ҚазТрансОйл» АҚ магистралды мұнай құбырлары жүйесіндегі жүк айналымын 1997 жылғы 17,2 млрд. тоннадан 2009 жылғы 33,5 млрд. тоннаға дейін арттыруға мүмкіншілік жасап берді.

Жыл сайын компания өзінің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру үшін аямай күш салуда. Тек соңғы жылдардың өзінде ғана кәсіпорында диспетчерлік бақылау және басқару жүйесі, өндірістік қауіпсіздік жүйесі (автоматты өрт сөндіру мен газ сигнализациясы жүйелерін қосқанда) және ҚТО-ң батыс және шығыс бөлімшелеріндегі мұнай құбырларының сызықтық телемеханикасының жүйесі енгізіліп, сәтті түрде қолданылуда.

Компанияның алдында бірқатар басқа да маңызды жобаларды іске асыру мақсаты тұр. Олардың арасында мұнай құбырларында мұнайдың ағып кетуін анықтау мен күзету, электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі, периметрлік күзет сигнализациясы мен бейнебақылау жүйесі, мұнай құбырларының өндірістік және технологиялық нысандары, Ақтау портының 4 және 5 айлақтары мен жобаланып отырған «1237-ші шақырым» қабылдау пунткінде мұнайдың көлемі мен сапасын өлшейтін жүйенің құрылысы және мұнай құбырының құрылысы бойынша жаңа жобалардың іске асырылуына байланысты SCADA жүйесінің иерархиялық құрылымының жаңартылуы бар.

Аталған технологиялардың енгізілуі мұнай құбырлары жүйесінің қолданылуының сенімділігі мен қауіпсіздігінің деңгейін жоғарылатып, технологиялық құрал-жабдықтардың күйі мен қолданушы персоналдың жұмысын үздіксіз бақылап отыруға және жалпы ҚТО-ң өндірістік-экономикалық қызметінің тиімділігін арттыруға жағдай жасады.

«ҚазТрансОйл» АҚ - менеджмент жүйесінің халықаралық стандарттардың талаптарын ең алғаш болып енгізген қазақстандық компаниялардың бірі. Компанияда сапа, экология, денсаулық және қауіпсіздік салаларындағы ИСО 9001:2000, ИСО 14001:2004, OHSAS 18001: 2007 халықаралық стандарттарға сай менеджмент жүйелері бірнеше жыл бойы компанияда сәтті қолданылуда. Компания өз жұмысшыларының қорғалуын ұйымдастыруға әрдайым қаржы шығарып, өндіріс мәдениетінің жоғары деңгейін қамтамасыз етіп, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамытып, өз жұмысының сапалық көрсеткіштерін жақсартуының арқасында 2008 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» жыл сайынғы сайыстың «Ірі кәсіпкерлік субъектілері» тобындағы «Қызмет көрсететін кәсіпорын» номинациясының жеңімпазы атанды

Еліміздегі ең ірі мұнай тасымалдаушы компанияның ең маңызды бағыттарының бірі болып кадр мүмкіншіліктерін арттыру табылады. Қазіргі күнде «ҚазТрансОйл» елдің түрлі аймақтарынан жеті мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп, ертеңін ойлайтын және кәсіби білікті «бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» ұғымының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі деп санайтын компания ретінде кадр саясатына аса көп көңіл бөледі. Сондықтан да, бүгін компанияның кәсіпорындарында еліміздің және шетелдегі жоғары оқу орындарында, профильдік колледждерде, компанияның оқу курстық комбинатында қайта даярлау курсын тәмамдап қайтқан жүздеген білікті мамандар еңбек етуде. Жұмысшыларға деген осындай қатынастың арқасында «ҚазТрансОйл» АҚ-нда көптеген еңбек әулеттері қалыптасты, яғни, балалар ата-аналарының жолын таңдап, компанияның игілігіне олардың істерін лайықты түрде жалғастыруда. Ондаған жылдар бойы мұнай құбыры компаниясының өндірістік нысандарында біліктіліктері аса жоғары мамандар еңбек етуде. Олардың еңбегі компания деңгейінде ғана емес, Қазақстан өкіметінің деңгейінде де танылған. Елдің үздік университтерінің студенттерінің арасынан жас мамандарды тарту үшін ҚТО өткен жылдың өзінде 100-ден астам студентті оқу-өндірістік практикаға қабылдады. Оған қоса, соңғы жылдары Қазақстан-Британ техникалық университеті, Қ.И. Сатпаев атындағы Қазақ техникалық университеті, Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті және Атырау мұнай және газ институты секілді мамандандырылған қазақстандық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастақтық жайлы келісімдерге қол қойылған.

«ҚазТрансОйлдың» қызметінің әлеуметтік жағы жайлы сөз қозғайтын болсақ, осыдан екі жыл бұрын аяқталған тұрмысы нашар ауыл жастарын қолдау жобасын атап өтпеуге болмайды. Осы жобаның шеңберінде Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Атырау облыстарының ауылды аймақтарының әлеуметтік қорғалмаған жастардың арасынан 92 студент ҚТО есебінен өз оқуларын аяқтап, компанияның құрылымдық бөлімшелеріне жұмысқа тұрғызылды.

Төрт жылдан астам уақыт бойы компания жасөспірімдер үшін тәлімгер болды және бұл жас мамандар елдің тоғыз аймағын қамтып, ауылды елді мекендердің маңынан өтетін мұнай құбырларының маңызды телімдерінде қызмет атқаруда. Іс жүзінде ауылдың жас тұрғындары өз мамандықтары бойынша

өз ауылдарынан кетпей-ақ мұнай құбыры саласының ғана емес, сонымен қатар өз ауылдарының дамуына өз септіктерін тигізуде. «ҚазТрансОйл» әлеуметтік жобасы ауыл жастарының жұмыссыздық мәселесін шешуге және мұнай саласы үшін жұмыс кадрларын даярлауға нақты тапсырыстар беру арқылы «бизнес-білім» байланысын күшейтуге, экономиканың мұнай көлігі саласының қалыптасқан қажеттіліктеріне сәйкес аймақтардың кадрлық мүмкіншіліктерін арттыруға бағытталған.

«ҚазТрансОйл» АҚ 20 жылдан астам уақыт бойы Еділ өзенінің суын әлемдегі ең ұзын Астрахань - Маңғышлақ су таратқышының бойымен Қазақстанның ең қуаң аймақтары Атырау және Маңғыстау облыстарының тұтынушыларына жеткізіп келеді. Мұнай өндіруші және өнеркәсіп кәсіпорындарына қоса тұщы сумен су таратқышының бойында орналасқан қалалар мен елді мекендердің тұрғындары қамтамасыз етіледі. «ҚазТрансОйл» АҚ Атырау және Маңғыстау облыстарының аудандарын сумен қамтамасыз етудегі өзінің әлеуметтік жауапкершілігін жете түсінеді. Сондықтан да, 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап компанияның бастамасымен Қазақстан Республикасының табиғи монополияларды реттеу агенттігі Астрахань - Маңғышлақ магистралды су таратқышынан берілетін судың жаңа тарифтерін бекітті. Бұл тарифтер бойынша қарапайым халық, бюджеттік және коммерциялық емес ұйымдар үшін суды қолдану ақысы 3-7 пайызға төмендетілді. Жекелеген аудандарында аталған су таратқыш тұщы судың жалғыз көзі болып табылатын Батыс аймағының тұрғындары үшін бұл шара елеулі көмек болды.

Су таратқышын дамыту және суды қолдану тарифтерінің төмендетілуіне бағытталған жұмысты жүргізе отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау және Атырау облыстарының экономикасының дамуы мен халықты әлеуметтік қолдау ісіне елеулі үлес қосуда. Бұл әлеуметтік жауапкершіліктің мұнай құбыры компаниясы үшін басым бағыттардың бірі болып табылатынын дәлелдейді.

Компанияның әлеуметтік қызметінде қайырымдылық көмек пен демеушіліктің орны ерекше. Ол көбінесе халықтың әлеуметтік тұрғыда аз қорғалған бөлігіне, ардагерлер мен мүгедектер қоғамдықтарына бағытталады. Балаларға ерекше көп назар аударылады. Республикамыздың жас азаматтарынан келіп түскен барлық өтініштер мұқият қарастырылады. Балаларға көмек ретінде жыл сайын айтарлықтай қаражат жұмсалады.

Әлеуметтік көмектің спектрі өте ауқымды. Ол құрылысты, мүгедектердің емделуін ұйымдастыруды, балалар байқауларын өткізудегі көмекті, халықаралық медиафорумдарды қаржыландыруды қамтиды. «ҚазТрансОйл» АҚ көмек көрсеткен балалар ұйымдарының тізіміне Астана қаласындағы балалар ауылы, Аққөлдегі балалар үйі, «Лучик надежды» мүгедек балаларды сауықтыру орталығы және т.б. жатады.

Компания Қазақстан астанасының дамуына да үлес қосты. 2003 жылы Астанада «Каспий» спорт кешені, 170 орындық «Айналайын» балабақшасы және қазіргі заманға сай жабдықталған, кезек сайын 150 келушіні қабылдай алатын «Мейірім» көп профильді емханасы өз есіктерін ашты. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Қазақстанның жас астанысының дамуына қосқан үлесі компанияның «Астана қаласының салынуына қосқан үлесі үшін» дипломымен марапатталуы да дәлелдейді.

Өткенге шолу жасап, «ҚазТрансОйл» АҚ қалыптасуынан бастап қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін, заманауи байланыс, қауіпсіздік, басқару құралдарымен жабдықталған кәсіпорынға айналуына дейінгі кезеңді қарастыра отырып, компаниянаң интенсивті дамуға деген бағытты таңдауы дұрыс шешім болды деп сенімді түрде айтуға болады. 13 жыл ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ қазақстандық мұнайдың жалғыз және ірі тасымалдаушы операторы ретінде өндірістік қызметінің айналымын екі есе арттырып, аймақтарды қолдау мен дамыту ісіне айтарлықтай үлес қосып, жалпы ел экономикасының тіректерінің біріне айналды. Қазіргі күнде мұнай тасымалдауда қол жеткізген нәтижелерінің, ағымдағы шығындарды қаржыландыру, капиталдық салымдар және іске асырылып жатқан инвестициялық жобалар мәселелеріндегі қаржы тәртібінің жоғары деңгейде болуының арқасында компанияның қаржылық позициясы көңіл толарлық. Компанияның қаржылық тұрақтылығы туралы халықаралық рейтинг агенттіктерінің пікірі де сондай. Олардың мәліметі бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстанның корпоративтік секторындағы ең жоғары рейтингтердің біріне ие. Компанияның Каспий суалқабындағы жаңа кен орындарындағы мұнайды тасымалдауға және мұнай экспортының жаңа бағыттарын дамытуға қатысты жоспарлары бар. Бұл «ҚазТрансОйл» АҚ болашақта да Қазақстанның үздік мұнай көлігі компаниясы болып қала береді деген сенімді күшейтеді.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ДЕЙІН ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰБЫР КӨЛІГІН БАСҚАРУДЫҢ ӨЗІНДІК ТӘРТІБІ МЕН БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ БОЛҒАН ЖОҚ. МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫН БАСҚАРУДЫҢ «ГЛАВТРАНСНЕФТЬ» БАСҚАРАТЫН КЕҢЕСТІК БІРТҰТАС ЖҮЙЕНІҢ ОРНЫНА ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЖЕКЕ ҚҰБЫР КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ДА ЖАҒДАЙДЫ ОДАН САЙЫН ҚИЫНДАТТЫ.

БАТУМИДІҢ ҮСТІНЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТУЫ МАҚТАНЫШПЕН ЖЕЛБІРЕЙДІ



Грузияның ең көрікті қалаларының бірі шуақты Аджария өткен аптаның басында қазақстандық журналисттер көп сандық тобы десантын өзінің әуе қақпасын қонақжайлылығымен ашып қарсы алды. БАҚ өкілдері сапарының басты мақсаты - «ҚазТрансОйл» отандық компаниясының шетелдік активтерінің жұмысымен танысу: Транскавказдік көлік коридорының басты құрамдас бөлігі болып табылатын Батуми теңіз порты және мұнай терминалымен танысу.

АЙМАҚТАҒЫ ЕЛОРДАНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ ТҰРҒЫДАН ТИІМДІ ОРНАЛАСУЫ ҚАРА ЖӘНЕ ЖЕРОРТА ТЕҢІЗДЕРІ АРҚЫЛЫ ЕУРОПАҒА, НЕМЕСЕ ӘРІ ҚАРАЙ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МҰХИТҚА КЕЗ КЕЛГЕН ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. «ҚАЗТРАНСОЙЛ»-ДЫҢ БАСҚАРУЫНДАҒЫ ОСЫ ЕКІ КӘСІПОРЫН ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ШЕТЕЛДІК РЫНОКТАРҒА ТІКЕЛЕЙ ШЫҒАТЫН ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ӘРІ БІРЕГЕЙ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ АКТИВТЕРІ БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕДІ.

Қазақстанның аталған Грузиялық компанияларды басқаруға қатысуының тарихы 2007 жылғы қаңтардан бастауын алады. Қазақстаннан қара алтынды тасымалдау бағытындағы әртараптандыру шеңберінде ұлттық оператор «ҚазТрансОйл» АҚ стратегиялық және геосаяси тұрғыдан тиімді орналасқан Грузияның Қара теңіз жағалауындағы активтердің меншік иесі болып табылатын компанияның үлескерлік қатысуын сатып алды. 2008 жылғы ақпан айында тағы бір келісім жасалды, нәтижесінде Батуми мұнай терминалын (БМТ) толық бақылауды сатып алып, Батуми теңіз портын (БТП) басқарудың эксклюзивті құқығын алды. Бұл активтердің қандай зор маңызы бар екені жөнінде көп айта беруге болады, әсіресе ҚТО үшін. Алайда, оның Қазақстан экономикасы үшін жалпы маңыздылығын ерекше белгілеп айту үшін, бір ғана дәлелді келтірсе болады – Еуразияның кіндігінде орналасқан республикамыздың географиялық орналасуы жүктердің ұзын тізімін, ең алдымен, мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау транзиттік мемлекеттердің мұнай тасымалдау терминалдарына тәуелді етеді. Сондықтан, Петр I Ресей үшін Еуропаға терезесін ашса, «ҚазТрансОйл» Қазақстандық мұнай үшін әлемге өз есігін кең ашты деп айтуға толық құқылымыз.

Пресс-тур шеңберінде Аджарияға келген қазақстандық журналисттер де осы «есікке» шолу жасады. Көрген мен естігеннен, әлемге бұл шығу – сенімді қолда, деп басты тұжырым жасауға болады. Қамқорлы қожайын ретінде келешекке жұмыс істеп отырған ҚТО компаниясы «есікті» пайдаланудың ыңғайлылығы үшін, тұрақты түрде оны жетілдіріп, кеңейтіп отырады. Осылайша, бүгін Батуми арқылы жүктердің ірі ағыны тасымалданып отыр. Алайда, осының ар жағында тұрған нағыз жұмыс асыра айтқаннан әлдеқайда алыс, бұл – ауыр және орасан зор жұмыс екенін айта кеткен жөн. Мұны қарапайым мысалдан көз жеткізуге болады: БМТ бас директоры Әбдіров Темірханның айтуы бойынша, 2008 жылы Батуми мұнай терминалы арқылы мұнай тасымалдаудың қазақстандық құрамы 50 пайыздан аспады, ал биылғы жылы бұл көрсеткіш 70 пайыздан кем емес құрайды.

Жалпы алғанда, Батуми арқылы мұнай өнімдерін ауыстырып тиеудің ең жоғары деңгейі 2005-2006 жылдарға келеді. Ол кезде бұл көрсеткіш рекордтық деңгейге жетті – шамамен 12 миллион тонна. Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырын қолданысқа енгізудің салдарынан, әзірбайжандық мұнайдың тасымалдануы қысқартылды. Қазіргі кезде оң үрдіс байқалып отыр – қазақстандық мұнайдың жүк тасқыны ұлғайып келеді. Осылайша, соңғы деректерге сәйкес, биылғы жылғы қаңтар-мауысым айларындағы мұнай мен мұнай өнімдерінің Батуми арқылы тасымалдануы 2009 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 19,2 пайызға өсті. Алайда ең басты әрі ірі көлем әлі алда: Батуми терминалына Қазақстанның қолданыстағы кен орындарынан және Қашағаннан мұнайдың қосымша көлемдері күтілуде. Ал әзірше, бұл жерде қара алтынның келешектегі ағындардың кеңейтілуіне қарқынды түрде дайындалып отыр. Сонымен қатар, Қазақстаннан ғана емес, басқа жүк түрлерін қабылдау бағытында да орасан қызмет дамытылған. Ауқымы кең - 1883 жылы Нобель ағайындылары компаниясының қатысуымен негізі салынған терминалдың территориясы бүгінгі күнде 90 гектар жер алқабын алып отыр. Ескірген инфрақұрылымды жаңа стандарттарға келтіру үшін, «ҚазТрансОйл» компаниясы айтарлықтай қаражат бөліп, инвестициялауды әрі қарай жүргізіп отыр. Ауқымды кеңістікті басқару осылайша орталықтандырылған болатын. Терминалдың кез

келген шетіндегі болып жатқан ахуал-жағдай туралы арнайы пунктқа нақты уақыт тәртіптемесінде ақпарат жеткізіліп отырады. Лабораторияның қызметкерлері мұнай мен мұнай өнімдерінің сапасын тексеріп отырады. «ҚазТрансОйл» компаниясы тұтынушыларына, олардың арасында ExxonMobil, Chevron, BP және т.б. бар, қызмет сапасына кепілдік етеді, - дейді Әбдіров Темірхан. – жалпы көлемі 750 мың куб метр сұйыққоймалар паркі шикі мұнай мен оның өнімдерінің 22 түрін сақтап, кейін тасымалдау мақсатында қабылдауға мүмкіндік береді. Әр түрлі өнімнің түріне сәйкесінше, өз қоймалары қарастырылған, осының арқасында өнімді қабылданған күйінде кейінгі тасымалдауға мүмкіндік береді.

Батуми терминалының ерекшеліктерінің бірі – бүкіл Қара теңіз жағалауында сұйылтылған газды сақтау және тиеу осы жерде ғана жүзеге асырылады. Шығанақтың табиғи терендігі 15 метр болуы терминалға дедвейті 130 мың тоннаға дейін кемелерді қабылдауға мүмкіндік береді. Қала көшелерін пальмалар мен гүлденген магнолиялар көркейтсе, оның акваториясын сөзсіз ірі танкерлер безендіреді. Оларға Батумиде жағадағы кеме аялдайтын үш орыннан және шығармалы кеме аялдайтын орынға қатысты құрылғыдан (ВПУ) мұнай өнімдерін құю жүзеге асырылады. ВПУ көмегімен құю технологиясы мінсіз болып табылады, тіпті мұнайдың теңізге құйылып кетуі мүмкін емес. Шикізат шығанақтың түбімен жүргізілген құбырлар арқылы кемелерге жіберіледі. Алайда, мұнайды көлікке ауыстырып құйғанда, басқа әдістерді қолданған кезде де осындай мінсіздікті байқауға болады. Тұрақ және тиеу аумағындағы теңіз өте таза, су үстінде өзіндік май дақтары жоқ. Мұнайды темір жол цистерналарына ауыстырып құю аймағында да бірде-бір мұнай дағы жоқ. Әсіресе, терминал жылына 15 миллион тоннаға дейін мұнай құятын жүкті аударуға қабілетті екені таңданарлық. Көргенге сүйене отырып, бұл жерде экологиялық қауіпсіздікке жоғары көңіл бөлінеді деп тұжырымдауға болады. Бұл пікірді компанияның қызметкерлері де растайды.

«Батуми мұнай терминалы Грузиядағы бір уақытта үш халықаралық сапа сертификатын алған алғашқы компания болып табылады, - деп, HSSE менеджері Георгий Киладзе әңгімелейді. – Сөйтіп, өткен жылы біз Сапа менеджменті жүйесі 9001, Экологиялық менеджмент жүйесі 14001 және Қоршаған ортаны қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесі OHSAS 18001 бойынша халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келу сертификаттарын алдық. Бұл біз үшін ерекше мақтанарлық жайт – өйткені бұл бүкіл ұжымның үлкен әрі еңбекті көп қажет ететін жұмысының нәтижесі». Компанияның өкілі айтып өткендей, қауіпсіздік және экология мәселелері жөнінде жұмыс берушіге деген Грузияның заңдылығы жылы көзбен қарайды, алайда, қазақстандық компанияның келуімен, оның активтерінің жұмысына қатысты талаптар айтарлықтай жоғарылатылды. Компанияның өзі! Георгий Киладзе айтып өткендей, кейбір пункттер бойынша әлемдік стандарттармен салыстырғанда, «ҚазТрансОйл» өзінің қатаңдау қызмет стандарттарын қолданады. «БМТ және БТП инфрақұрылымын жетілдіру жобаның экологиялық жағын жақсартумен берік байланыста, - дейді ол, - мысалы, эстакадаларда газ улағыш құрылғылар жүйесі құрған кезде, бір уақытта атмосфераны зиянды қоспалардан қорғап отырамыз, сусіңгіш жүйені жетілдіру жер асты сулардың ластануымен тиімді күресуге мүмкіндік берді, мұнайды ауыстырып құюға арналған сорғы стансаларын қайта құру оның қауіпсіз жұмысының мерзімін ұлғайтады. Осындай сияқты мысалдар өте көп».

Георгий Киладзенің айтуы бойынша, қазақстандық компания жүргізіп отырған өндірістің қоршаған ортаға деген кері әсерін тигізуді барынша азайту және жеңілдетуге бағытталған қоршаған ортаны қорғау қызметіне экологиялық қауіпсіздік бойынша халықаралық аудиторлар бірнеше рет жоғары баға берген. Алайда, менің әңгімесушім айтқандай, ең бастысы – ҚТО-ның БМТ мен БТП басқаруына кіргеннен бері бірде-бір штаттан тыс жағдай орын алмаған. Үлкен өндіріс швейцарлық сағаттар тәрізді нақты әрі үйлесімді жұмыс істейді. Әрине мұндай жұмыс тұрақты инвестицияларды қажет етеді, оған «ҚазТрансОйл» компаниясы сараңдық танытпайды

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» КОМПАНИЯСЫ БАСҚАРЫП ОТЫРҒАН БАТУМИ МҰНАЙ ТЕРМИНАЛЫ МЕН ТЕҢІЗ ПОРТЫНЫҢ АЙМАҚ ЖӘНЕ ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАСЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІРІНДЕГІ РОЛІ ЖӨНІНДЕ АДЖАРИЯ ҮКІМЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ЛЕВАН ВАРШАЛОМИДЗЕ ДЕ АЙТЫП ӨТТІ. ЖҰМЫСТЫҢ ҮЛКЕН КӨЛЕМІНЕ ҚАРАМАСТАН, БҮГІНГІ КҮНДЕ АДЖАРИЯ БІР ІРІ ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫ ТӘРІЗДЕС ЕКЕНІН БЕЛГІЛЕГЕН ЖӨН.

да. «Қашағаннан келетін көп мұнай уақыты жеткенде, мөлшердің айтарлықтай ұлғаюына қарамастан, мұнай терминалы мен порт қауырт түрде емес, штаттық кесте бойынша жұмыс істеуіне сенімді болуымыз керек», - дейді ҚТО қызметкерлері. Әлеуметтік және қайырымдылық қызмет салалары шеңберінде де компания айтарлықтай қаражат бөліп отырады. 2010 жылы қайырымдылыққа шамамен 285 мың доллар қаражат бөлінуі жоспарланып отыр. Орташа жалақы мөлшері 200-300 долларды құрайтын аймақ үшін бұл ең жоғары қатысу көрсеткіші болып есептеледі.

«ҚазТрансОйл» компаниясы басқарып отырған Батуми мұнай терминалы мен теңіз портының аймақ және елдің экономикасы мен әлеуметтік өміріндегі ролі жөнінде Аджария үкіметінің төрағасы Леван Баршаломидзе де айтып өтті. Жұмыстың үлкен көлеміне қарамастан, бүгінгі күнде Аджария бір ірі құрылыс алаңы тәріздес екенін белгілеген жөн, ол қазақстандық журналисттермен өз ықпалындағы аймақтың бүгіні мен келешегі туралы айту үшін кездесуге келісті. Әрине, сұхбат барысында қазақстандық инвесторлардың қызметі көңілсіз





қалған жоқ. Аджарияның дамуына маңызды үлесін қосқаны үшін біздің бизнесмендерге ризашылығын білдіріп, олардың бизнес жүргізу тәртібі басқа инвесторлар үшін үлгі болуы тиіс деп есептейді. Порт пен терминалдың жұмысы тек республикалық бюджетке айтарлықтай аударымдар түсіріп қана қоймайды, сонымен қатар, Леван Варшаломидзенің ойынша, ең бастысы – шамамен екі мыңдай отбасын жақсы өмір жағдайларымен қамтамасыз етеді. «Батуми мұнай терминалы мен теңіз порты қаланың құрылысына қатысты қала кәсіпорны болып табылады, олардың жұмысы әрқашан да көзіміздің алдында болды – Аджария үкіметінің төрағасы деп белгілейді, - қазақстандық компанияның келуімен соңғы екі жыл ішінде оның даму стратегиясының оң жаққа қарай өзгеруін көру үшін ешқандай аналитикалық зерттеулер жүргізіп керек емес». Компания-инвестор туралы жақсы сын-пікірден кейін, Аджарияның басшысы басқа қазақстандық компанияларды «Қара теңіздің ең қарқынды дамып келе жатқан аймағына» көңіл бөлуге шақырды...

Сапардың соңына қарай, көрген мен естігеннен кейін, мен шынымды айтайын, Батуми портының флагштоктағы грузиялық және Еурокеңестік жалауларымен қатарласып желбіреген Қазақстанның туына басқа көзқараспен қарайтын болдым. Лепірмелі естілсін, алайда Отанымыздан мыңдаған шақырым жерде атқарған жұмысы үшін құрмет пен қадірге ие болған өз елім мен халқым үшін мақтаныш сезіміне бөлендім.

САПАРДЫҢ СОҢЫНА ҚАРАЙ, КӨРГЕН МЕН ЕСТІГЕННЕН КЕЙІН, МЕН ШЫНЫМДЫ АЙТАЙЫН, БАТУМИ ПОРТЫНЫҢ ФЛАГШТОКТАҒЫ ГРУЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЕУРОКЕҢЕСТІК ЖАЛАУЛАРЫМЕН ҚАТАРЛАСЫП ЖЕЛБІРЕГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТУЫНА БАСҚА КӨЗҚАРАСПЕН ҚАРАЙТЫН БОЛДЫМ.

«КАЗТРАНСОЙЛ» ЖӘНЕ «ТРАНСНЕФТЬ»: ТҰРАҚТЫ ӘРІПТЕСТІК

Николай Петрович, «КазТрансОйл» АҚ және «АК Транснефть» ААҚ-ны бұрыннан келе жатқан берік серіктестік қатынастар байланыстырады. Көп жағдайда бұл Қазақстан мен Ресейдің көптеген қызмет салаларындағы, әсіресе энергетикалық саладағы өзара тығыз қарымқатынастарымен ескертіледі. Екі ірі мұнай тасымалдау компанияларының тұрақты және өзара тиімді ынтымақтастығын қазіргі күнде Қазақстанның экспортқа шығатын мұнайдың 70%-дан астамы Ресей территориясы арқылы тасымалдануынан көруге болады. «КазТрансОйл» және «Транснефть» компаниялары арасындағы қатынастардың деңгейін қандай деп бағалайсыз? Табысты ынтымақтастықтың қандай мысалдарын келтіре аласыз?

Біздің компанияларды шын мәнінде мықты серіктестік қатынастар байланыстырады. Ресей - Қазақстан үкіметаралық 2002 жылғы 7 мауысымдағы Мұнай тасымалдау туралы келісімге қосымша болып келетін протоколға үкіметаралық деңгейде 2009 жылдың қараша айында қол қойылған. Протоколға сәйкес, екі жақ мұнай тасымалдаудың көлемі мен бағыттары жөнінде келісті. Нәтижесінде 2020 жылға дейінгі кезеңде Ресей территориясы арқылы қазақстандық мұнайдың транзиті жылына 69 млн. тоннадан кем емес көлемде болуы тиіс (2009 жылғы 45 млн. тоннамен салыстырғанда). Осыған қатысты инвестициялық жобалар бойынша және құбыр жүргізудің толтырылуын қамтамасыз ету мақсатындағы екі жақтың ниеттерін нығайту үшін мұндай уағдаластықтар өте қажет.

Табысты ынтымақтастықтың тағы бір мысалы ретінде қазақстандық мұнай жер қонауларын Қара теңіз порттарымен байланыстыратын құбырды басқаруды жүзеге асыратын Каспий құбыр консорциумы (ККҚ) шеңберіндегі өзара әрекет етуді атап өтуге болады. Ынтымақтастықтың жоғары деңгейінің арқасында ККҚ-ды кеңейту бойынша негізгі келісушіліктерге қол жеткізілді, бұл келісушіліктер 2008 жылғы желтоқсан айында сәйкес меморандумда бекітілді. ККҚ-дың кеңейтілуі нәтижесінде жүйе арқылы мұнай тасымалдаудың көлемі 67 млн. тоннаны құрайды (антифрикциялық орнатуларды есепке алмағанда). Қазіргі кезде ККҚ кеңейту жобасын жүзеге асыру белсенді түрде жүріп отыр.

Қазақстан әріптестерімен ынтымақтастық Қара теңіз бассейнінен мұнай тасымалдау желілерін әртараптандыру/диверсификация жобалары бойынша ақпаратпен алмасу түрінде де жүзеге асырылып отыр, біздің қазақстандық әріптестер Қара теңіз бассейнінен мұнай тасымалдау желілерінде қатысуға деген өздерінің ниеттерін білдірген болатын. Бұл - Босфор және Дарданелла бұғаздарының жүктелуін төмендетуге бағытталған «Самсун-Джейхан» және «Бургас-Александруполис» мұнай құбырлары жобалары.

Таяудағы келешекте Қазақстан қолданыстағы және Каспий теңізіндегі Қазақстан секторының перспективалық мұнай қойнауларында мұнай өндіруді едәуір ұлғайтуды жоспарлап отыр. Бұл мұнайды әлемнің энергетикалық рыноктарына жеткізу көмірсутек шикіза-тын тасымалдау қолданыстағы желілерін әртараптандыруды/диверсификациялауды қажет етеді. Бүгінгі күнде Қазақстан бірнеше вариантты қарастырып отыр, оның ішінде: Баку – Қара теңіз Оңтүстік коридорын құру бойынша жобаға қатысу, Қазақстан – Қытай құбырының қуаттылығын жоғарылату және т.б. Ресей территориясы арқылы транзит үшін қазақстандық мұнайдың перспективалық көлемін келтіруге деген Транснефть жағынан мүдделілік бар ма? Егер бар болса, осы мақсатта компания қандай іс-шаралар жүргізуде? Болашақ қазақстандық жеңіл мұнайдың Ресей территориясы арқылы транзитінің басқа бағыттар алдында қандай артықшылықтары бар?

«АК Транснефть» ААҚ Ресей территориясы арқылы тасымалданатын Қазақстандық мұнай көлемін арттыруға деген қызығушылығы бары сөзсіз. Осыған байланысты Қазақстанның премьер-министрі К. Мәсімовтың жақында ғана Ресейлік баспасөзінде аталып өткен сөзін белгілегім келеді, оның мәлімдеуінше, «Ресей қанша шикізатты өндей алатынына байланысты, Қазақстан сонша шикізатты Ресей территориясы арқылы экспорттайды». Екі мемлекеттің өзара қызығушылық танытуы уақыт өте Ресей территориясы арқылы тасымалданатын қазақстандық мұнай көлемінің іс-жүзіндегі елеулі арттырылуына айналады деп сенімдемін. Аталған сұрақ бойынша оң динамиканы қамтамасыз етуге арналған бірқатар шарттар жасалған.

Жоғарыда атап өткен протокол бойынша келісілетін жақтардың уәделесуіне байланысты, Ресей және Қазақстан территориялары арқылы (көбінесе бұл «АК Транснефть» ААҚ қатысты) транзит режимі түрінде жеткізілетін мұнай тасымалдау қызметтерінің төлемдері 2009 жылғы 1 қараша күнгі тарифтер арқылы жүргізіледі. Іс жүзінде бұл тарифтердің мұздатылуын білдіреді, өйткені оның өлшемі жыл сайын инфляцияның ғана деңгейіне байланысты индекстеленуі мүмкін. Сонымен қатар, транзиттік тарифтер транзиттік емес

«АК ТРАНСНЕФТЬ» ААҚ РЕСЕЙ ТЕРРИТОРИЯСЫ АРҚЫЛЫ ТАСЫМАЛДАНАТЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҰНАЙ КӨЛЕМІН АРТТЫРУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ БАРЫ СӨЗСІЗ.

режимдегі мұнай тасымалдауға бекітілген тарифтерден жоғары болмауы тиіс. Ал қазақстандық мұнайды тартудың қосымша артықшылықтарын беруге келетін болсақ, бұл жерде «АК Транснефть» ААҚ мемлекеттік табиғи монополия беделін ескерген жөн. Тиісінше, «АК Транснефть» ААҚ қызметтерінің тарифтері Тарифтер бойынша федералдық қызмет тұлғасы ретінде мемлекетпен бекітіледі. Осылайша, қайсыбір желі арқылы мұнайдың транзиттік тасымалдауына қолайлы жағдайлар жасаудағы маңызды рөл мемлекеттің құзыретінде болып табылады және үкіметаралық бақылау саласына жатқызылады.

Келешекте «АК Транснефть» ААҚ магистраль құбырлары арқылы Қазақстандық мұнайды тасымалдаудың перспективалық ұлғайтылуы жөнінде, «КазТрансОйл» АҚ-ғы біздің әріптестерімізбен бірлесе отырып, Атырау - Самара мұнай құбырының өткізу мүмкіндігін жылына 15 млн тоннадан 25 млн тоннаға дейін ұлғайту бойынша техникалық-экономикалық негіздеме жасағанын белгілеп айтқым келеді. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің көрсетуінше, Қазақстандық жүк жіберушілер үшін экономикалық жағынан тартымдылық бойынша бұл желі ККҚ-дан кейін екінші болып келеді. 2010 жылдың соңына қарай Қазақстан Республикасы территориясында мұнай өндіретін компаниялардың Атырау - Самара мұнай құбырының ұлғайтылған қуаттылығын толтыруға қатысты ақпаратты беретіні күтіліп отыр, осы ақпараттың негізінде жобаны дамытудың алдағы әрекеттері жөнінде шешім жасалады.

Николай Петрович, қазақстандық алғашқы Каспий – Орск мұнай құбырының іске қосылуы күнінен бастап, биылғы жылы Қазақстанның құбыр көлігі өзінің 75 жылдығын атап отыр. Осынау бір мерейтойлық жылы қазақстандық әріптестеріңізге қандай тілек айтқыңыз келеді?

Ең алдымен, қазақстандық әріптестерімді мерейтой күнімен құттықтап, Каспий - Орск жобасы бойынша жұмысымыз көпжылдық жемісті ынтымақтастығымыздың бастауы екенін белгілеп айтқым келеді. Қазақстандық мұнайды ресейлік Орынбор мұнай өңдеу зауытына тасымалдауға арналған осы құбырдың жобалануына «АК Транснефть» ААҚ-ның еншілес кәсіпорны «Гипротрубопровод» ААҚ соғысқа дейінгі жылдардың өзінде-ақ қатысты. Сол кезден бері біздің тараптарымыз арасында инфрақұрылымдық байланыстар жоспарлы түрде тұрақты нығайтылып, кеңейіп отырды. Бүгінгі күнде Ресей мен Қазақстанның құбыр жүргізу жүйелерінің ықпалдастық үдерісі энергетика саласындағы тиімді мемлекетаралық ынтымақтастықтың көрнекті мысалы болып табылады. «АК Транснефть» ААҚ және «КазТрансОйл» АҚ арасындағы ұзақ мерзімді өзара тиімді қарым-қатынастардың дамуын евразиялық континенттегі глобальді энергетикалық қауіпсіздікті камтамасыз етуге бағытталған стратегияның құрылымдық бөлігі ретінде қарастырамыз. Біз қол жеткізген серіктестіктің осындай деңгейі бірлескен қызметтің келешегін анықтайды деп сенемін. Сондықтан да Қазақстанның құбыр жүргізу саласының 75 жылдығында әріптестерімізге жинақтаған әлеуетін тиімді пайдаланып, жоғары іскер беделін ұстап, қуат көздерін әлемдік рыноктарға тасымалдаудың экономикалық тиімді желілерін табысты жетілдіруге тілектеспін.

ДУМАН

ГОСТИНИЧНЫЙ КОМПЛЕКС

★ ★ ★



В отеле 213 комфортабельных номеров, из них 168 стандартных номеров,
30 номеров класса люкс с одной спальней,
13 номеров класса люкс с двумя спальнями и 2 Президентских номера.

БИЗНЕС-ЦЕНТР • ФИТНЕСС-КЛУБ • РЕСТОРАНЫ • КАФЕ • КИНОЗАЛЫ • БОУЛИНГ • БИЛЬЯРД • НОЧНОЙ КЛУБ
ТОРГОВЫЙ ПАССАЖ • ВЫСТВОЧНЫЙ ПАВИЛЬОН • КОНФЕРЕНЦ ЗАЛ

Казахстан, 010000, г. Астана, Кургальжинское шоссе, 2А.
тел.: +7 7172 79 15 00, факс: +7 7172 79 15 15
e-meil: duman_hotel@kmg-service.kz

СЕРІКТЕСТІККЕ МЕМЛЕКЕТ ТЕ, БИЗНЕС ТЕ МҮДДЕЛІ

К*енжебек Ниязұлы, редакциямыздың сауалдарына жауап беруге келіскеніңіз үшін алғыс білдіреміз.*

- Сөзімді Қазақстан Республикасының құбыр көлігінің 75-жылдығына орай құттықтаудан бастауға рұқсат етуіңізді өтінемін. Бұл мұнайгаз саласында қызмет ететін мамандар мен компаниялар үшін ғана емес, жалпы еліміз үшін маңызды күн. «ҚазТрансОйл» компаниясының Қазақстанның құбыр көлігінің дамуы мен қалыптасуына тигізген үлесі аса бағалы. «ҚазТрансОйл» өз қызметіне кіріскен уақыттан бастап, орасан зор жұмыс атқарылды. Саланың үздіксіз қызмет етуі үшін магистралдық мұнай құбырлары салынып, қолданысқа тапсырылды, қазақстандық мұнайды шетелдік тұтынушыларға жеткізіп берген жаңа экспорт бағыттары пайда болды. «ҚазМұнайГаз» БарлауӨндіру АҚ ұжымының атынан «ҚазТрансОйл» компаниясының барлық қызметкерлерін бұл елеулі күнмен құттықтай отырып, зор денсаулық пен жаңа жеңістерге жетуді тілеймін.

- Кенжебек Ниязұлы, бүгін көптеген отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында ҚМГ БӨ-ң жаңа кен орындарына ие болғаны жайлы ақпарат берілуде. Бұл жобалар жайлы өзіңізден ақпарат алсақ деп едік.

- Жақында ғана «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясымен келісімнің негізінде ҚМГ БӨ «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-ң 50%-дық, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС-ң 51%-дық және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ң 50%-дық үлестеріне ие болды.

- Бұл келісімдердің жалпы сомасы қанша?

- Бұл үш активті сатып алудың құны 750 млн. АҚШ долларын құрады. Оның 350 млн. АҚШ доллары «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-ң 50%-дық үлесіне, 70 млн. АҚШ доллары «Қазақтүрікмұнай» ЖШС-ң 51%-дық үлесіне және қалған 330 млн. АҚШ доллары «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ң 50%-дық үлесіне тиесілі. Келісімдердің қаржылындарылуы ҚМГ БӨ-ң өз қаражатынан жүргізіледі.

- Сәйкесінше, бұл жаңа сатып алулар жалпы өндірістің өсу мөлшерінің артуына алып келеді ме?

- Иә, әрине. Алдын ала болжамдар бойынша бұл келісімнің нәтижесінде ҚМГ БӨ-ң жалпы өндірісінің өсу мөлшері 27%-дан асуы тиіс, ал 2Р категориясындағы дәлелденген және болжанған қорлар көлемінің өсімі 406 млн. баррельге (18.5%) тең болады. «Қазақойл Ақтөбе», «Қазақтүрікмұнай» және «Маңғыстаумұнайгаз» компанияларының үлесін иелену біздің даму стратегиямыздың бір бөлігі болып табылады және Қазақстандағы мұнайгаз активтерінің біріктірілуіндегі ҚМГ БӨ-ң маңыздылығының тағы да бір дәлелі. Бұл келісімдер бізге өндіріс көлемі мен ресурстық негізді ұлғайтып, біздің Қазақстандағы қызмет аймағымызды арттырады.

- «ҚазТрансОйл» АҚ-мен серіктестік байланыстарыңыз туралы айтып берсеңіз.

- «ҚазТрансОйл» АҚ-мен ынтымақтастығымыз ҚМГ БӨ құрылғаннан бастау алады. Өндірілген мұнай толық көлемде ішкі нарыққа да, экспортқа да «ҚазТрансОйлдың» құбыр жүйесі арқылы тасымалданады.
Осы жылдың өзінде-ақ ішкі нарық үшін 2,2 млн. тонна мұнай тасымалдауды жоспарлап отырмыз. Ал экспортқа «Атырау-Самара» құбыры арқылы 4,1 млн. тонна мұнай тасымалданады. Сонымен қатар, 4,1 млн. тонна мұнай одан әрі Каспий Құбыр Косорциумы жүйесі арқылы тасымалдану үшін «ҚазТрансОйл» құбырлары арқылы жеткізіледі.
ҚМГ БӨ-ң дамуының ең негізгі бағыттарының бірі болып жаңа кен орындарының үлестерін иелену, ал ұзақ мерзімде геологиялық барлау арқылы ресурстық базаның кеңейтілуі мен өндіріс көлемін арттыру табылатынын атап өткім келеді. Осыған орай, біз үшін қазақстандық құбыр жүйесінің тиімді жұмыс істеуі мен одан әрі дамуы аса маңызды. Олай болса, Қазақстанның біртұтас құбыр операторы болып табылатын «ҚазТрансОйлдың» маңыздылығы аса жоғары.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫМЫЗ ҚМГ БӨ ҚҰРЫЛҒАННАН БАСТАУ АЛАДЫ.

АҚ ЖӘНЕ КЕҢ ЖОЛҒА ДЕГЕН ҰМТЫЛЫС

МӘСЕЛЕ ТАРИХЫ: Қазақстанның құбыр көлігі саласының 75-жылдық жемісті тарихы бар. Оның ішінде, 1997 жылдан бастап Қытайдың ұлттық мұнай корпорациясы(ҚҰМК) құбыр саласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) және «ҚазТрансОйл» (ҚТО) секілді қазақстандық мемлекеттік кәсіпорындарымен жұмыс істей бастады. Өткен кезеңді талдап қарасақ, екі мемлекеттің кәсіпорындарының арасында бір-біріне деген сенімділіктің әрдайым артып отырғандығын, мұнай құбырының тұрақты түрде ұзарып отырғандығын және мұнай құбыры арқылы тасымалданатын мұнай көлемінің тұрақты өскенін байқаймыз. Қазақстан мен Қытайдың ең алғашқы бірлескен жобасы Кеңқияқ-Атырау құбырынана бастап, Атасу-Алашанькоу және Кеңқияқ-Құмкөл телімдерін қосқанда, барлық жобалардың жалпы ұзындығы 2207 шақырымға жетеді. Тасымалданатын шикі мұнайдың мөлшері 61 млн. тоннаны құрады.

Осыдан екі мың жылдан астам заманның өзінде-ақ халықтар арасындағы мәдени және тауарлық алмасуды жүзеге асырған адамдардан құралған керуендер аталмыш «Жібек Жолын» шарлап жүрген болатын. Бүгін энергетикалық ресурстарды тасымалдау үшін салынған бұл құбыр Азиядан Еуропаға дейінгі кеңістікті кесіп өткен ежелгі жолға дем беріп, бірте-бірте энергетикалық жолға айналуда. Қазақстан-Қытай құбыры алғашқы мемлекетаралық жоба ретінде 2003 жылы екі мемлекеттің басшыларының қатысуымен ашылды. Еліміздің батысында Атырау қаласынан бастау алатын бұл құбыр бүкіл елімізді кесіп өтіп, Қазақстан-Қытай шекарасындағы Алашанькоу қаласында дейін жетеді. Осылайша, бұл мұнай құбыры Қазақстандық энергетиканың маңызды телімі болып табылады.

I. Өзара тиімділік пен тарихи мүмкіншілік үшін бірлесіп жауап беру

Қазақстан - Қытай құбыры екі ел басшылығының бақылауындағы, екі халықтың арасындағы достықтың дамуы мен экономикалық өсуге әкелетін жоба болып табылады. Құбырдың қысқа мерзімде салынуы екі елдің энергетикалық кешендері кәсіпорындарының арасындағы ынтымақтастықтың терең екендігін ғана емес, сонымен қатар, екі ел арасындағы мұнайгаз саласындағы ынтымақтастықтың күшейгендігін көрсетті. Сондықтан да, «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС үлкен жауапкершілікке де, тарихи мүмкіншілікке да тап болды. Қытай жайлы әңгімелесек, әсіресе, бұл құбырдың Азияның құрлықтық бөлігімен өтетінін ескере отырсақ, бұл құбырдың энергетикалық ресурстардың тұрақты және сенімді жеткізушісі екендігін, Қытайдың батыс аймақтарының экономикасының дамуының қозғаушы күші болатындығын атап өтпеуге болмайды. Каспий теңізінің қазақстандық жағалауы мен оның құрлықтық суалқабы белгілі көмірсутек қорлары жөнінен әлем бойынша үшінші орынға ие. Алайда, таза құрлықтық ел болып табылатын, яғни, теңізге шығар жолы жоқ Қазақстан көмірсутекті сыртқа шығару мәселесін шешу үшін Қазақстан-Қытай құбырын салды. Бұл қадам елдің экспорттық мүмкіншіліктерін артуына жағымды әсер етумен қатар, Қазақстанның басқа да салаларының дамуының қозғаушы күшіне айналды және мұнай құбыры өтетін аймақтардың экономикаларының дамуына алып келді. Мысалы, құбыр Қазақстанның батысындағы халқы сирек аймақтарды кесіп өтеді. Құрылыс барысында жолдар мен сыртқы электр желілерінің салынуы елдің батысы мен шығысы арасындағы экономикалық байланыстың жақсаруына әсер етті. Экология саласында «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС қоршаған ортаға зардап келтірмеу, ластануға орын бермеу, Қазақстан-Қытай құбырын «жасыл мұнай құбырына» айналдыру қағидаларын ұстанады.

II. Шынайы ынтымақтастық жедел дамуға мүмкіншілік жасайды.

Мұнай құбырының құрылысы мен қолданысына шолу жасай отыра шартты түрде төрт кезеңді бөліп қарауға болады:

Бірінші кезең: алдын ала тексеру кезеңі. Бұл кезең Кеңқияқ-Атырау телімін қамтиды. «Қазақстандағы ҚҰМК (халықаралық)» пен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасындағы ұзақ келіссөздердің нәтижесінде 2001 жылы жал-

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚҰБЫРЫ АЛҒАШҚЫ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ЖОБА РЕТІНДЕ 2003 ЖЫЛЫ ЕКІ МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН АШЫЛДЫ.

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚҰБЫРЫ ЕКІ ЕЛ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ БАҚЫЛАУЫНДАҒЫ, ЕКІ ХАЛЫҚТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚТЫҢ ДАМУЫ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУГЕ ӘКЕЛЕТІН ЖОБА БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

пы ұзындығы 448,5 шақырым, жобалық қуаттылығы 6 млн. тонна құрайтын Кеңқияқ - Атырау мұнай құбырының салынуы туралы келісімге қол қойылды. Тараптардың қатысуы келесідей болып бөлінді: қытайлық тарап кәсіпорын акцияларының 49%-ына ие болса, Қазақстан тарапы акциялардың 51%-н иеленді.

29.03.2003 ж. күні Кеңқияқ-Атырау телімі ресми түрде қолданысқа берілді. Ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Премьер-министрі мен ҚҰМК бас директорының орынбасары У Яовэнь мырза қатысты. Аталған мұнай құбыры бұрын шикі мұнайды тек теміржол көлігі арқылы тасымалдап жүрген Кеңқияқ және Жаңажол кен орындарының экспорттық мәселелерін шешіп беріп, мұнайдың халықаралық нарықтарына жол ашты және Қазақстан мен Қытай арасындағы құбыр саласындағы ынтымақтастықтың негізін қалап берді.

Екінші кезең: даму кезеңі. Бұл кезең Атасу-Алашанькоу телімін қамтиды. 03.06.2003 ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао мен ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының бірлескен мәлімдемесіне» қол қойды, ал 2004 жылы Назарбаев мырзаның ҚХР-ға сапары барысында «Атасу, Қазақстан Республикасын - Алашанькоу, Қытай Халық Республикасы мұнай құбырынн салудың басты қағидалары туралы Қытайдың Ұлттық Мұнай Корпорациясы мен «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ арасындағы Қазақстан - Қытай құбырының салынуы туралы Келісімге» қол қойылды. Осы құжатқа қол қойылуын екі елдің мұнай кәсіпорындары арасындағы ынтымақтастықтың басталуы деп санауға болады. Бұл ынтымақтастықтың дамуын жеделдету үшін ҚТо мен CNODC компанияларының тең қатысуымен (50:50) «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС ашылды. Атасу - Алашанькоу телімінің құрылысы 28.09.2004 басталып, 15.12.2005 аяқталды. Атасу - Алашанькоу телімінің өнімділігі жылына 10 млн. тоннаны құрайды. Оның құрылысы мен іске асырылуы Қазақстанның шикі мұнай экспортының диверсификациялануына алып келеді.

Үшінші кезең: қалыптасу кезеңі. Бұл кезең Кеңқияқ-Құмкөл телімін қамтиды. 20.12.2006 «Қазақстан - Қытай мұнай құбырының екінші кезегін салудың басты қағидалары туралы Қытайдың Ұлттық Мұнай Корпорациясы мен «ҚазМұнайГаз» арасындағы Келісімге» қол қойылды. Ал 18.08.2007 аталған келісімге қоса №1 қосымша келісім бекітілді. «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС құбыр иесі ретінде 17 айдың ішінде Кеңқияқ-Құмкөл телімін салып бітірді. 18.12.2007 басталған құрылыс жұмыстары 16.07.2009 аяқталды. Осы телімнің пайдалануға берілуі Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастақтың аса тиімді екендігін көрсетіп қана қоймай, Қазақстанның шығысы мен батысындағы құбыр жүйелерін біріктіру процесін сәтті аяқтап берді.

Төртінші кезең: қарқындау кезеңі. Қазір осы кезең бойынша жұмыстар жүргізілуде. Яғни, бүгіннен бастап 2012 жылдың соңына дейін Қазақстан - Қытай құбырының құрылысы құрылыс қарқынын жан-жақты жеделдету кезеңіне өтуде. Жоба операторы 2011 жылдың шілдесіне қарай Кеңқияқ-Құмкөл, Құмкөл-Атасу және Атасу-Алашанькоу телімдерінің өткізу қабілетін арттыру үшін жаңарту жұмыстарын өткізуі тиіс.

III. Жан-жақты байланыс - екі ел арасындағы ынтымақтастықтың дамуының негізі

Қазақстан - Қытай құбырының құрылысы екі елдегі мұнай кәсіпорындарының арасындағы мазмұнды ынтымақтастықтың ғана емес, сонымен қатар, қазақстандық және қытайлық тараптардың барлық деңгейлерде белсенді араласуының да нәтижесі. Қазақстан - Қытай құбырының құрылысы барысында орын алған қиыншылықтар түрлі ұйымдар мен мекемелердің белсенді қатысуымен шешілді: түрлі сәйкес салық органдары, кеден органдары, Экология министрлігі, Жер ресурстарының мемлекеттік ғылыми-өнеркәсіптік орталығы, Төтенше жағдайлар министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Мәдениет министрлігі, ҚМГ мен ҚҰМК акционер-

лер кеңесі, ҚТО мен CNODC акционерлер кеңесі. Жоғарыда аталған органдар мен мекемелердің құбырдың алғашқы кезеңінің құрылысы барысында көрсеткен көмегі аса бағалы. Мысалы, осы жоба қажеттіліктері үшін сатып алулар кезінде ерекше преференциялардың орын алуы және т.б. Сонымен қатар, мұнай құбырының құрылысы механизмін атап өткеніміз жөн. Құбырдың ең алғашқы кезеңінен бастап құрылысқа екі жақтан да кәсіби біліктілігі жоғары бас мердігерлер қатысты. Екі бас мердігер әртүрлі телімдердің құрылысын жүргізсе де, құрылыс барысында техникалық, өндірістік және пайдалану салаларында тығыз ынтымақтастық пен жалпы жұмыстардың жақсы үйлестірілуі орын алды. Бұл жағдай Кеңқияқ - Құмкөл телімінің мерзімінен үш ай бұрын пайдалануға берілуіне жағдай жасады. Мұнай құбырын салу барысында қазақстандық және қытайлық қызметкерлер өзара тәжірибе алмасып, құрылыс стандарттарының деңгейін арттырып, құрылым жұмыстарын ұйымдастырудың техникалық әдістерін күшейтіп, алаңдағы жұмыстардың орындалу тәжірибесін кеңейтіп, және EPC контрактын жүзеге асырылуы барысында мұндай жұмыстардың іске асырылуындағы халықаралық тәжірибесінің әдістерін меңгерген жас қазақстандық мамандардың пайда болуына алып келді.

IV. Жарқын болашақ

Біздің заманымызға дейінгі 2 ғасырдағы Ұлы жібек жолынан бастап шығыстан ежелгі Қытай астанасы Чанань қаласынан Жерорта бассейніндегі түрлі елдерге дейін, Ганьсу провинциясы, Тянь-Шаньның синьзяньдық таулары, Азияның каспий жанындағы аймағы арқылы әрдайым шығыс және батыс халықтарының арасында экономикалық және мәдени алмасу орын алды. Газ және мұнай құбырларының салынуы осыдан 500 жыл бұрын құлдырап қалған Ұлы Жібек жолына дем беріп, бұл бағыттың гүлденуіне алып келді. Егер ежелгі заманда Қытайдың өкілі болып табылатын жібек және фарфор секілді тауарлар шығыстан батысқа қарай жіберілсе, қазір Қазақстан мен Қытай мұнай саласының жұмысшылары «мұнай» тілінде сөйлесіп, жаңа мәдени құндылықтарды батыстан шығысқа қарай тасымалдауда. Шикі мұнайды 20 млн. тонна деңгейіне жеткеннен кейін «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС кәсіби біліктілігі жоғары, халықаралық тәжірибесі бар, өз қызметін жоғары стандарттарға сәйкес жүргізе алатын құбырды пайдаланушы ұйымға айналады. Пайдалану саласындағы көптеген қазақстандық басқарушы мамандар аталған мекемеде өз біліктіліктерін көрсете алады. Қазақстан мен Қытайдың мұнайшылары бірлесе отырып, ұзақ уақыт бойы аймақтың «терең ұйқыда болған» «қара алтынын» оятып, Қазақстан - Қытай мұнай құбыры арқылы осы энергетикалық қордың пайдасын ең жоғары деңгейге жеткізе алады. Ол өз кезегінде жедел даму кезеңін өткеріп отырған Қазақстанның экономикалық дамуына жаңа қарқын бермек.

Ұлы жібек жолы әрі ұзын, әрі ұзақ. Оның не басы, не аяғы жоқ. Ежелде ол халықтар арасындағы достық пен мәдени алмасу жолы болды. Қазақстан мен Қытай халықтары жайлы айтатын болсақ, екі елдің басшыларының басшылығымен Қазақстан - Қытай құбыры тек энергетикалық көпір ғана емес, сонымен қатар ашықтықтың, екі ел арасындағы өрлеудің жолы болып табылады және болашақта жаңа, жарқын дәуірге апаратын кең жолға айналуы тиіс!

ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДА «ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚҰБЫРЫ» ЖШС ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗАРДАП КЕЛТІРМЕУ, ЛАСТАНУҒА ОРЫН БЕРМЕУ, ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚҰБЫРЫН «ЖАСЫЛ МҰНАЙ ҚҰБЫРЫНА» АЙНАЛДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫН ҰСТАНАДЫ.

Андрей Кириллов,
Каспий аймағы бойынша аймақтық директор, LUKOIL OVERSEAS

КЕЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ОРЫНДАРЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ БАСТАҒАН РЕСЕЙЛІК МҰНАЙ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ LUKOIL OVERSEAS КОМПАНИЯСЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢ ІРІ ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. СІЗДЕРДІ КОМПАНИЯНЫҢ ЖАЛПЫ ҚЫЗМЕТІМЕН, ОНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫМЕН, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТРАНЗИТТІК ЖӘНЕ МҰНАЙ ҚҰБЫРЫ МҮМКІНШІЛІКТЕРІМЕН ТАНЫСТЫРУ ҮШІН НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА LUKOIL OVERSEAS КОМПАНИЯСЫНЫҢ КАСПИЙ АЙМАҒЫ БОЙЫНША АЙМАҚТЫҚ ДИРЕКТОРІ АНДРЕЙ КИРИЛЛОВ МЫРЗАМЕН СҰХБАТТЫ ҰСЫНАМЫЗ.

БОЛАШАҚҚА ДЕГЕН СЕНІМДІЛІКПЕН

***А**ндрей Прокофьевич, компанияның қазіргі өндірістік және қаржылық жағдайына қандай баға бере аласыз?*

- Дағдарыс кезінде компания барлық қиыншылықтардың орынды шешімдерін шұғыл түрде тауып отырғанының арқасында қаржылық тұрақтылықты сақтап қана қоймай, қаржы көздері балансы деңгейін жақсарта алды. Бұған компанияның 2009 жылғы есебі дәлел бола алады.

Олай болса, ЛУКОЙЛ дағдарыстың сынынан сәтті түрде өтті деп айтуға негіз бар. Компанияның барлық бөлімшелері, оның ішінде қазақстандық бөлімше де, қойылған міндеттерді орындады.

- Компанияның республикадағы қандай басымды бағыттары мен даму мақсаттары қойылған?

- Қазақстан ЛУКОЙЛ қызметі үшін ең маңызды аймақтарының бірі болып қала бермек. Әлемдегі макроэкономикалық ахуал әлі де күрделі болғандықтан, басқа аймақтар секілді Қазақстанда да компанияның даму бағдарламасы қайта қарастырылған.

Бүгін компания өндіріс көлемін арттыру, өндіріс және сату қызметтерінің деңгейін көтеру, әкімшілік-шаруашылық шығындардың мөлшерін төмендету арқылы қаржы тиімділігін арттыру мақсатын қойып отыр.

Қазақстандағы басты өндірістік мақсаттарымыз болып бизнестің өсуі мен компанияның экономикалық тиімділігі арасындағы балансты сақтау, қаржылық жағдайды жақсарту, қаржы айналымының оң көрсеткішін қамтамасыз ету табылады. Инвестициялардың басты бағыттары жайлы айтатын болсақ, ЛУКОЙЛ үшін қазақстандағы өндірістік жобаларында мұнайға ілеспе газдың толығымен утилизациялануы аса маңызды.

Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың басты мақсаты - еңбек өнімділігінің артуына алып келетін шаралар, яғни жұмысшылардың жұмыс істеуге деген ұмтылысын, біліктілігін, әлеуметтік тұрғыдан қорғалу деңгейін көтеру. Дағдарыс жылының өзінде де ЛУКОЙЛдың қазақстандық бөлімшесіндегі жұмысшылардың еңбек ақылары саладағы орташа көрсеткіштермен салыстырғанда тартымды болып, компанияның біліктілігі жоғары мамандарды сақтап қалуына жағдай жасады.

Жергілікті мамандарға сүйену, кадрларды ұлттандыру саясаты - біз үшін аса маңызды қағида. Жұмысшыларымыздың 93 %-ы - қазақстандық мамандар. Бұл аса жоғары көрсеткіш.

- Компанияңыздың Қазақстандағы басты жобалары жайлы айтып берсеңіз...

- ЛУКОЙЛ-дың Қазақстандағы қызмет тарихы 1995 жылы Құмкөл кен орнының солтүстік бөлігін өндіру жайлы келісімге қол қойылғаннан басталады.

Бүгін ЛУКОЙЛ - Қазақстандағы ең ірі ресейлік инвестор. Соңғы 15 жыл ішінде компания Қазақстан экономикасына 6,5 млрд. АҚШ долларын инвестициялаған. Компания түрлі жобалардың іске асырылуына қатысады: өндіріске бағытталған (Теңіз, Қарашығанақ, Құмкөл, Әлібекмола, Қожасай, Солтүстік Бузачи, Қарақұдық, Арман), геологиялық барлау (Түб-қараған, Аташ, Оңтүстік Жамбай-Оңтүстік Забурунье), инфрақұрылымдық (Каспий құбыр консорциумы).

ЛУКОЙЛ қабаттардың мұнай өнімділігін арттыруда, скважиналарды барлауда, кен орындарының геологиялық және гидродинамикалық модельдерін жасауда қазіргі заманғы технологияларды қолдануда айтарлықтай тәжірибе жинады. Мұның барлығы бізге әрбір нысандағы нақты көмірсутек мөлшерін бағалауға мүмкіндік береді. Кен орындарын реттеудің геологиялық-технологиялық шаралар бұл кен орындарының тиімділігін арттырып, кен орындарындағы сулану процесін тоқтатуға жағдай жасайды.

Компания әрбір скважинаның максималды өнімділігін бағалау барысында оның геологиялық (құрылымдық) сипаттамалары мен кен орнын дамыту жүйесін ескереді. Осының арқасында мемлекеттік және салалық талаптардың орындалуымен өндірістің жоғары деңгейіне, салынған капиталдың тиімділігінің жоғары деңгейіне қол жеткізіледі.

ЛУКОЙЛ дағдарыс кезінде де кен орындарын өндіру процесін баяулатпау үшін барлық қажетті ресурстар мен технологияларға ие. Сәйкесінше, біздің қатысымыз бар өндіріс компанияларынан біз өндірістік бағдарламардың толық орындалуын күтеміз.

- Сіз компанияның ең басым бағыттарының бірі болып геологиялық барлаудың табылатынын атап өттіңіз. Осы жайлы тереңірек айтып беріңізші.

- Әрине. Аташ және Түб-Қараған телімдеріндегі ізденіс-барлау жұмыстарының Каспий тенізінің қазақстандық су алқабын игеру мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүргізіліп отырғанын атап өткен жөн.

Осы жобалар бойынша біз терең экспертиза жасап, сейсмикалық барлау архивтық мәліметтерін сараптап, сейсмикалық және электрлік барлау жұмыстарын жүргізіп, қабылданған мәліметтерді сапалы түрде өңдедік. Өкінішке орай, есептеулерге, болжамдарға, бұрғылау стандарттарының толығымен сақталуына қарамастан Түб-Қараған және Аташ скважиналары «құрғақ» болып шықты. Оның алдындағы барлық мәліметтер бұл аймақтарда мұнай бар немесе бұрын болған деген пікірге негіз болды. Қазіргі уақытта мамандар бұл ауытқыманың себебін анықтау үшін зерттеулер жүргізіп, сейсмикалық және электрлік барлау мәліметтерін қайта қарауда. Түб-Қараған жобасы жалғастырылуы тиіс деген шешімге келіп, 2011 жылы бұл телімде екінші скважина бұрғылайтын болдық. Аташ жобасы 2011 жылы жабылатын болды.

- Қазақстанның мұнай көлігі мен мұнай құбырлары мүмкіншіліктерін қалай бағалайсыз?

- Бұл мүмкіншіліктер біршама алуан түрлі болғанымен, максималды деңгейде қолданылуда.

ЛУКОЙЛ өндіретін қазақстандық мұнайдың басым бөлігі КТК жүйесі арқылы және Қытай бағытында экспортталады. Сонымен қатар, біз Өзбекстан бағытын, Ақтау арқылы Махачкала мен Новороссийск қалаларына теңіз және теміржол көліктерін, Атырау-Самара бағытын қолданамыз.

Компания Атырау-Самара құбыры арқылы жеткізілетін мұнай мөлшерін арттыра алады. Бірақ, өкінішке орай, құбыр мүмкіншіліктері бұған жеткіліксіз.

Сонда да, ЛУКОЙЛ-дың мұнай экспортының бағыттары тиімді түрде құрылған және Қазақстанда бар мұнай көлігі және мұнай құбыры мүмкіншіліктеріне біз ризамыз.

- Қазақстан мұнай экспорты мен транзитін диверсификациялау саясатын белсенді жүргізуде. Сіздің компанияңыздың мүдделеріңізді ескере отырып, сіз үшін қандай бағыттар аса тиімді?

- Таңдау ережелері қарапайым - шығындардың төмен болуы, экономикалық мүмкіншілік деңгейінің жоғары болуы.

Бағыттың тиімділігі оператор компаниялардың орналасқан аймақтарына байланысты. Мысалы, Құмкөл кен орнынан мұнай Қытай жаққа , ал Маңғыстау облысындағы кен орындарынан Атырау-Самара құбырына жіберіледі. Біздің қазіргі экспорт бағыттарымыздың тиімді екенін тағы да бір рет атап өткім келеді.

-«ҚазТрансОйл»АҚ-мен ынтымақтастығыңыз жайлы не айта аласыз?

- ҚР мұнай мен газ министрлігі қазақстандық мұнайдың экспорт бағыттары мен оның ішкі нарықта тиімді түрде таратылуын әрдайым сараптап отырады. «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстандағы магистралды мұнай құбырларын басқаратын компания ретінде ертеңгі күнді ойлап, дамуға бағытталған компания.

Жаңа бағыттардың дамуында, оның ішінде ресейлік порттар арқылы мұнай тасымалдау мәселесінде «ҚазТрансОйл» АҚ-ң үлесі зор. Компания өзінің Ресейдегі негізгі серіктесі «Транснефть» АҚ-мен ынтымақтасудың жаңа жолдарын іздеуде. Жекетші европалық нарықтарға жол ашып берген, стратегиялық маңызы зор Приморск және Новороссийск ресейлік порттары қабылдайтын қазақстандық мұнайдың мөлшерінің өсуіне «ҚазТрансОйлдың» тікелей әсері бар.

«ҚазТрансОйл» монополист болып табылғанымен, ол тұтынушыларды өзіне тәуелді қылып көрген емес. Компанияның қызметіндегі кәсіби сараптама жасаудағы, жұмыстарын ұйымдастырудағы біліктілігін атап өткім келеді.

Қалыптасқан жақсы ара-қатынастың арқасында біз қазақстандық мұнайды Болгариядағы, Италиядағы, Румыниядағы мұнай өңдеу зауыттарына жедел жеткізіп отырамыз.

Біз «ҚазТрансОйл» АҚ болашақта да бар бағыттар бойынша өз мімкіншіліктерін арттырып, мұнай тасымалдаудың жаңа бағыттарын ұсынады деп үміттенеміз.

75 ЖЫЛ ҚАЗАҚСТАН ҚҰБЫР КӨЛІГІНЕ 1935/2010

«ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы – саланың дамуын қамтамасыз етеді

Биыл Қазақстанның жетекші салаларының бірі - құбыр жүргізу көлігі өзінің 75 жылдық мерейтойын тойлайды. Бұл «КазТрансОйл» компаниясының барлық қызметкерлері үшін маңызды мереке, өйткені ол тек қана белгілі бір күн емес, компания ұжымының өміріндегі бір кезеңі. Елдегі магистральді құбыр жүргізу жүйесінің дамуы Батыс Қазақстанда басталғандықтан, «КазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы үшін 75 жылдық - бұл ерекше мереке.

Фердинат Мамонов
«ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының директоры

ҚҰБЫР ЖҮРГІЗУ ЖҮЙЕСІНІҢ 75 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫНДА БАТЫС ФИЛИАЛДА МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ӘУЛЕТТЕРІ ҚАЛЫПТАСТЫ, ОЛАР ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА ПРОФЕССИЯНЫҢ «ЭСТАФЕТАСЫН» БІР-БІРІНЕ ТАБЫСТАП, ЕҢБЕГІМЕН, БІЛІМІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕСІМЕН МЕМЛЕКЕТ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ӨЗ МҰНАЙ САЛАСЫНДАҒЫ ҮЛЕСІН ҚОСЫП ОТЫР.

Кәсіпорынның басты филиалдарының біріне тұқым қуалаған мұнайшы, білгір әрі мол тәжірибесі бар басқарушы Фердинат Абдрахимович Мамонов жетекшілік етеді.

Отандық құбыр жүргізу жүйесі дамуының бастауында тұрған, бүгінгі күнде оның еңбек өтілі 40 жылдан астам құрайды. Жұмыс істеу кезінде мансаптың барлық сатыларынан өткен.

- Фердинат Абдрахимович, сіздің өмірбаяныңыз еліміздің құбыр жүргізу жүйесінің тарихымен өрлесіп байланысқан. Еңбек жолыңызды неден бастадыңыз?

- Мұнай саласына келу жолым алдын ала белгілі еді. Әулетіміздің алдыңғы екі ұрпағы мұнай саласында қызмет етті. Мен де еңбек пен өсудің кеңестік профессионалдық мектебінен өткеніме өте қуаныштымын. Барлық сатыларды - бірінен кейін бірін. Өзімнің еңбек қызметімді Өзен - Атырау - Куйбышев құбырының құрылысында слесарь-машинист қызметінен бастадым. Басты тәлімгерім ретінде өзімнің алғашқы бастығым Мұнай ауыстырып құю станциясының басшысы Щелочелин Венедикт Михайловичті бүгінге күнге дейін әлі де санаймын. Еңбегі сіңген мұнайшы еді. Ол кезде құрылыста күні-түні жұмыс істейтінбіз, кейде апталап қалаға шықпайтынбыз, лас, шаршаған, кейде тіпті ашыққан сол құрылыс орнында тұрдық. Мұнай құбырын қалай да уақытымен іске қосу туралы ғана ойладық. Сөйтіп, 1971 дылғы сәуір айында Атыраудан Самараға дейінгі учаскі қолданысқа берілді. Сол жылы Өзен - Атырау - Куйбышев құбыры толығымен іске қосылды. Бұл кезеңді біз «қызу кезең» деп атадық, сондықтан да болар, бірегей болып есептеледі. Маңғышлақ мұнайы өте жабысқақ, әрі құрамындағы парафин мөлшері жоғары, қату температурасы +28 градустан басталады. Қыста сол мұнайдың үстімен жүруге болатын еді, ал жазда пластилин сияқты. Сондықтан бүкіл сызықтың бойында мұнайды жылыту пункттері құрылып, ыстық күйінде мұнай құбырлар арқылы тасымалданады.

- Сіз заманалық маңызы бар құрылыстардың жетекшісі мен қатысушысы болдыңыз – Кеңқияк – Орск, Теңіз – Астрахань – Грозный (қазіргі ККК) мұнай құбырлары, бүгінде Волга өзен құйылымынан және Қиғаш өзенінен Құлсары, Жаңаөзен қалалары және Атырау мен Маңғыстау облыстарының басқа да қуаң елді мекендер жерлеріне ауыз суын тасымалдайтын Астрахань – Маңғышлақ су құбыры. Бүгін сіз компанияның негізгі әрі маңызды өндірістік бөлімшелерінің бірі – Батыс филиалды басқарасыз. Оның дамуының негізгі кезеңдерін айтып өтсеңіз.

- Батыс филиалдың тарихы өте бай. 1935 жылы Каспий - Орск мұнай құбырының іске қосылуынан бастап, дәл осы жерде құбыр жүргізу транспортының тарихы басталады. 1965 жылы Маңғышлақты ашқан кезде, Өзен - Жетібай - Шевченко мұнай құбыры қолданысқа берілді. Мұнай танкерлерге құйылып, Баку, Махачкала, Волгоградқа жіберілді. Сонымен қатар, Өзен - Гурьев - Куйбышев мұнай құбырының жобалануы мен құрылысы басталды, ол қазіргі Өзен - Атырау - Самара. Еліміздегі тармақталған құбырлар жүйесі әр түрлі мемлекеттерге мұнайды жеткізуге мүмкіндік береді. Ақтау порты арқылы мұнайды Баку және Махачкалаға тасымалдаймыз. Ресей арқылы қиыр шет елдерге мұнайды құбырлар арқылы экспорттаймыз. Кейінірек мұнай құбыры жұмысшыларының арманы орындалды десек, қателеспейміз: еліміздің батысы мен шығысын байланыстыратын Құмкөл - Кеңқияқ - Атырау мұнай құбыры кезең-кезеңімен салынды. Бірінші кезеңде Кеңқияқ - Атырау учаскесі іске қосылды, осы құбыр арқылы мұнай ақтөбелік кен орындарынан (Жаңажол, Кеңқияқ) Атырауға тасымалданды. Кеңқияқ - Құмкөл мұнай құбыры қолданысқа берілгенде, ақтөбелік мұнайды Құмкөл, одан кейін мұнай құбыры арқылы Шымкент мұнай өңдеу зауытына және Қытайға тасымалдау басталды.

Жалпы, Батыс филиалы мен «ҚазТрансОйл» компаниясының басты мақсаттарының бірі - қазіргі барлық талаптарға сай техникалық қамтамасыз ету базасын құру. Объектілерімізде соңғы рет осыдан жиырма жыл бұрын болған адамдар келгенде, прогрестің қаншалықты алға жылжығанына таңқалады. Бұл жерде ең соңғы жабдықтау пайдаланады, жаңа жүйелер енгізіледі. Денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігіне де аса көп көңіл бөлеміз. Компьютерлік технологиялардың ең озық түрлерін пайдаланамыз. Өндіріс іс жүзінде 100% автоматтандырылған.

- Экологиялық қауіпсіздік әрбір компанияның тұрақты дамуының негізі болып табылады. «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының объектілерінде қоршаған ортаны қорғау қалай жүргізіледі?

- Экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, мұнайды тасымалдаудың техногендік процесі аса қауіпті болып есептеледі. Сондықтан ҚР Экологиялық кодексін нұсқау етіп, филиал объектілеріміздің қоршаған ортаға теріс әсер етуін төмендетуге бағытталған экологиялық шаралар ұйымдастырды. Оған сұйыққоймаларда жүзетін пантондарды енгізу, құбыр жүргізу магистральдарына, сұйыққоймаларға, жабдықтауға диагностика жасау жатқызылады. Диагностиканың нәтижесіне қарай, күрделі жөндеулер жүргізіліп, құбырлар ауыстырылады. Филиал сатып алынатын техниканың сапасын да қатаң қадағалайды: онң бәрі Евро-2, Евро-3 стандарттарына сәйкес болуы тиіс.

Сонымен қатар, барлық қалдықтарды есепке алып, бақылау жүргіземіз. «КазТрансОйл» АҚ-ның экологиялық бағдарламасына: құрамында сынап бар қолданған лампаларды демеркуризацияға шығару, мұнаймен ластанған грунтта тазалаулар жүргізу және бұзылған жерлерде топырақ құнарлығын қалпына келтіру, өндіріс қалдықтарын бекітілген қаттап ұстау жерлеріне шығарып орналастыру, өндірістік және тұрмыстық ағындарды сорып (қотарып) шығару, сарқынды суларды пайдалану жүйесі шаралары жатады. Осы және басқа да шаралар өндірістік қызметтің қоршаған ортаға деген теріс әсерін тигізуді төмендетуге мүмкіндік береді.

«КазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы көп жылдар бойы арнайы мәрдігер ұйымдарын жұмысқа тартып, мұнай қалдықтары мен мұнаймен ластанған грунтты пайдаға асырып жүр. Ең алдымен тазалауды «тарихи» ластанулардан бастайды.

- Әлемдегі жетекші корпорациялардың басшылары бизнестің гүлденуі жергілікті қоғмдастықтың амандығына тәуелді екенін бұрыннан-ақ біледі. Филиалдың жұмысшыларын, зейнеткерлерді және ардагерлерді әлеуметтік қолдау және қамтамасыз ету қандай шаралары жүргізіліп отыр? «КазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы аймақтардың дамуындағы рөлі қандай?

- Аймағымыздың барлық төрт облысында демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге тырысамыз. Өкінішке орай, биылғы жылы ойын шарттарын әлі де қойып отырған әлемдік экономикалық дағдарыстың зардаптары әсерінен компанияның бизнес-жоспарындағы демеушілік көмек көрсету бойынша шығыстар қысқартылған болатын. Алайда, «КазТрансОйл» үшін жебеушілік пен демеушілік сыйлы әрі құрметті дәстүрге айналды. Басты және ерекше бап болып, халықтың әлеуметтік жағдайы нашар топтарына, кедей зейнеткерлерге, соғыс және еңбек ардагерлеріне, мүгедектер мен жетім балаларға адрестік көмек көрсету табылады. Жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын барлық әлеуметтік маңызы бар акцияларға қатысамыз. Соңғыларының бірі - Ұлы Жеңіс Күнінің 65 жылдығына орай ұйымдастырылған - соғыс ардагерлері қоғамдарына материалдық көмек көрсету. Аймағымыздың осындай төрт қоғамына 500 мың теңге бөлінген.

Бұдан басқа, Батыс филиалда әлеуметтік жобалар мен өз жұмысшыларына әлеуметтік қолдау көрсетуге көп көңіл бөлінеді. Соңғы жылдары ғана компанияның қызметкерлері үшін Атырау мен Ақтау қалаларында 100 пәтерлік екі тұрғын үй және Орал қаласында 60 пәтерлік тұрғын үй салынды. «КазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының қаражатына Атырау және Ақтау қалаларында спорт-сауықтыру кешендері салынды. Сонымен қатар, бұрынғы қызметкерлерімізді де ешқашан ұмытпаймыз, барлық мемлекеттік, ұлттық және профессионалдық мерекелерде бір жолғы ақшалай жәрдемақы беріп, естелік сыйлықтар сыйлаймыз. Компанияның зейнеткерлеріне ай сайынғы ақшалай жәрдемақы беріледі.

Дағдарыстың сыртқы факторлардың салдары да қызметкерлеріміз алдындағы міндеттемелерімізді орындауға әсерін тигізбеді. Жоғары профессионалдық жұмысшыларды тарту және дамытуға қызығушылық танытамыз, қызметкерлерді басқарудың озық әдістерін енгіземіз, ҚТО-да қайта жаңару және инновацияларды қолдаймыз және т.б.

- Құбыр жүргізу көлігінің 75 жылдық мерейтойы – маңызды мереке, экономиканың аса үдемелі салаларының бірінің тарихындағы келесі бір кезеңі. Мерейтой – тағы бір өтіп кеткен кезең, артқа қарап, нәтижесін көруге болатын тағы бір өмір сүрген уақыт кезеңі. Құбыр жүргізу көлігін дамытудағы көптеген ірі жобалардың куәгері әрі қатысушысы ретінде осы мерейтой жылында компанияның бүкіл ірі ұжымына қандай тілек айтқыңыз келеді?

«КазТрансОйл» компаниясына жұмысқа келгеніме тағдырыма әрқашан қуаныштымын, - дейді Фердинат Абдрахимович. - Компаниямыз дағдарыс жағдайында да, ондайлар аз болған емес, тұрақты түрде жұмыс істегенін мақтаныш етемін. Көптеген мұнайшылардың тағдырында Маңғышлақ жартыаралының бұрын мәлімсіз бай кен орындарының өңделуі басталған 50-ші жылдар өзгермелі еді. Жұмыс істеу өте қиын болды, жаздың аптабы көлеңкеде +50 градусқа дейін жететін Маңғысатаудағы ауыр табиғи жағдайға қоса, елді мекендердің, жолдар мен ауыз судың болмауы жағдайды қиындатты. Өндірісті жақсарту үшін, нөлден бастауға тура келді: қарапайым тұрмыстық жағдайдың болмауынан тыс, білікті мамандар, техника, жабдықтау, транспорттың тапшылығы болды. Барлық қиындықтарға қарамастан, мұнайшылар мақсатына қайсармен жүріп, еңбектері жанды.

Иә, қиын 90-шы жылдары кейде еңбекақысы берілмей, кейде оны азық-түлік немесе тұрмыстық техника түрінде алдық. Сонда да, ешкім ешқайда кетпеді, барлығы өз міндеттерін атқарып отырды. Ал қазіргі күнгі глобальді экономикалық дағдарысқа келетін болсақ, біз оны, әрине, сезіндік, бірақ басқа компаниялардағы сияқты ауыр болмады. Тұрақты жұмыс істейміз, жоспарды орындап, кейде асыра орындаймыз.

Құбыр жүргізу жүйесінің 75 жылдық тарихында Батыс филиалда мұнайшылардың еңбек әулеттері қалыптасты, олар ұрпақтан ұрпаққа профессияның «эстафетасын» бір-біріне табыстап, еңбегімен, білімі және тәжірибесімен мемлекет экономикасының дамуына өз мұнай саласындағы үлесін қосып отыр. Бұл жыл - 200 астам мұнай-газ кен орындарын ашып, өңдеген және Қазақстанның құбыр жүргізу жүйесін құрған мұнай-газ саласының ардагерлері үшін өте маңызды жыл.

Құбыр жүргізу транспортының мерейтойы қарсаңында барлық құбыр жүргізу жұмысшыларын мерекемен құттықтағым келеді. Оларға және олардың отбасыларына зор денсаулық, қуаныш және табыс тілеймін! КазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы жеткен нәтижереінде тоқталмайды деп сеніммен айтамын. Біз компания қызметінің барлық салаларындағы озық стандарттарға ұмтылу позитивті беделін сақтауға тырысамыз.

Жеңіспек Лұқпанов,
«ҚазТранс Ойл» АҚ
Шығыс филиалының
директоры

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ: ШЫҒЫС БАҒЫТЫ

«КАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ШЫҒЫС ФИЛИАЛЫН ҚҰРУҒА СЕБЕП БОЛҒАН ПАВЛОДАРЛЫҚ ЕРТІС МАҢЫНДА «ОМСК-ПАВЛОДАР-ШЫМКЕНТ» ОРАСАН КҮРДЕЛІ МАГИСТРАЛЬДЫ МҰНАЙ ҚҰБЫРЫ 1972 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДА САЛЫНА БАСТАДЫ. АТАЛМЫШ ҚҰРЫЛЫС СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЫСАН РЕТІНДЕ ТАБЫЛЫП, АЛ ПАВЛОДАР НЕГІЗГІ ОРНЫҒУ ЖЕРІ БОЛДЫ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК АУМАҒЫНА БАТЫССІБІРЛІК МҰНАЙДЫ ТАСЫМАЛДАП, ОНЫ ШЫМКЕТТЕГІ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫНДА ҚАЙТА ӨҢДЕП ШЫҒАРУҒА МҰНАЙ ҚҰБЫРЫН САЛУ ЖӨНІНДЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ.

Шығыс-Қазақстан магистральды мұнай құбырлары басқармасы Кеңес Одағының мұнай өндірістігі Министрінің бұйрығымен 1983 жылы құрылған. Тәуелсіздік жылдары Шығыс-Қазақстан басқармасы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Шығыс филиалы болып қайта құрылған. Сарапшылар мен мамандардың айтуынша, ол бүгінгі таңда республикамыздағы құбыр саласының «жүрегі» іспеттес. Осы орайда ортақ іске қосқан үлесі жайында Шығыс филиалы басшысы Жеңіспек Лұқпановпен сұқбаттасуды жөн көрдік.

Жаңа технологиялар

- Жеңіспек Қожасұлы, бүгінгі таңда Шығыс филиалдың тек қана акционерлік қоғамы үшін емес, жалпы еліміз үшін нені білдіретіндігі жайлы не айтар едіңіз?

– Бүгінгі күнде филиал ұзындығы 4 300 шақырымға жуық магистральды мұнай құбырлары жүйесіне қызмет көрсетуде. Біз солтүстіктен оңтүстікке қарай және орталықтан Қытай жаққа шығысқа қарай елімізді мұнайқұбырымен байланыстырып отырмыз. Сондай-ақ Шығыс филиалы - бұл 2 600 мамандандырылған жұмысшылар мен Павлодар, Қарағанды, Жезқазған, Шымкент, Үшарал және Солтүстік Қазақстандағы 6 мұнай құбыры басқармасындағы инженерлік-техникалық қызметкерлер. 2000 жылы Атасу станциясындағы және 2002 жылы Шағырдағы құю пункінде салынып пайдаланымға берілген екі мұнай құю эстакадасы біздің мамандарымыздың қол еңбегі. 3 жылдан соң «Атасу-Алашанькоу» магистральды мұнай құбыры іске қосылды, ал бір жыл бұрын «Кеңкияқ -Құмкөл» магистральды мұнай құбыры тапсырылды. Біздің қатысымыз бұнда да баршылық. Менің атап өткендерім, бүгінгі күнде бүкіл саланың мақтанышына айналған, тек аса ірі жобалар ғана. Тәулік бойы мониторинг жүргізіп, барша технологиялық процестің жағдайын түгелімен жедел түрде қашықтан басқаруға мүмкіндік туғызып отырған талшықты-оптикалық желілерін іске қосудың арқасында желілік телемеханика және SCADA жүйесінің жобасы сәттілікпен жүзеге асырылды. Бұл өз кезегінде, өндірістің кез-келген өзгерісін жедел түрде елеуге мүмкіндік береді. «Құмкөл» және «Екібастұз» мұнай қотару станцияларына жоғарыда аталған диспетчерлік бақылау және басқару жүйесін енгізу үстіміздегі жылда жоспарланған.
SCADA тағы 8 МҚС-нда өзін жақсы жағынан көрсетті.
Бұл жүйе басқарудың сенімділігін көтеруге, жабдықтар жұмысының технологиялық жүрісі мен тәртібі жайында барлау жүргізуге әрі ақпаратты мұрағаттауға мүмкіндік туғызады, негізгі және қосалқы жабдықтың үздіксіз бақылауын және барлауын жүзеге асырады. Сондай-ақ осы жылы мұнайды рұқсатсыз алу барысындағы жылыстау орны мен санын дер кезінде әрі нақтылы анықтауға, қажетті шараларды шапшаң қолдану үшін Шығыс филиалының мұнай құбырларына жылыстауды анықтау жүйесін енгізу жоспарланып отыр.
Соңғы 6 жылда бүкіл компанияда да бізде де ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001 халықаралық стандарттар негізіндегі менеджменттің Шоғырланған жүйесін құру және жақсарту бойынша жұмыстың жүргізіліп жатқанын айта кету артық бомас.
Жоғарыда берілген мінездемеге қоса тағы үш анықтаманы атап беруге болады: біз заманауи, технологиялық әрі «ҚазТрансОйл» АҚ-ның үнемі дамушы бөлімшесіміз.

- Бүгінгі жайтта филиал тасымалдау мен транзит бойынша қандай қызмет көрсетуде?

- Біздің мақсатымыз біреу – тұтынушыларға арналған рұқсат шартын тең жасау.
Бұл батыс-сібір мұнайын еліміздегі соңғы тұтынушы - зауыттарға тасымалдау да, ел ішінде және көршілес ҚХР-сына қарай шығыс бағытымен отандық көмірсутектің тасымалдануы да. Сөз тікелей тек құбырлар жайында ғана емес.
«Шағыр» мұнай құймасы орнынан және «Атасу» ағызу - құю эстакадасынан жақын және алыс шет елдерге тасымалдау теміржол арқылы теміржол цистерна вагондарға тиеледі.
Және де филиал «Қазақстан - Қытай құбыры» ЖШС және «Торғай - Петролеум» АҚ мұнай құбырларын пайдалану бойынша қызмет көрсетеді. Соңғы 4 жылда Қазақстан Республикасы аумағы бойынша өтетін «ТОН -2» МҚ арқылы Ресей жүк жіберушілерінің мұнайының транзитін жүзеге асырып отырмыз.

Көрсеткіштер мен өсу нүктелері

- Нақтылы айтатын болсақ, осы жылдың басынан филиалдың негізгі өндірістік – қаржылық көрсеткіштері қандай?

– 5 ай аралығында тасымалдаудың жалпы көлемі 8,5 млн тоннаға жуық, ал Шығыс филиалы жүйесі бойынша мұнайдың жүк айналымы 5 млрд тонна/км астам болды. Екі жағдайда да біз жоспарды елеулі асыра орындадық. Қаржылық жағынан тек назар аударарлықтарына ғана тоқталайын. Бұл жылы біздің қызметкерлеріміздің орташа айлығы 160

мың теңгені құрады. Күрделі жөндеу жұмыстарының шығындары 300 миллион теңгені құрады, салық қазынасына осы сомаға сай төледік. Қаржы салымы 4 миллиард теңгеден асты.
Ел ауқымы бойынша бұндай көрсеткіштер көпті айқындайтынымен келісу керек. Өткен жылдың көрсеткіштерінен кей жерде ширек, ал кей жерде үштен бірге асамыз.
Шығыс филиалы осы бет алысын бертін жылдары сақтайтынына сенім білдіремін.

- Егер өсу нүктелерін жете қарап шықсақ, әсіресе жаңа жобаларды жүзеге асыру контекстінде, Сіз болашақты қалай болжар едіңіз?

- Ең алдымен, бүгінгі күндегі жоспарымыз «Қазақстан - Қытай» мұнай құбырымен байланысты. Мәселен, «Атасу-Алашанькоу» МҚ, әуелде, Құмкөл мен Батыс- Сібір мұнайларының қосындысын ҚХР қарай бағыт бойынша тасымалдау үшін арналған еді. Бұндағы құрылыстың 1 кезеңіндегі өнімділік бір жылда 10 миллион тоннаны құрайды.
Батыс – Сібір және Құмкөл жаңа кен орындары тобының мұнайын шығыстағы қонысымыз нарығына ену рұқсатын қамту жоспарын жүзеге асыру үшін «Павлодар-Шымкент» МҚ-ның учаскелері жұмыс істейді: «Павлодар-Атасу» учаскесінде Батыс-Сібір мұнайын қабылдау үшін және «Қарақойын-Атасу» учаскесінде Құмкөл тобының мұнайын қотару үшін Жұмағалиев атындағы МГӨС-на «Қарақойын-Атасу» мұнай құбыры арқылы келетін Құмкөл тобы мұнайын қотару үшін.
Соңғысы коммерциялық пайдаланымға өткен жылдың қазан айында іске қосылғандығы тасымалдау көлеміне әсерін тигізді.
«Қазақстан - Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінде өткізгіш қабілеті жылына 20 миллион тоннаны құрайды. Біз өндірістік қуатымызды нақтылы күшейту үстіндеміз. 2011-2015 жылдары «Құмкөл - Қарақойын» учаскесінде диаметрі 820 мм жаңа мұнай құбыры және 840,7 ш. мұнай қотаратын «Павлодар-Шымкент» МҚ аралық станциясының құрылысы қарастырылуда.
Республикамызбен Қытайды байланыстыратын мұнай құбыры мұнайды бұрғылап шығаратын Қазақстанның батыстағы аймақтарын Павлодар мен Шымкенттегі ірі МӨЗ-мен байланыстыруға, еліміздің ішінде мұнайды тарату мәселелерін шешуге қазіргі күнде-ақ мүмкіндік туғызып отыр. Бұл жобаның жүзеге асырылуы инвестицияларды тарту инфрақұрылымның дамуы мен мұнай құбыры жолына жақын орналасқан аймақтарда қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік туғызады. Қазақстан экономикасын көтеруге себебін тигізіп отыр. Жалпы бұл саланың даму жолындағы орасан зор қадам.

Апатқа жол бермейміз

- Филиалдың келешектегі экономикалық дамуы іс-әрекеттің экологиялық тұрғыларына ерекше екпін түсіреді. Қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту мәселесін қалай шешудесіздер?

- Нақты жұмыстар жайлы айтсам: табиғатты қорғау шараларының орындалуына 2009 жылы 700 миллион теңге жұмсадық. Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында – 35 миллион. Бұл нысандарды тек қана қайта жабдықтау мен қайта құру инвестициялары емес, мақсатымыз –барлық деңгейдегі құрылым бөлімшелері мен жеке қызметтердің әр нақты қызметкеріне экологиялық мәселелерге түбегейлі қайта қарауын түсіндіріп жеткізу.
Кез-келген жұмыс табиғатты қорғау қызметімен тікелей байланысты болмаса да, жоғары экологиялық мәдениетін қамту керек.
«КазТрансОйл» АҚ жұмысының экологиялық стратегиясы дұрыс ұйымдастылғанның және экология мәселесін басшылық назарынан қалдырмағанның арқасында қоршаған ортаға өндірістің келеңсіз әсерін жоққа шығара алдық, өз нысандарымыз жұмыс жасап жатқан аймақтардың экологиялық жағдайын елеулі жақсарттық.
2007 жылдан бастап біздің филиалдың «Екібастұз», «Степное», «Трудовое»,
Б. Жұмағалиев атындағы, «Барсеңгір», «Шолақ-Қорған» нысандарында «BIOFLUID» және «Атасу» МҚС - дағы «EKOFINN» сияқты сарқынды суды тазалау станцияларын пайдалануы жүзеге асырылды. Мұнайдың апатты төгілуін жоюға арналған техникалық құралдармен филиалымыздың бөлімшелері бүгінгі таңда толығымен жабдықталған. Қоршаған ортамен үйлесіп дамыған табиғи негізін бұзбайтын, қоғамның бірқалыпты дамуының саясаты бүгінгі күнде тек филиалдың ғана емес, сондай – ақ күллі еліміз бен әлем қауымдастығы өмірінің жоғарғы басымдығы болып табылады.
Қоршаған ортаны қорғау міндеттері қызметтің бүкіл саласында алдымыздан шығып отыратындығынан экономика мен кәсіпкерлік экология мәселелерін шешуде айтарлықтай рөл атқаруға тиіс.
Экологиялық менеджмент, «жасыл» бейнені жасау, «КазТрансОйл»АҚ экологияға оңды назары, қоршаған ортаны шын ниетпен қамқорға алу –бүгінгі күндегі компания өмірінің басым бағыттары міне осындай.

Барлығын кадрлар шешеді

- Жеңіспек Қожасұлы, Қазақстанның ірі отандық компанияларының әлеуметтік жауапкершілік тәрізді экологиядан басқа да екпіндері баршылық емес пе? Филиалдың әлеуметтік стратегиясы неде және еліміздің аймақтарын дамыту ісіне «КазТрансОйл» АҚ бөлімшелеріңіздің белсенді тартылуы қандай?

– Өндіргіш күштері республикамыздың бірден 6 аймағында - Павлодар, Қарағанды, Қызылорда, Солтүстік – Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облысында орналасқан - Шығыс филиалы қызметкерлері мен осы аймақтардағы қауым алдындағы бар жауапкершілігін зерделеп түсінеді.
Бұл тек қазынаға сансыз төлемдер ғана емес бұл саладағы ұқсастығы жоқ әлеуметтік пакет. Мына сандар сөзден гөрі толығырақ айтар. Өткен жылы филиал аймақтардың бюджетіне 600 миллионға жуық салық төледі, әлеуметтік салыққа және әлеуметтік сақтандыруға тағы да жартымиллиард сома көлемінде төленді. Ал өз қызметкерлеріне қолдау көрсету ретінде филиал түрлі жәрдемақыға 100 миллионнан астам теңгені жұмсады.

- Осы тақырыпты толықтыра отырып, сіздердегі қызметкерлердің өзін-өзі қаншалықты жайлы сезінетіндігі туралы әңгімелеп берсеңіз.

– «КазТрансОйл» АҚ-ның бірегей әлеуметтік пакеті қандай, неліктен сіздердің филиалдарыңыз кадрлардың тұрақтанбауы сияқты ұғымынан бейхабар болуы?
Қызметкерлердің барлық жеңілдіктерін белгілеп бекіткен ереже қаржылық дағдарыс алдында 2007 жылы қабылданған. Экономиканың қиыншылықтарына қарамастан, ұжымымыз ешбір сілкініс сезген жоқ. Филиал барлық артылған міндеттерін толық орындап отыр. Жәнеде қызметкерлер компания мен жұмысшылар арасындағы шынайы әріптестік саясатымыздан біздің таймайтынымызды біледі. Иә, компаниямыз ірі, бірақ әлі де филиалдың бірде бір ардагері бір мерекеде ұмыт қалған жоқ. Сеніңіз, көпшілікке бұл өте маңызды - ықылас пен ортақ іске әркімнің қосқан үлесін объективті түрде бағалау.
Жазғы демалыс пен медицина қызметтері бір ауруханада бүкіл отбасы үшін, сансыз сақтандыру түрі мен үйлену тойына немесе бала туына сыйлықтар. Кеңес уақытының тек жақсысын сақтай алдық та бүгінгі таңдағы ірі компаниялардың әлем бойынша енгізіп жатқандарымен қаруландық. Қызметкеріміздің әр қадамын қол ұстасып бірге жасаймыз. Қызметкер жұмысына толығымен берілуіне қандай жағдай жасау қажет? Оның еңбек жағдайына жайлылық туғызу қажет, сөзбе-сөз айтқанда, адам ертеңгі күні жайында басын қатырмау керек.

- Білуімізше, филиалдарыңызда жаңашылдық та дамыған?

– Филиалымызда жаңашылдық өте белгілі, филиалдың техникалық кеңесі тоқсандықта бір рет жиналады. Ойлап шығарушы жаңашыл ұсынысы өз оң нәтижесін дәлелдеген жағдайда қазметкер өзінің тапқырлығы арқасында дивидент алады. Адамдар өздеріне жүктелген міндеттерін сапалы түрде орындауға зейін салады. Бізге керектігі қайырымның барынша көп болғаны, бізге керектігі нәтиженің барынша көп және сапалы болғаны.Осы орайда қызметкерді әлеуметтік қамсыздандыруға ықылас бөлінеді.

Жастық пен тәжірибенің қоспасы

- Сіз айтып кеткендей, компания келешекте өріс алып дамиды, соның салдарынан жаңа жұмыс орындары пайда болады, филиалға мамандандырылған



ШЫҒЫС ФИЛИАЛЫ - БҰЛ АЛДЫНА ЗОР МАҚСАТ ҚОЙЫП, БАРЫНША КӨП НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕКІЗЕ АЛАТЫН МЫҢДАҒАН МАМАНДАР МЕН ЖҰМЫСКЕРЛЕР. ЖҰМЫСТЫ ТЕК ОСЫЛАЙША ІСТЕУ КЕРЕК.

жаңа кадрлар қажет болады. Жақын арада жұмысшы көмегінсіз қалмайсыздар ма?

– Соңғы 4 жылда біз шамамен 850 жаңа жұмыс орнын құрдық. Тағы да құрамыз. Бұндағы мәселе басқада: бізге тек жас әрі талаптылар ғана емес, сонымен бірге бүгінгі күндегілердің жаңа технологияларынан тыс қалмауы, жастар соңында қалмауы. Маман білікті болуы қажет, ол белгілі-бір білім жиынтығын білу керек, әрі қарай білімін жетілдіруге оқығысы келу керек. Мақтанбай айтайын, қазіргі жұмыс жасаушылардың арасында әрқайсысының білім деңгейін көтеруге мүмкіндігі бар. Бұнда адамның өз құштарлығы болу керек.

Мерейтой қарсаңында құрмет көрсету

- Сонымен, нәтижелеп айтсақ, Жеңіспек Қожасұлы, Шығыс филиалы нені айқындайды? Шын мәнінде көптің айтқанындай, республикамыздың құбыр саласының жүрегіне іспеттес пе?

– Бір айтарым, Шығыс филиалы – бұл алдына зор мақсат қойып барынша көп нәтижеге қол жекізе алатын мыңдаған мамандар мен жұмыскерлер. Жұмысты тек осылайша істеу керек.

- Бәлкім жұмыста қандайда болар ұран айтып немесе халықтың даналығын басшылыққа аласыздар ма?

– Мен әңгімемде қызметкерлердің оңды жақтарына жиі тоқталып өттім де бұны мен әдейлеп жасадым. Барша жұрт сүйікті ісіне жантәнімен беріліп істеді, сол себептен саланың 75-ші мерейтойында оларға еліміз зор ықыласын білдіріп, үлкен рахмет айту керек. Ал мұнай құбырын жүргізушілердің жауабы келесі сөздер болатынына кәміл сенемін: Қазақстанымыздың игілігі үшін еңбектендік, еңбектеніп жүрміз және де еңбектенеміз.

- Сұқбатыңызға көп рахмет, Шығыс филиалын, сіздердің қызметкерлеріңізді, бүкіл акционерлік қоғамын және жеке өзіңізді алдағы келе жатқан сала мерейтойымен жылы құттықтау тілектерін қабыл алыңыз. Сәттілік тілеймін.

МҰНАЙҒА ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАС

Мұнай – Қазақстанның негізгі байлығы. Еліміздің мұнай қорлары мен экономикамыздың мұнайгаз секторының жедел дамуының арқасында Қазақстан әлемдегі жетекші энергетикалық державалардың қатарына енді. Қазақстандағы дәлелденген және болжанған мұнай кен орындарының жалпы ауданы ел ауданының 60%-ынан асады. Мамандардың берген деректері бойынша 2015 жылға қарай жылына өндірілетін мұнай және газ конденсатының көлемі 100 млн. тоннаға жетеді. Мүмкіншілік зор болғанымен, мұнай өндірісі көлемінің өсуі мұнай тасымалдау қуаттылығының да арттырылуын талап ететінін ұмытпағанымыз жөн. Қазақстанда өндірілетін мұнайдың 60%-ын «ҚазТрансОйл» АҚ тасымалдайды. Жаңа мұнай тасымалдау нысандарын салу – аса қымбат шара болып табылады және ауқымды жобалардың жүзеге асырылуына тәуелді. Сондықтан да жыл сайын көлемі ұлғайып отырған мұнайды үздіксіз тасымалдау мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарағанымыз жөн. Осы мақсатта осыдан 10 жыл бұрын компанияда «Ғылыми-техникалық орталық» (ҒТО) бөлімшесі құрылып, жемісті қызмет етуде. Бөлімшенің бүгіні мен ертеңі жайлы әңгіме қозғау үшін біз ҒТО директоры, техникалық ғылымдар кандидаты Тимур Алдияров мырзамен кездестік.

Тимур Құбайысұлы, сізді және ҒТО ұжымын орталықтың онжылдығымен құттықтаймын. ҒТО тарихы қалай, неден басталды?

Біздің бөлімше қай жерде болса да қаражаттың жеткіліксіздігі орын алған күрделі заманда ашылды. Ғылым, басқаша айтқанда, өмірдің босағасында қалып қойды. Дегенмен, еліміздің басқа да өндірістік салалары секілді мұнайгаз саласында ғылымсыз даму мүмкін емес. Мысалы, «ҚазТрансОйл» АҚ құрылғанынан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарына, оның ішінде ғылым мен өндірістің ынтымақтастығына, компанияның техникалық қайта жарақтануына, қолданбалы ғылымның дамуына ерекше көңіл бөлді. 2000 жылы Қазақстандағы магистралдық мұнай құбырлары жүйесіне енгізу үшін жаңа технологиялар мен техникалық шешімдерді жасап шығаруға бағытталған ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және инженерлік жұмыстарды жүргізу үшін компанияның «Ғылыми-техникалық орталық» бөлімшесі ашылды. ҒТО-ң басты міндеттері болып мұнай мен газды тасымалдаудың қауіпсіздігі мен үнемділігін арттыру үшін ғылыми-техникалық экспертиза жасау, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау, жаңа техника мен жаңа технологияларды енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау табылады. ҒТО, сонымен қатар, іргелі жөндеу және іргелі құрылыс нысандарының жобалық-сметалық құжаттамасын дайындаумен, ғимараттар мен мұнай құбырларының, су таратқыштарының, газ құбырларының қайта техникалық жабдықталуымен, магистралды құбырлар нысандарының диагностикасына қатысты мәліметтерді сараптаумен айналысады. Бұл алуан түрлі міндеттерді орталық зертхана, техника бөлімі, жобалық-сметалық бөлім және экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау бөлімі секілді құрылымдық бірліктері атқарады.

Барлығымыз білетіндей, Қазақстандағы мұнайдың басым бөлігі жайлы ауыр, парафині көп, өндірілуі қиын секілді сындар айтылатынын білеміз. Бейнелі түрде айтқанда, мұндай мұнай қолға оңай түсе қоймайды. Оны өндіріп, алыс қашықтықтарға тасымалдау үшін елеулі ғылыми ізденіс жасау қажет. Қазіргі күні ҒТО-ң орталық зертханасы мұнай мен мұнай өнімдерінің физикалық, химиялық, реологиялық қасиеттерін талдауға, мұнайды тасымалдау кезінде жаңа технологияларды жасап шығару және қолдану саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге, қазақстандық мұнайдың барлық түрін магистралдық құбырлар арқылы тасымалдаудың болашағы бар технологияларын жасап шығаруға мүмкіншілік беретін заманауи құралдармен жабдықталған .

ҒТО-ң жобалық-сметалық орталығы өз кезегінде онжылдық ішінде жалпы құны бір миллиард теңгеден асатын 500-ден астам жоба-зерттеу жұмысын жүзеге асырған. Жасалған жобалық-сметалық құжаттамалар негізінде Шағыр станциясындағы теміржол мұнай құю пункты, Атасу мұнай тасымалдау станциясындағы зертханалық-тұрмыстық ғимараты, Үлкен Шаған, Өзен, Құлсары мұнай тасымалдау станцияларының жылыту пештері және т.б. нысандар салынған.

- «ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметі барысында құбыр инфрақұрылымын едәуір жаңартып және дамытып алды. Мұнайды тасымалдау қуаттылығын арттырып, жаңа нысандардың құрылысына бағытталған магистралды мұнай құбырлар жүйесін дамыту жұмыстары жүзеге асырылды. Бұл ғылыми-техникалық орталықтың қосқан үлесі болып табылады...

- Оған деректер де, сандар да дәлел. Мысалы, біздің бөлімше ашылғаннан бері жалпы сомасы бір миллиард сексен миллион теңгеге тең жүзден астам ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Дәлірек айтқанда, мұнайды тасымалдау барысында турбуленттілікке қарсы саптаманың тәжірибелік-өндірістік сынақ жұмыстарын өткіздік. Атырау-Самара мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдау көлемін бірнеше есе арттыруға мүмкіндік жасап берген бұл қадамымыз компанияның қолдану бөлімінің көңілінен шықты. Ешқандай қымбат техниканы қолданбай-ақ, тасымалданатын мұнайдың құрамына қосылатын химиялық реагенттің көмегімен экспорттық құбыр арқылы тасымалданатын мұнай көлемін 2000 жылғы 11,8 тоннадан 2009 жылы 17,5 млн. тоннаға дейін көбейтуге жағдай жасады. Бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан қараудың арқасында мұнайды тасымалдау кезіндегі құйындауды азайтып, ағынды бірқалыптандырдық. Бұның экономикалық әсері жылына 28,5 млн. АҚШ долларын құрады. ҒТО мұнайды тасымалдау технологияларын жасау саласының Shell Global Solutions (SRTCA) (Нидерланды), MITSUI CO LTD (Жапония), Infineum (Ұлыбритания), Францияның мұнай институты, Total Fina

ELF, Atofina Seca (Франция), Lubrizol Co. (АҚШ), MI Drilling (АҚШ), Энергия ресурстары көліктерін мәселелері институты (Ресей), Мұнай көлігі институты (Украина), ВНИИНП (Ресей) секілді жетекші шетелдік компанияларымен тығыз байланыс орната білді.

- Ғылыми зерттеу қызметіне қоса ҒТО бөлімшесі «ҚазТрансОйл» АҚ нысандарында қоршаған ортаның жағдайының экологиялық мониторингін жасаумен де айналысады. Қызметіңіздің осы бағыты жайлы не айтып бере аласыз?

- ҒТО қызметінің маңызды элементі болып экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау бөлімі табылады. Мұнда табиғатты тиімді қолдану мен ластаушы заттар мен өндіріс қоқыстарын реттеуге бағытталған табиғатты қорғау құжаттары жасалады.

Осы ретте «ҚазТрансОйл» АҚ қазақстандық ұйымдардың ең алғашқыларының қатарында үш халықаралық стандартқа, яғни, сапа менеджменті саласындағы ISO 9001:2000, еңбек пен қауіпсіздік техникасын сақтау саласындағы OHSAS 18001:1999 және экологиялық менеджмент саласындағы ISO 14001:2004 стандарттарына сәйкес келетінін дәлелдегенін айта кеткеніміз жөн. Өндірістік факторлардың жұмысшылардың денсаулығы мен қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуін болдырмау - компания жұмысының ең басты қағидасы. Халықаралық сертификаттандыру агенттіктері «ҚазТрансОйл» АҚ-ң түрлі салалардағы қызметінің сапасының мінсіз екенін бірнеше мәрте білдірген. «ҚазТрансОйл» АҚ үшін Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасында бар талаптарды орындау, табиғатты сақтау қызметін әрдайым жақсартып отыру, өндірістің экологиялық қауіпсіздігіне қол жеткізу, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану және өндіріс қалдықтарының утилизациясы қызметтің ең басты қағидаларының бірі болып табылады.

Осы қағидаларды ұстана отырып, «Ғылыми-техникалық орталық» бөлімшесі өз қызметі барысында 300-ден астам табиғатты қорғау жайлы құжатты дайындаған. Оның ішінде «ҚазТрансОйлдың» кешенді экологиялық бағдарламасы, магистральды мұнай құбырларында қоршаған ортаны қорғау ережелері, әртүрлі әдістемелер бар. Қазіргі уақытта ҒТО «ҚазТрансОйлдың» табиғатты қорғау саласындағы құжаттамаға деген жыл сайынғы сұранысын толығымен өтеуде.

Әлемдік тәжірибеге сәйкес «ҚазТрансОйл» қоршаған ортаны қорғауда алдын алу шараларын қолдану саясатына ерекше назар аударады. Бұл жүйенің маңызды құрамдас бөлігі болып экологиялық өндірістік мониторинг табылады. Ол табиғатты қолданушыларда әрдайым олардың табиғатты сақтау қызметтері және дәлірек айтқанда қоршаған ортаға әсер ету деңгейі жайлы нақты ақпараттың болуын қамтамасыз етеді.

ҒЫЛЫМ, БАСҚАША АЙТҚАНДА, ӨМІРДІҢ БОСАҒАСЫНДА ҚАЛЫП ҚОЙДЫ. ДЕГЕНМЕН, ЕЛІМІЗДІҢ БАСҚА ДА ӨНДІРІСТІК САЛАЛАРЫ СЕКІЛДІ МҰНАЙГАЗ САЛАСЫНДА ҒЫЛЫМСЫЗ ДАМУ МҮМКІН ЕМЕС.

-Тимур Құбайысұлы, мағыналы әңгімеңіз үшін сізге алғыс білдіреміз. Сіздің бөлімшеңіздің онжылдық ғылыми-зерттеу қызметі «ҚазТрансОйл» компаниясының ісіне, яғни, мұнайдың тұрақты түрде және үздіксіз тасымалдануына қосқан елеулі үлесіңіз деп сенімді түрде айтуға болады. Осындай мереке күні біз ҒТО бөлімшесінің барлық шығармашылық ұжымына шексіз интеллектуалдық мүмкіндік пен барлық жобалардың сәтті іске асырылуын тілейміз.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ «ҰЖЫМДЫҚ ПАЙДАЛАНУ ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ» (ҰПЕО) 2002 ЖЫЛЫ ҒТО («ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ») ФИЛИАЛЫ ҚҰРАМЫНАН КОМПАНИЯДА ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУГЕ МАМАНДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҮЛКЕН ШОҒЫРЫ БӨЛІП ШЫҒАРЫЛЫП ҚҰРЫЛДЫ.

АҚПАРАТТЫҚ КАУПСІЗДІКТІҢ КЕПІЛІ

Филиалды құрудағы мақсат «ҚазТрансОйл» АҚ компаниясын заманауи ақпараттық технологияларды қолдану деңгейі бойынша республикада алдыңғы қатарға шығару еді.

Басым міндеттер қатарында топтық компьютерлік желі құру, кәсіпорын ресурстарын жоспарлау және басқару жүйесін (ERP-SAP/R3) енгізу, электронды құжат айналымын, геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) негізінде мұнай құбыры нысандарын көзге көрсету құралдарын, мұнай құбырының техникалық күйін және жөнделуін бақылау және басқару технологиялық автоматтандырылған жүйесін (ТКжЖБжБАЖ) енгізу тұрды.

Филиал қысқа мерзім ішінде ҰПЕО алдына қойылған міндеттерді іске асыру үшін жеткілікті заманауи жоғары технологиялы жабдықпен және есептеу қуаттарымен жарақталды. Мамандарға озық оқу орталықтарында оқып шығуға мүмкіндік жасалды.

Нәтижесінде 2002 жылы SAP/R3 жүйесі, электронды құжат айналымы, ТКжЖБжБАЖ жүйесі, ал 2005 жылы картаграфиялық жұмыстардың үлкен көлемі орындалғаннан кейін ГАЖ жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

Одан кейінгі жылдары бұл жүйелер ұдайы даму үстінде болып, олардың қолданылу саласы кеңейе түсті, жаңа үлгілері енгізілді.

Электронды мұрағат жасау, ақпаратты қорғаудың заманауи жүйесін құру сияқты басқа да ауқымды жобалар іске асырылды. 2007 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ республикада бірінші болып ISO 27001 ақпараттық қауіпсіздік халықаралық стандартына сәйкестік сертификатын алды.

Қазіргі кезде ҰПЕО филиалы технологиялық және басқару үдерістерін одан әрі автоматтандыруды дәйектілікпен жүзеге асырып келеді, телекоммуникация және ақпараттық жүйелер желісін жоспарлы түрде жаңғыртып отыр, жүйелерді ықпалдастыру, ағымдық пайдалану және олардың ақпараттық қауіпсіздігі мәселелерін шешуде.

7-й Ежегодный Международный Симпозиум

KazStimOil 2011

Церемония награждения
Премией "Oil and Gas Production Awards"
по добыче нефти и газав РК
2-3 июня 2011г.| Алматы | Казахстан

Разделы Симпозиума:
- Инициатива по развитию прозрачности в добывающих отраслях промышленности Казахстана
- Законодательство и налогообложение для недропользователей
- Геология и геофизика - технологические решения
- Новая техника и технологии добычи нефти и газа: оборудование, проектирование и инжиниринг
- Бурение - оборудование, сервисное обслуживание
- Транспортировка - новые пути и решения
- Прямые иностранные инвестиции. Диверсификации экономики Казахстана

Мероприятия проводятся при поддержке:

Министерство нефти и газа РК | Ассоциация Казахстан Петролеум | Всемирный Банк

Email: info@caspian-events.kz
Website: www.caspian-events.kz

CBE

Еңбек өмірбаяндары саланың дамуы үшін елеулі оқиғаларға толы азаматтарға басқалар әдетте өзгеше, аса құрметпен қарайды. Абдрахманов Зинон Бахтиярұлы - зор құрметке лайық тұлға.

АБДРАХМАНОВ Зинон Бахтиярұлы -

1941 жылы туылған. Омбы-Павлодар-Шымкент мұнай құбырының алғашқы бас директоры. 1984 – 1988 жылдары – Шығыс Қазақстан магистралды мұнай құбырлары басқармасының басшысы. 1998 жылдан бастап Каспий құбыр консорциумының аймақтық менеджері.

Мұнайшылар арасында кездейсоқ адамдар сирек кездеседі. Саланың тірегі - Байқадам Жұмағалиұлы Жұмағалиев секілді сенімді, уақыт сынынан өткен мамандар.

ЖҰМАҒАЛИЕВ Байқадам Жұмағалиұлы

(1941–2008 жылдар) 1984 жылы Батыс Қазақстан магистралды құбырлар басқармасының басшысы болып тағайындалды. 1992 жылы «Қазақстан мен Орта Азияның магистралды мұнай құбырлары» өндірістік ұйымының бас директоры, 1997 жылы – «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс бөлімшесінің директоры қызметтеріне кірісті. Мұнайгаз саласында 47 жылдан астам уақыт еңбек еткен.

Мінезі дызылдақ, талмайтын рационализатор Иван Дмитриевич Каспер мұнайгаз саласының дамуына елеулі үлес қосты. Республика мұнайшылары мақтан тұтатын жетістіктердің көбісіне Иван Дмитриевичтің тікелей немесе жанама қатысы бар.

Анатолий Иванович Балашов – «Омбы-Павлодар-Шымкент» мұнай құбыры құрылысын бастаған, еңбек өмірбаяны аса бай мамандардың бірі. Көптеген жылдар бойы «ҚазТрансОйл» АҚ бөлімшесінде қызмет еткен.

КАСПЕР Иван Дмитриевич –

(1935 – 2004). «Южнефтепровод» өндірістік ұйымының бас директорының бірінші орынбасары (1990-1992), 1999-2004 жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ-ң Мәскеу қаласындағы өкілдігінің басшысы болып қызмет атқарды. Мұнайгаз саласындағы стажы – 45 жыл.

БАЛАШОВ Анатолий Иванович,

1939 жылы туылған. Құбыр көлігі жүйесіне 1964 жылы келді. 1972-1978 жылдары Транссібір магистралды мұнай құбырлары басқармасының өндірістік-диспетчерлік бөлімін басқарды. 1997 жылдан бастап Шығыс бөлімшесі директорының тауар-көлік операциялары жөніндегі орынбасары. Салада 37 жыл еңбек атқарды.

Анатолий Иванович Каширский – тағдыры қызық, тәжірибесі бай адам. Саладағы өз жолын мұнай тасымалдау станциясының машинисті болып бастаған Анатолий бұл салада мәңгілікке қалу шешімін таңдады.

КАШИРСКИЙ Анатолий Иванович,

1933 жылы туылған. Құбыр көлігі жүйесіне 1953 жылы машинист болып кірген. 1977 жылы магистралды мұнай құбырларының Оңтүстік басқарамасының басшысы болып тағайындалды. 1982-1993 жылдары «Южнефтепровод» өндірістік ұйымының Бас Директоры болды. Мұнайгаз саласындағы стажы – 40 жыл.

Тарас Мәжитұлы Қасымов - мұнай құбыры көлігінің дамуына бірталай күш-қуатын берген адам. Кеңес өкіметі құлаған кездің өзінде де ол құрылыс көлемін арттыру үшін мүмкіншіліктер таба білген.

ҚАСЫМОВ Тарас Мәжитұлы

1941 жылы туылған. 1993 – 1997 - «Южнефтепровод» өндірістік ұйымының Бас Директоры болды. Тарас Мәжитұлының еңбек жолы қарапайым инженерден үлкен бастық деңгейіне дейін жеткен. Өз қызметі барысында көптеген кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды даярлап шыққан. Жалпы өнеркәсіптің белсенділігі төмендеген кезеңде «Южнефтепровод» өндірістік ұйымының дамуына серпін беріп, өндірістік ұйымның жұмысшылары мен аймақ халқына әлеуметтік қолдау көрсетуге үлкен мән берген. Мұнай-газ саласындағы стажы – 45 жыл.

Мұнай құбыры көлігі саласында қалыптасып қалған ұрпақтар сабақтастығына сүйене отырып, жас мұнайшылар қазіргі ардагерлерге құрметпен қарап, алғыс білдіреді дееген болжам жасауға болады.

ЕЛЕУОВ Кесікбай Елеуұлы,

1942 жылы туылған. 1986 – 1990 жылдары магистралды мұнай құбырларының Оңтүстік басқарамасының Маңғышлақ бөлімшесінің басшысы болып қызмет атқарды. 1994 – 1998 жылдары Ақтөбе мұнай құбыры басқармасын басқарды. Құбыр көлігі саласында қызмет етуге өз өмірінің 35 жылын арнаған.

Өндірістік процесті тек қана ер адамдар ұйымдастыра алады деген пікір бар. Алайда, «ҚазТрансОйл» АҚ-ң құрылуы мен дамуы процесінде ең басынан маңызды рөл ойнаған Мария Ахметқызы Нұрғалиева, Валентина Петровна Максимова, Валентина Павловна Кравченко секілді мамандар бұл пікірді жоққа шығарады. Үшеуі де білікті маман, үшеуі де кәсіби өсудің мықты одақтық мектебінен өткен.

НҰРГАЛИЕВА Мария Ахметқызы,

1939 жылы туылған. 1971 – 1991 – магистралды мұнай құбырларының Оңтүстік басқармасының басшысының құрылыс жөніндегі орынбасары. 1991 - 1997 жылдары «Южнефтепровод» өндірістік ұйымының Бас Директорының орынбасары қызметін атқарды. Құбыр көлігі саласында қызмет етуге өз өмірінің 38 жылын арнаған.

Мұнайгаз саласы кәсіби өсімнің барлық сатыларынан өткен, еңбек сіңірген жұмысшылардың өмірбаяндарына бай. Ондаған жылдар өтсе де, Ізтілеу Баспаев өз өмірін мұнай саласымен байланыстырғаны үшін ешқашан өкініп көрген емес.

Ізтілеу БАСПАЕВ,

1942 жылы туылған. Ол 1960 жылы мектептің он сыныбын бітірісімен-ақ Мұнайлы кен орнына оператор болып жұмысқа орналасты. Оның кейінгі еңбек өмірбаяны толығымен мұнай-газ саласында өтті. 1997-2006 жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ-ң диспетчері және бас диспетчері болып жұмыс істеді. Мұнай-газ саласындағы еңбек өтілі – 40 жыл шамасында.

ЕҢБЕКТІ ЖОЛ - ЖАСТАРҒА ҒИБРАТ

ӘР АДАМ ӨЗ БАҚЫТЫНЫҢ СӘУЛЕТШІСІ ЕКЕНДІГІН БІЛЕМІЗ. АЛ АДАМҒА БАҚЫТ ҮШІН КӨП НӘРСЕ КЕРЕК ПЕ? «ӘРИНЕ, ЖОҚ, ӨЙТКЕНІ БАҚЫТ ӘР КҮНІМІЗДЕ, ОТБАСЫМЫЗДА, ЖҰМЫСЫМЫЗДА БАР», - ДЕП КЕЙІПКЕРІМІЗ ЖАУАП БЕРЕДІ. ЕГЕР АДАМ КЕЗ КЕЛГЕН ІСКЕ САУАТТЫ, ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАСА, ҚОЛЫНАН БАРЛЫҒЫ ДА КЕЛЕДІ. АЛДЫМЫЗДА ҚАРАПАЙЫМ ЕҢБЕКШІ АДАМНЫҢ ТАҒДЫРЫ. МОМЫН, БАЙСАЛДЫ, АЗ СӨЗДІ - ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ СЫЗЫҚТЫ ҚҰБЫРШЫ ҚҰБАЙДОЛЛА ӘМИНҰЛЫ НҰРЖАН ОСЫНДАЙ.

Құбайдолла Нұржан Атырау облысындағы Құлсары қаласында дүниеге келді. Өз ата-анасының мысалында өмірге үйреніп, өсіп-өнді. Үлкен тату-тәтті отбасыда Құбайдолладан басқа оның 3 ағасы мен 3 қарындасы өсті, ал оның өзі үйдің екіншісі болды. Кіші інілері мен сіңлілері туралы қам жеу оған жүктелді. Еңбекке жастайынан үйренген ол 16 жасында мұнай айыру зауытында жұмыс істей бастады.

Құбайдолланың жастық шағы мемлекетте мұнай өнеркәсібі дами бастаған кезге сай келді. Кейіпкеріміз жұмыс істеген Маңғыстау түбегінің әр түкпірінен мұнай айырыла бастады. Сол кезде ол тек 16-ға толған болатын, алайда ол мұнай айыру өнеркәсібінде бүкіл операторлік қызметтерін орындады.

Келесі екі жыл ішінде Құбайдолла өзін бағалы, қабілетті қызметкер ретінде көрсетті; ол тәжірибелерден бас тартпай, ауыр еңбектің әлі реттелмеген жүйесінде үнемі жаңа әдістемелерді іздеді. Сол себепті оның армияда қызмет ету кезі келгенде, Қ. Нұржанды НПС-Құлсарының бүкіл ұжымы шығарып салды. Еңбектестері оған қызметтен соң станцияға қайтып келуді тіледі.

Отан алдында азаматтық міндетті орындап болғаннан соң, Құбайдолла қайтадан сол станцияда оператор болып жұмыс істей бастады.

«Менің ойымша, жастық шағымда станция бастығы Орынғали Мекебаев, инженер Кесікбай Елеуов, аға оператор Түйекен Бисенов, оператор Ербатыр Өтебалиев, пеш механигі Шаншархан Наурызбаев сияқты кісілермен жұмыс істегенім – үлкен сәттілік», - дейді Құбайдолла Әминұлы. «Осы тәжірибелі адамдар маған өз ісімде профессионал болуға көмектесіп қана қоймай, өмірді үйреткен менің мұғалімдерім болды. Мен барлық қол жеткен табыстарым үшін оларға разымын».

...Жылдан-жылға мұнай саласындағы 37 еңбектік жыл елеусіз ұшып өтті. Мұнай айыру зауыты сол бойы қала берді, алайда жұмыс жағдайлары өзгеріске ұшырады, өйткені осы өндіріс «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Батыс филиалының бір бөлігіне айналды.

Құбайдолла Нұржан осында үлкен еңбекті жолды өтті. Алдымен ол жылыту пеш операторы, кейін жылыту қазан машинисті, жүргізуші, сантехник-жөндеуші болып жұмыс істеді. Онан соң басшылық Құбайдолланың кез келген жұмысты орындағандағы кәсіпқорлығын көріп, бағалап, оған одан да артық жауапкершілік жүктеді.

Ол сызықты құбыршы болып жұмыс істей бастады. Ондағы ең басты міндет – мұнай құбырларының үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету. Яғни, бүкіл шыққан олқылықтар мен ескерілмеген жағдайлардың да алдын-алу. Балалық шақтан жауапкер мен еңбекқор болған Құбайдолла Нұржанға осындай серпінді жұмыс тек қуаныш әкелді. Апаттың алдын алудың бір пунктіне бірнеше жүз километр құбыр сай келгенде, құбыр кез келген метрінде жарылып не тот себебінен істен шыға алатын жерде де ол жоғары нәтижелерге жетті. Мемлекетті «қара алтынмен» қамтамасыз еткен артерия үздіксіз жұмыс істеді.

Құбайдолла Әминұлының қатысуымен көптеген әдетте болмайтын жағдайларға жол берілген жоқ.

Осындай жағдайлардың бірі 1986 жылы болды. Түскі үзіліс кезінде диспетчерден дабыл келді. Кейін «Өзен-Гурьев -Куйбышев» мұнай құбырының 558-інші км-інің сызықты суырмасынан тазартушы поршеньнің шыға алмай қалатындығы анықталды. Бірнеше минут ішінде оқиға болған жерге 8 адамнан құрылған топ арнайы көлікпен келді. Дәл сол кезде бұзылғандықтың себебі де анықталды. Суырма электроқозғағышы да істен шықты. Бригада поршеньді шығарып, бұзылғандықты жою үшін, ашық далада 2 күн мен 2 түн өткізді. Алайда уақыт пен күш босқа жұмсалмады. «Өзен-Атырау-Самара» мұнай құбыры қайтадан іске қосылды.

Құлсары мұнай құбырының Авария-жөндеуші пунктінде (АЖП) 49 адам жұмыс істейді. Олар «Өзен-Атырау-Самара» - 182 км, «Прорва-Құлсары» - 103 км, НПС «№3-Қосшағыл» - 119 км мұнай құбырларының мен «Астрахан-Маңғышлақ» - 185 км, «Құлсары-Прорва» - 175 км су таратқыштарының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Олар техникалық қызмет етумен қоса, төрт бағыттағы магистралды құбырлардың үлкен бөлігінде шығатын бұзылғандықтарды жояды.

Кейде жұмыста күнін де, түнін де өткізетінін айтады, керек болса, бірнеше апта бойы далада, жанұялары мен басқа адамдардан алыс тұрады. Бірақ өз жұмысын жақсы көріп, маңыздылығын түсінеді, сондықтан да оны адал орындайды.

«Мен көптеген жылдар бойы жоғары деңгейлі мамандармен бірге жұмыс істеймін, олар: Кенжалы Сары, Жәдігер Бопылдықов, Тынышбек Турабай, аға мастер Әлібек Желгелді мен дәнекерлеуші Серік Ізбасаров. Құбырымыздың қорғанысы мен жәрдемі олардың да қызметінің арқасында қамтамасыз етіліп жатыр. АЖП басқарушысы Ғибатұлла Оразовтың жұмысы да өте маңызды», - дейді Құбайдолла Әминұлы.

Ал Құбайдолла Нұржанның өзі жайында бүкіл әріптестері тек жақсы нәрселер айтады. Серік Ізбасаров пен Тынышбек Турабаевтің пікірлері мынадай: «Құбайдолла осында 37 жыл бойы жұмыс істеп жатыр. 25 жылдан аса біз бірге жұмыс істейміз. Ол өз ісіне зейін салып қарайды. Жұмыс үрдісін өте жақсы көреді. Әрқашан да жоғары нәтижелерге ұмтылады. Әрқашан да кез келген нәрсеге өзі үйренуге дайын болады, жас мамандарды да үйретеді. Олқылықтың себептерін бірден байқайды.

Бүгін Құбайдолла Әминұлы – «ҚазТрансОйл» Батыс филиалының Құлсары мұнай құбырлары басқармасының АЖП 6-дәрежелі сызықты құбыршысы. Ол - өндіріс үздігі.

Құрмет тақтасында оның суреті, ал кеудесінде Энергетика мен минералды ресурстар Министрлігінен «Қазақстан құбыр транспортына – 70 жыл» ескерткіш медалі ілініп тұр. Осылайша «ҚазТрансОйл» АҚ басқармасы өндірісте 35 жылдан астам жұмыс істеген кісіге өз разылығы мен құрметін көрсетті.

Ал 2000 жылы Қазақстанның құбыр транспортына 65 жыл толғанына байланысты өткізілген «Ең жақсы сызықты құбыршысы» атты жарысқа қатысқан Құбайдолла Нұржан көптеген қатысушылардың ішінен 2-дәрежелі дипломға ие болды.

Кәсіпқорлығымен қоса, кейіпкеріміз – үлгілі отағасы. Қоғамда оны екеуі де үшін бірдей құрметтейді. Әйелі Алтын Елеусізова екеуі 4 қызы мен 1 ұлды тәрбиеледі. Оның әйелі көп жыл бойы Жылыой ауданында медбике болып жұмыс істейді.

Өзін аямай, Қазақстан құбыр транспортының дамуына көп күш жұмсаған қарапайым адам туралы әңгіме осындай.

ЕЛ КӘДЕСІНЕ ЖАРА ЕҢБЕК

«ӘЙЕЛ БАРЛЫҒЫН ІСТЕЙ АЛАДЫ, ҚАЛҒАНЫН ЕРКЕК ІСТЕУІ ТИІС» - ЕЛЕНА ЕЛЕКРИНЦЕВАМЕН ТАНЫСҚАННАН КЕЙІН ЕҢ АЛҒАШҚЫ БОЛЫП ФРАНЦУЗ ЖАЗУШЫСЫ АНРИ РЕНЬЕНІҢ БҰЛ СӨЗДЕРІ ЕСІМЕ ТҮСТІ.



Өзінің еңбек мансабын 1987 жылы 20 жасында бастаған Елена 23 жыл бойы «ҚазТрансОйл» АҚ-ң Батыс филиалының «Қаражамбас» Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының өндіріс-диспетчерлік станциясында тауарлық оператор болып қызмет етеді. Осы уақыт ішінде Елена өз ісіне деген адалдығын ғана емес, сонымен қатар, кез келген жұмыста аса қажет өз кәсібіне деген сүйіспеншілігін де дәлелдеп берді.

- Біздің жұмысымыздағы ең маңыздысы – тұрақтылық. Тұрақтылық болса басқасы да ойдағыдай болады. Құралдар мен жабдықтар әрдайым өз ретінде болып, тұрақты көрсеткіштерді қамтамасыз ету керек, - дейді Елена өз жұмысының маңыздылығы туралы баяндау барысында.

Оның жұмыс күні алты компьютері бар диспетчер орнында өтеді. Олардың көмегімен мұнайды тасымалдау процессі әрі бақыланады, әрі басқарылады. Еленаның міндеті - мұнайдың ақырғы орынға қажетті деңгейде жеткізілуін бақылау болып табылады. Ол үлкен жауапкершілікті талап етеді. Оған қоса, тауарлық оператор қара алтынның сапалық көрсеткіштерінің сақталуы үшін де жауап береді. Ол зертханаға анализ үшін үлгілерді үнемі жіберіп отырады. Елена мұнайды сипап көрген сирек адамдардың қатарына жатады.

- «Қаламқастағы» мұнай ауыр. Қара түсті. Оның өзіндік ерекшелігі бар.

Қолығыңызға алғаннан кейін бірден сезесіз. Бұны сөзбен айтып жеткізуге болмайды, - деп күлімдеді Лена. Химиялық құрамына қарағанда адам үшін қауіпті шикі мұнаймен жұмыс істейтіні оны мүлдем толғандырмайды. Керісінше, ол мұнай туралы мақтан етіп сөйлейді. Оны жасырмайды да. Оның айтуы бойынша, Елена өз жұмысын сүйеді.

Елена Елекринцеваның бастығы К. Меңдіғалиев те бұны растады. Ол бізге Елененың өз ісінің шебері екендігі, жұмысын адал атқаратындығы және ұжымы оған сенім, құрметпен қарайтындығы жайлы әңгімелеп берді. Елена әрдайым жаңадан білім іздеуде және бар білімі мен тәжірибесімен қуана отырып әріптестерімен бөліседі.

Елена Елекринцева өзінің шеберлігі мен өз ісіне адалдығын бірнеше рет дәлелдеді. Ол - ішкі және халықаралық деңгейдегі «Өз кәсібінің үздігі» кәсіби шеберлік сайысының бір емес, бірнеше дүркін жеңімпазы. 2002 жылы «ҚазТрансОйл» компаниясының қызметкерлері арасындағы сайыста жеңіске жетсе, 2004 жылы Қазақстан мен ресейдің ең ірі мұнай тасымалдаушылары «ҚазТрансОйл» мен «Транснефть» компанияларының қызметкерлерінің арасында топ жарды. 2007 жылы ол Қазақстан, Ресей, Украина және Беларусь елдерінің өкілдері қатысқан халықаралық додада да бас жүлдені ұтып алды.

Ол күндерді Елена қуана отырып еске алады:

- Бұл сайыстар менің өмірімдегі ең ұмытылмас сәттері деп айта аламын. Өйткені, олар адамды дамуға, өзін өзі жетілдіруге итермелейді. . Бұл бірінші. Екіншіден, ол үлкен тәжірибе алмасу. Олай болса,ол – еңбек өнімділігінің артуы. Сайыстың жабылуы, әдетте, қатысушылар үшін үлкен мерекеге айналады. Адамдар қайда болса да жұмыстары туралы сөйлесе алмайды. Ісімді өзіммен бірдей білетін әріптестеріммен талқылап, жаңадан ақпарат алуға мен әрдайым дайынмын.

Кәсіби мамандар арасында сайыс өткізудің компанияның дәстүріне, барлық ұжым мен әрбір қызметкердің сәттілігінің кепіліне айналуы кездейсоқтық емес.

«ҚазТрансОйл» АҚ мұнай тасымалдаудың қауіпсіздігі мен сапасына ерекше көңіл бөледі. Бұл процесстер қашықтықтан-ақ жүргізіле береді. Қазіргі заманғы жетістіктердің арқасында мұнайдың магистральдардың бойымен кен орнынан ақырғы орынға дейінгі тасымалдануын аймақтық бөлімшелерден де, Астанада орналасқан бас диспетчерлік бөлмеден де бақылауға болады. Дегенмен, ең негізгі жауапкершілік диспетчерлік станцияда орналасқан қызметкерлердің мойнында. Төтенше оқиға орын алған жағдайда олар ең бірінші болып апат орнына келіп, қажетті іс-шаралардың барлығын жасайды.

Біз Елененың компаниямен бірге ержетіп келе жатқан мамандардың бірі екендігін атап өттік. Ғасырдың бір ширегі ішінде ол ескі әдістердің орнына жаңа технологиялардың келіп жатқанына куә болды. Жұмыстың мәні өзгермегенімен, технология өзгерді. Осыдан он жыл бұрын жұмыстың басым бөлігі қолмен жасалса, қазір барлығы оңайланды. Автоматика өзгеріп, енді жұмыс компьютерлердің көмегімен жасалады. Бүгін тіпті қаламды да қолға жиі алмаймыз...Барлық мәліметтер электронды түрде жазылады, сақталады, жіберіледі.

Тауарлық оператордың жұмысы туралы әңгімелегенде оның жұмыс тәртібін атап өтпеуше болмайды. Вахталық әдіс кезінде жұмысшылар жұмыста айдың бір жартысын өткізеді. Елена 15 күнді шексіз ми даладағы өткізсе, қалған 15 күнді үй шаруаларымен айналысады.

- Кейбір адамдар менің жұмысым рақат деп ойлайды. Шын мәнінде, 15 күндік ауысым – оңай шаруа емес. Бізді күн сайын ауысып тұратын ұшақ экипажымен салыстыруға болады. Бір апта біз таңертеңнен кешке дейін, екінші апта кештен таңертеңге дейін жұмыс істейміз. Бірінші апта әдетте оңайға түседі. Әдеттегі уақытта оянып, уақытында ұйқыға батамыз. Алайда, одан кейінгі аптада қиындау. Ең қиын уақыт – таң атар алдындағы мезгіл. Бізге біздің әріптестеріміздің қауіпсіздігі байланысты – ол айдың екінші аптасы. Ал ең қызығы – айдың екінші жартысы. Алыс, шаң даладан біз қуанышпен үйге, қалаға ораламыз. (Күледі). Бұл 15 күнді біз мүлдем басқаша өткіземіз. – дейді Елена.

- Бірақ, біз мұндай өмір салтына үйреніпте қалдық.

Әңгіменің ең басында Еленамен танысқаннан кейін есіме түскен ең алғашқы сөздер есіңізде ме? Бұл - бірінші әсер.

Неге деп сұрайсыз ба? Өйткені, мен өз өмірінің 23 жылын қиын кәсіпке арнаған әйелмен кездесуім тиіс еді және бұл жас, сүйкімді, сымбатты әйелдің ҚазТрансОйл» АҚ-ң Батыс филиалының «Қаражамбас» Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының өндіріс-диспетчерлік станциясында тауарлық оператор болып жұмыс істейтініне сене алмадым. Бұл әйел не істесе де биік тұғырдан табылады. «Әйел барлығын істей алады, қалғанын еркек істеуі тиіс»

ОНЫҢ ЖҰМЫС КҮНІ АЛТЫ КОМПЬЮТЕРІ БАР ДИСПЕТЧЕР ОРНЫНДА ӨТЕДІ. ОЛАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН МҰНАЙДЫ ТАСЫМАЛДАУ ПРОЦЕССІ ӘРІ БАҚЫЛАНАДЫ, ӘРІ БАСҚАРЫЛАДЫ. ЕЛЕНАНЫҢ МІНДЕТІ – МҰНАЙДЫҢ АҚЫРҒЫ ОРЫНҒА ҚАЖЕТТІ ДЕҢГЕЙДЕ ЖЕТКІЗІЛУІН БАҚЫЛАУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ОЛ ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ.



ҚАРАПАЙЫМ БАҚЫТ

ГЕННАДИЙ ИВАНОВИЧ КРИКОВПЕН КЕЗДЕСУГЕ ДАЙЫНДАЛҒАНЫМДА ҚОЛЫМДА КЕЙІПКЕРІМНІҢ ӨМІРБАЯНЫ ЖАЗЫЛҒАН БІРНЕШЕ ЖОЛДЫҚ ДЕРЕК ҚАНА БАР ЕДІ. СОНЫҢ ӨЗІ ҚЫЗҒЫЛЫҚТЫ ӨМІРБАЯНЫ БАР АДАММЕН КЕЗДЕСУГЕ ЖЕТКІЛІКТІ БОЛЫП, АСЫҚТЫРА БЕРДІ.

Есігін қағып тұрмын. Геннадий Ивановичтің жұбайы қарсы алды. Қонақжай пейілмен жымиған күйі төрге шақырды. Үйдің ішінде ерекше тыныштық тұнған. Оның себебін кейінірек түсіндім, жағымды аура үй иелерінен тарайды екен.

– Геннадий Иванович қазір келеді, – деді әйелі. Шынында да үй иесі көп күттірмеді. Әдеміше, бойшаң, 63 жастағы ер адамның даусы әскери тәртіптен шираған да.

Өзімді таныстырған соң, кездесуіміздің себебін түсіндірдім.

– Мен не айта алады дейсіз?! Ерекше қасиетімде жоқ. Көппен бірдей өмір сүріп, жұмыс істеймін, – дейді кейіпкерім қарапайым тілмен.

Геннадий Ивановичтің өміржолы әркезде де тұрақты бірқалыппен өтіпті. Шынында бүгінгі күні мұндай тағдырды сирек кездестіресіз. Алайда, Индерлік жігіттің өнегелі өмірінің құпиясы жас күнінде жолығып, ғашық болған сүйіктісіне үйленуінде және бір өнеркәсіпте табан аудармай 40 жыл еңбектенуінде жатқан секілді.

Бұрынғы Гурьев облысы (қазіргі Атырау), Индер ауданы Горы ауылында дүниеге келген Геннадий Иванович орта мектептің сегізінші сыныбын бітірген соң Гурьев қаласындағы №13-ші кәсіптік-техникалық училищеге КИПиА слесарі мамандығы бойынша оқуға түседі. Оқуды 1965 жылы бітірген он сегіз жасар жас жігіт өзінің еңбек жолын химия зауытында бастайды. Өзі де тыңғылықты жас маман кез-келген тапсырманы асқан жауапкершілікпен орындайтын. Өз ісіне жаны ашитын жас жігіттің алғырлығын байқаған өндіріс басшылығы іс-тәжірибесі аз болса да оны кезекшілікке бірден ауыстырады. Іске қосылғанына көп болмаған зауыт еңбегіне осылай араласқан жас маман жаңа өндірістің аяғынан тік тұруына аянбай еңбек етті. Сол жылдары Геннадий Ивановичке училищенің тапсырмасымен Шешенстан астанасы Грозныйдағы мұнай өңдеу зауытында алған алты айлық іс-тәжірибенің де көп көмегі тиіпті. Бірақ, жас жігіт өндіріске қажетті тәжірибені толықтай алуға мүмкіндігі болмай, азаматтық борышын орындауға аттанды. Сөйтіп жас Криков Кеңес әскерінің қатарына шақырылады. Екі жылдан соң ол көңіліне ыстық химия зауытына қайта оралды.

ЕҢБЕК КІТАПШАСЫНДА, ЖАЛҒЫЗ ҒАНА, «КИПИА-ҒА СЛЕСАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ АЛЫНДЫ» ДЕГЕН ЖАЗУ БАР. ҚАЛҒАНДАРЫ – ҚҰРМЕТТІК, ҚҰРМЕТТІК, ҚҰРМЕТТІК ЖАЗУЛАР...

Жылдар өтіп жатты, отбасылы болды. Жұбайы Тамарамен Геннадий әскерге дейін-ақ танысқан. Тағдырдың жазуы шығар, олардың алғашқы кездесуі ғұмырлық сыйластыққа ұласты. Жалын атқан жас шақта тұтанған ыстық сезім оларға әлі де жылу береді. Өйткені, 39 жылдық отбасылық өмірде Геннадий Иванович пен Тамара Петровна бірде-бір шәй деспеген. Осыған қарап «отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды» деген сөз бекер ме дерсіз?! Шынында солай. Олар тұлымшақтай сүйкімді екі қыз өсіріп, тәрбиелеп отырған отбасы. Үлкені Ирина, медициналық институтты тәмамдап, өз арманы бойынша дәрігер болып қызмет етуде. Жыл сайын оның қызы Елизавета атасы мен апасына жазғы демалысқа келеді. Ал, кіші қыздары Наталья, әкесі Геннадий Ивановичтің жолымен жүріп, мұнайтасымал басқармасында, салық бойынша жетекші маман қызметін атқаруда.

Геннадий Криков Атырау мұнайтасымал басқармасына жұмысқа кездейсоқ түрды деуге болады. 1971 жылдың күзгі күндерінің бірінде оған жақын досы Вячеслав Хван келе қалады. Ол өз әңгімесінде Балықшы аудандық мұнайтасымал басқармасы жайлы (қазір – Атырау мұнайтасымал басқармасы) айтады. Сөз арасында досына бірге қызмет етуді ұсынады. Геннадий Иванович негізі мұндай ұсынысты күтпеген еді. Бірақ жанашыр досының сөзіне ойлануға мәжбүр болады. Ақыры өз шешімін айтты. Сөйтіп, жаңа жұмыс орны оның тәжірибесін молайтуға, кәсіби біліктілігін нығайтуға мүмкіндікті молынан берді. Содан бері 38 жыл өтіпті. Осынша жыл ішінде Геннадий Иванович өз ісінің білгірі бола түсті.

Жылжып жатқан жылдар өнеркәсіпке де оң әсерін тигізбей қоймады. Бүгінгі күнге лайық көпсалалы өндірісте жетік технологиялар қолданылады және ең жаңа технологиямен жабдықталған.

– Мен мұнда жұмысқа келгенде бір ғана мұнай сору стансасы тұратын, Индер зауыты кейіннен іске қосылды. Сонда жұмыс істеу қиын болатын, бәрін қолмен істейтінбіз, көзге анық көрініп тұратын. 74 жылы америкалық автоматты құрылғыны іске қосқаннан кейін аздап жеңілдеді, ал қазір, еңбек үдерісі толықтай компьютермен басқарылады, – дейді менің кейіпкерім.

Шынында да, бүгінгі күні Атырау мұнайтасымалы басқармасына қарасты «Атырау» МӨБ-де «ҚазТрансОйл» АҚ-ның барлық бөлімшелері секілді технологияларды автоматты басқару жүйесі «SCADA-мен» жабдықталған. Бұл операторларға құбыр арқылы мұнай сору үдерісін монитордан бақылауға мүмкіндік береді. Осы жүйені іске қосу жұмысына біздің кейіпкеріміздің сіңірген еңбегі мол. Геннадий Ивановичтің қатысуымен «Атырау» МӨБ-індегі 1-ші құю-төгу эстакадасы ашылған болатын. Бұған «Атырау» МӨБ-і арқылы мұнай мөлшерін есептеудің автоматты желісі жалғанған. Мұнай саласына таптырмас маман бүгінгі күні несімен мақтанады? Жұмыстағы табысы мен өз жетістігіне ме? Жоқ! Геннадий Иванович өзінің шәкірттерімен мақтанады. Ол білгір және ұлағатты ұстаз ретінде өз саласында таптырмас маман атанған және белгілі бір деңгейге көтерілген көптеген шәкірт тәрбиеледі.

– Біздің Геннадий Иванович секілді адамдарды бүгінгі күні шаммен іздеп таппайсың. Осы кісілердей адамдар өмірде көп болса тіршілік басқаша болар еді. Мен оның шәкірті болғаныма қуанам, – дейді «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Батыс бөлімшесіне қарасты Атырау мұнайтасымалы басқармасының «Атырау» МӨБ-нің АСУ инженері Андрей Найденышев. – 90-шы жылдардың басында, былай айтқанда, бозбала шағымда, теміржол техникумын бітірген соң мен осы басқармаға слесар болып жұмыс істеуге келдім. Мені Геннадий Ивановичтің қарауына берді. Сөйтіп, менің кәсіби қадамдарымды қадағалаған осы кісі болды. Геннадий Иванович маған тапсырылған аумаққа асқан жауапкершілікпен қарауды тәптіштеп үйретті. Мен бүгінгі күннің өзінде оның көмегін, оның жолдастық демеуін сезінемін. Тіпті, көптеген сауалдардың жауабын ұстазымнан сұраймын. Сондықтан Геннадий Ивановичтің кез-келген нәрсені лайықты деңгейде орындайтынына сенемін, білемін, оған сенімдімін. Иә, оның әкелік көзқарасы әлі күнге сезіледі...

Мұндай мойындаудың құны қымбат. Себебі, өзінің тәрбиесін көрген адамнан артық ешкім де ұстазын тани алмайды, біле бермейді. Мұндай сөздерді Криковтің тек шәкірттері ғана емес, үлкен еңбек ұжымында қатар еңбек етіп, бір отбасындай болып кеткен әріптестері де, замандастары да растайды, қайталайды, айта түседі. Қысқасы, еліміздің мұнайгаз саласының нық тұруы мен дамуына сіңірген еңбегін мемлекеттік наградалары айқындай түседі. Өз еңбек жолында мұнай өндірісінің үздігі Геннадий Иванович «Магистральды құбыржелі траспортының құрметті қызметкері» төсбелгісімен және «Қазақстан құбыр көлігіне 70 жыл» мерейтойлық естелік белгісімен марапатталған. Ал, еңбек кітапшасында, жалғыз ғана, «КИПиА-ға слесарлық қызметке алынды» деген жазу бар. Қалғандары – құрметтік, құрметтік, құрметтік жазулар...

«...Өмір адамға бір рет қана беріледі, сондықтан мақсатсыз жұмсаған жылдарға өкінбейтіндей өмір сүру керек.» Островскийдің осы бір сөздері Геннадий Ивановичке арналғандай. Өйткені, оның өмірі ашық тұрған кітап секілді. Кітаптың әрбір беті қарапайым жұмыскер жанның ғұмырын паш ете түседі. Оның өмірі бай, жарық, ұғынықты, лайықты рахатқа толы. Алға қойған мақсат айқын, күш-қуат жеткілікті...

МҰНАЙ ҚҰБЫРЫ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ

«ҚАРА АЛТЫН» ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ БАСТЫ ҚАЗЫНАЛАРЫНЫҢ БІРШІ. ТАЛАЙ ЕҢБЕКТІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН МҰНАЙ САЛАСЫ АДАМ ФАКТОРЫНЫҢ, ЯҒНИ ӨНДІРІСТІК ТЫЛДЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ҒАНА МҰНАЙДЫ ӨҢДЕУ, ӨНДІРУ, ТАСЫМАЛДАУ ПРОЦЕСТЕРІ ҮЗДІКСІЗ ОРЫНДАЛУДА. СОНДЫҚТАН ДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ ҚҰБЫРЫНЫҢ 75-ЖЫЛДЫҒЫ МҰНАЙ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРІ АМАНГЕЛДІ НҰРҒАЛИҰЛЫ ЫСМАЙЫЛОВ ҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА.

1958 жылы Қызылжар тұрғындары Нұрғали мен Айшаның жанұясындағы бесінші және кенже бала Амангелді туылады. Оның ата-анасы мен жақын туыстары тау-кен орындарында, жол құрылысында еңбек етіп жүрді. Сегізжылдық мектепті тәмамдағаннан кейін өз өмірін жұмыс еңбегімен байланыстыруға бел буған бала Сатпаев қаласындағы техникалық училищеге түседі. Онда жүк автомобильдерінің жүргізушісі мамандығын игереді. 1982 жылы Жәйрем қаласына БелАз жүргізушісі болып қызметке орналасады.

Қазақтың ұрпақтар сабақтастығына қатысты дәстүрлеріне сәйкес кіші бала үй иесі болып саналады. Осы дәстүрді сақтаған Амангелді өз ошағына оралып, мұнай құбырына жұмысқа тұрады. Жас кәсіпорынға жас мамандар қажет болды. Жұмыс аз болған жоқ. Басты мақсат – Ресейден Шымкентке қарай Павлодар облысы арқылы мұнайдың үздіксіз және қауіпсіз түрде тасымалдануын қамтамасыз ету.

Содан бастап, Амангелді Нұрғалиұлының өмірі қазақстандық жердің басты байлығы мұнаймен байланысты. 27 жыл ішінде ол талай қиыншылыққа тап болды, бірақ олардың барлығын да жеңе алды. 1980-ші жылдардың басында өнеркәсіпте еңбек ету аса қиын болатын. Жұмыстың барлығы қолмен жасалды. Алайда, жылдар өткен сайын салада елеулі өзгерістер орын алып, мұнай тасымалдау процесі толығымен автоматты түрде жүргізілетін болды.

Ол уақытта мұнайшының жұмыс тәртібі қалыпты жұмыс тәртібінен өзгеше болды. Дұрыс ұйқыны бірден ұмытуға тура келді... Тәулік бойы мұнайдың әрбір тамшысының қажетті жерге жетуін бақылап отыру оңай шаруа емес. Амангелді Ысмайылов «қара алтынның» қажет мөлшерде тасымалдануын қатаң бақылап отырады. Күні-түні станция басшыларына мұнай ағымының жағдайы жайлы баяндап беріп отырады. Өндірістік тізбекте мұнай құбырындағы олқылықтарды ол ең бірінші болып байқайды.

Еңбек жолының бастапқы кезеңі жайлы Амангелді Нұрғалиұлының естеліктері мынадай; «Бұрын біз мұнайды Шымкент өңдеу зауытына жеткізетінбіз. Ол жылдарды есіме алғанда көз алдыма бірден Атасудан келе жатқан, мұнайға толы цистерналар вагондары келеді. Осы вагондарды сапалы түрде жүктеп, жіберуге дайындау басты міндет болды. Шойыннан салынған жол үлкен цистерналарда тасымалданған мұнай көлемін әрең дегенде көтеретін.

Осы жылдар бойы жұмыс белсенді түрде жүргізілді деп айта алмаймын. 1995-200 жылдар аралығында жұмыс көлемі азайды. Бірақ, 2000 жылы Атасу құю эстакадасы іске қосылғаннан кейін процесс тездетіліп, жұмыс істеу процесі біраз оңайланды. Ал Қызылорда облысында Құмкөл базасы салынғаннан кейін біздің нысандағы өмір қайнап кетті. Қол еңбегін техника алмастырды. Радио байланысының орнына кабельдер келді. Бұл қысымды 25-30 шақырым қашықтықтан межелеуге мүмкіндік берді. Бақылағаннан басқа, жапқыштарды керек кезінде ашып-жабуға, өткізгіш үздіксіз жұмыс істеуі үшін бейне бақылауға жағдай жасады. Электроника деген осы».

- Қазір Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры арқылы ай сайын 600-800 тонна мұнай тасымалданады. 4-5 жыл сайын құбырлардың тексерілуі мен диагностикасы өткізіледі. Табылған олқылықтар бақылауға алынып, оларды жою жұмыстары басталады. Мұнай құбырының өзі айына екі рет тазартылады. Мұнай қалдықтары Атасу станциясына жеткізіледі, - дейді өз ісінің маманы Амангелді Ысмайылов. Жерасты құбырларының жұмысын бақылайтын адамның ерекшеліктері көп, әсіресе, ашық құбырды бақылайтын адамға қарағанда жауапкершілігі зор.

Амангелді Нұрғалиұлының адалдығы мен жауапкершілігін бағалап, 2000 жылы Тәуелсіздік күніне орай «ҚазТрансОйл» АҚ президентінің өзі Амангелді Ысмайыловты «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады. Бұл медаль алғыс хаттары мен марапаттау хаттарының санатына қосылды. Сонымен қатар, 2005 жылы мұнай құбыры көлігінің 70-жылдығына орай Амангелді Ысмайылов ұзақ және мінсіз еңбегі үшін «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ-мен құрмет грамотасымен мадақталды.

Жұмысына бар жігерін беретін мұнайшы үшін жанұядағы тылдың мықты болуы қажет. Амангелді Ысмайыловтың ең жақын досы мен әріптесі – оның әйелі Нұрғайша. Қонақжайлы әйел қашан болса да күйеуінің достары мен әріптестері үшін майлы дастарқан әзірлеп беруге дайын. Оның жасаған қымызы аса дәмді. Табиғаты бай аймақта туылған ол күйеуінің еңбегін қолдап, екеуі төрт баланы тәрбиелеуде.

Бүгін өз жерінің патриоты, өз ісінің үздігі Амангелді Ысмайылов болашақтан зор үміт күтеді. Мұнай саласындағы орасан зор жоспарлар мен жетістіктер – оның мақтанышы. Ол еліміздің бас байлығы мен саланың дамуы жайлы сағаттап әңгіме айта алады. Аймақтың жарқылдаған маржанына айналған мұнай орталығы Қазақстан азаматтары, яғни біз үшін де мақтаныш.

Салтанат Аманқызы

АМАНГЕЛДІ НҰРҒАЛИҰЛЫНЫҢ АДАЛДЫҒЫ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІН БАҒАЛАП, 2000 ЖЫЛЫ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ӨЗІ АМАНГЕЛДІ ЫСМАЙЫЛОВТЫ «ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАДЫ.

ТӘҢІРДІҢ БЕРГЕН КӘСІБІ

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

- СҮЙІКТІ АСЫҢЫЗ?

- ӘРИНЕ, БЕСБАРМАҚ, МӘНТІ, БЕЛЯШИ, КӘУАП ЖӘНЕ ТЕК ЕТ (ОСЫНЫҢ БӘРІН ШЫНАЙЫ КҮЛКІМЕН КӨМКЕРЕДІ)

- КІТАП ОҚЫҒАНДЫ ҰНАТАСЫЗ БА?

- ИӘ, ӘСІРЕСЕ ДЕТЕКТИВТЕРДІ.

- ТЕЛЕДИДАРДАН НЕНІ КӨРЕСІЗ?

- ЖАЛПЫ ӘЛЕМДЕ, ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ШАЛҒАЙ ОБЛЫСТАРДА НЕ БОЛЫП ЖАТҚАНЫНАН ХАБАРДАР БОЛУ ҮШІН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТАПЖЫЛМАЙ КӨРУГЕ БАРМЫН.

Оның еңбек кітапшасына жалғыз ғана – «Павлодар» мұнай өндіруші стансасының мөрі басылған. Юрий Николаевич Анушкинсіз бірде бір электроқұрылғы диагностикалық тексеруден өтпейді, ол мұнай өндіруші стансалардың аса күрделі жүйелері мен кешендерінің жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарына белсене қатысады.

Қонақта...

Менің кейіпкерімнің бос уақыты мүлде аз екен. Оны іздеп тауып, кездесу жайында келісу үшін біраз еңбектенуге тура келді. Тіпті, оның өмірі әрбір минут сайын жоспарланып тасталғандай көрініп те кетті. Және сол әсер онымен сұхбаттасқан соң мүлде беки түсті. Өйткені, түнгі кезекшіліктен шыққан Юрий Николаевич Анушкиннің сүйікті автокөлігі тұратын тұраққа асығатыны белгілі болды. Екеуара әңгіме кезінде ол өзі туралы, кешегі және бүгінгі күн жайлы еш мақтанышсыз сөйлеп отырды.

Юрий Анушкин 1982 жылдан бері «Павлодар» ММӨС-да электроқұрылғыларды қамтамасыз етуші маман – эллектромонтер болып жұмыс істейді. Жұмыс өте жауапты, себебі, мұнайөндіруші стансаның электроқұрылғыларындағы кінәратты анықтау болуы мүмкін апаттың алдын алумен бірдей.

Бала күнінде ол өзінің армандарын мұнай саласымен мүлде елестетіп көрмепті. Барлық балалар секілді доп теуіп, ата-анасына үй ішінің таусылмас ұсақ-түйек шаруасын қамдауға көмектескен. Сол бала күнгі ойындарының арасынан біреуі ғана сүйікті ісіне айнала бастайды. Біздің кейіпкерді механика қатты қызықтырыпты. Мамандық таңдар кезінде қызығушылығы білім таразысынан асып төгіле жаздайды, соның ақыры жас жігіттен қолы алтын электромонтер маманы сомдалады. Туыстары Юрий Николаевичтің кез-келген затты құрастыратынын айтады. Үйінде көбіне болмайтын ол көлік тұрағында ескі темір-терсектен және қолда бар қосалқы құралдардан түрлі құрылғыларды жобалап, құрастырады.

Қазақтың «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген сөзі Юрий Николаевичке арналғандай. Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Галкино ауылындағы орта мектепті бітірген соң, Анушкин 1978 жылы Шарбақтыдағы Ауыл шаруашылығын механизациялау және электрлендіру техникумына оқуға түседі. Оның айтуынша, техникумда алған білімді бүгінгі күні кез-келген жоғарғы оқу орны бере алмайды.

1982 жыл біздің кейіпкер үшін өтпелі кезең болыпты. Юрий Николоаевич үшін жаңа өмір басталып, болашақ жары Светланамен танысады және жаңадан

ашылған мұнай базасына жұмысқа орналасады... Ал, жұмысты жақсы істеу ауыл жігіті үшін үйреншікті нәрсе еді. Жаңа жұмыс орнында Анушкиннің өзін үздік маман ретінде көрсетуінің арқасында жас жұбайлар баспанаға қол жеткізеді.

Байыптап сөйлеу, шынайы көзқарас... Әйелі Светлана Александровнаның сөзіне қарағанда, күйеуі ешқашанда тек Юра болып қалмаған. Жас күнінен бәрі де оны әкесінің атымен, Юрий Николаевич деп атапты. Алайда, Юрий Николаевич отбасы үшін ең алдымен тек еңбекқор жан ғана емес, қамқор ер, тәрбиелі әке және мейірімді ата бола білді. Анушкиннің мінезін «екі ауыз сөзбен» сипаттағанда, шамасы, мінезіндегі ерік пен тұрақтылықты баса айту керек секілді. «Жас күнімде көптеген нәрселерге баса назар аудармағаныммен қазір соның бәрі маңыз ала бастады» дейді Юрий Николаевич. Мүмкін сондықтан да шығар, Анушкиндер отбасында 30 жылдық ғұмыр жұмсалған жұмыс жайы соңғы кездері жиі сөз болады.

Бекетте

Мұнда бәрі әдемі әрі тыныш. Тек, түйе мойын құбырлар ғана қайда жүргеніңді еске салатындай. «Павлодар» мұнай өндіруші стансасында мұнайға арналған 8 құбыр, 180-нен астам электроқұрылғылары тынымсыз жұмыс істеуде. Стансаның бар қызметкері жоғарғы қуаттың астында еңбек етеді. Біз Юрий Николаевичті жол бойында кезіктірдік. Ол құрылғыны тексеруге келе жатыр.

Юрий Николаевичтің бұрынғы әріптесі, қазіргі жетекшісі, «Павлодар» ММӨБ-нің энергетигі Владимир Сумоносовтың айтуынша, кезекші электромонтердің қолына бүтін станса қарайды және тауарлық мұнайды соратын электроқозғалтқыштардың, құбыржелілік жылжытқыштардың, желдеткіш құрылғылардың жай-күйі соның құзырында. «Егер бір құрылғы дұрыс жұмыс істемей, уақытында ашылмаса мұнай өндіру ісі ақсап, тіпті бүкіл станса жұмысы тоқтап қалуы әбден мүмкін. Бүгінгі таңда барлық құрылғы электрлендірілген, сондықтан электромонтер мамандығы біз үшін алтынмен тең. Түрлі төтенше жағдайларға да тап болдық. Осыдан бірнеше жыл бұрын найзағай соғып, мұнай өндіру бекеті тоқтап қалды. Әрине, қиындықты тез арада Юрий Николоаевичтің арқасында оңай шештік. Өйткені, бүкіл жүйені қайта қалпына келтіріп, электроқұрылғыларды жұмыс істету керек еді», – дейді Владимир Сумоносов.

«Юрий Николаевич бәрін ұсақ-түйегіне дейін жақсы біледі, сондықтан ол төтенше жағдайлардан саспайды. Ол «Павлодар» ММӨБ-і құрылғалы бері жұмыс істеп келе жатқан көнекөз қызметкер», – деп кезекшілікке бірге шығатын әріптестер, тауар операторы Раис Шарафиев пен ММӨБ операторы Виталий Пирогов бір-бірін толықтыра түседі. Олардың екеуіне де Юрий Анушкин кез-келген сәтте кеңес алатын ұстаз саналады.

Біздің кейіпкеріміз мамандық таңдауына ешқашан өкінбепті. Отбасында жалғыз өзі жұмыс істей жүріп, жұбайы екеуі екі қыз тәрбиелеп, өсірген жандар. Қазір кішкентай жиен немересін бағып-қағып отыр. Кенже қыздары Новосибирск қаласында білім алып жатыр, шет тілдері факультетінде.

Екеуара әңгіме кезінде Юрий Николаевич жұмыс жайын «ҚазТрансОйлдың» жұмыскерлеріне берілетін әлеуметтік көмектің молдығын айтудан бастады. Бүгінгі күннің өлшемімен салыстырғанда кәсіпорынның өз қызметкерлерінің жайын ойлағаны, әлеуметтік жауапкершілікпен қарауы ауыз толтырып айтуға тұрарлық іс. Бір кездері – жас маман саналған олар осы кәсіпорынға жұмыс істеуге келіп, мекемемен бірге қайта құруды, меншік иелерінің ауысуын бастан кешірді. Қазір қызметкерлердің тұрақтылықты сезініп, өздерінің қажет екенін ұғынуы маңызды. Юрий Николаевичтің есептеуінше, жақсы еңбек демалысын алып, жетілдірілген медициналық көмек көретін адам жақсы күйді ешқашан сырттан іздемейді.

«Павлодар» мұнайөндіруші бекетінің көнекөз қызметкерлерінің бірі Юрий Анушкин өз еңбек демалысын отбасымен бірге өткізуді жақсы көреді. Демалыс кезінде балалық шақтағы сүйікті істері алдынан шығады. Өйткені, Юрий Николаевичтің ауылы тұма табиғаттың ортасында орналасқан. Галкино ауылы иісі жұпар аңқыған жүз жылдық ағаштар қоршаған Шалдай белдеуіне жатады. Сондықтан да ол әрбір еңбек демалысын қаланың сұрқай көрінісінен сыртта өткізуге асығады. Алыстағы демалыс орындары әзірге оны қызықтырар емес. Есесіне ол Шығыс Қазақстан облысына жақын жердегі дақпырты көп Байкал көлімен жақсы таныс. Юрий Николаевич Алтайға да барған, бурят жеріндегі Саян тауларындағы Телец көліне де жолы түсіпті. Ол: «Табиғат аясында болғанды қатты ұнатам, сөйтіп белсенді демалғанды жақсы көрем» дейді.

Сұхбатымыздың соңында Юрий Николаевич алда келе жатқан Қазақстан құбыр көлігінің 75 жылдық мерейтойымен барлық әріптестерін құттықтады. Сондай-ақ, айтулы мерейтой қарсаңында Юрий Николаевич «ҚазТрансОйл» АҚ-ның еңбек ұжымына табысты еңбек, өндірістік жетістік тілейтінін жеткізіп, жанына жақын өнеркәсібі сенімді қолға өтуі үшін жас қызметкерлердің қызметтік лауазымы өсе беруіне шын тілектестігін білдірді.

ҚАЗТРАНСОЙЛ - ОРТАҚ МАҚСАТҚА БІРГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

ТАТЬЯНА ЮРЬЕВА - КАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ТРАНСПОРТТЫҚ ЛОГИСТИКА ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ.

ӨЗІ ТУРАЛЫ: «ҚазТрансОйл» АҚ-да құрылған күнінен бастап 1998 жылдан бері жұмыс істеймін. Транспорттау департаментінде жұмыс істей бастадым. Қазақстанның магистральді мұнай құбырларын дамыту және басқару жаңа жүйелерін құруда және көптеген жобаларды зерттеу және жүзеге асыруға қатыстым.

ДЕПАРТАМЕНТТІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ: жұмысымыздың басты мақсаты - компаниямыздың өндірістік қуаттарының жүктелуін және транспорттаудың көлемін ұлғайту арқылы тарифтік ақшалай түсімді арттыру. ҚазТрансОйл үшін мұнай тасымалдау көлемінің тұрақты ұлғайтылу көрсеткіші деректеме карточка іспеттес болып отыр. Компаниямыз осы планканы тұрақты түрде көтеріп отыруы тиіс. «ҚазТрансОйл» АҚ Транспорттық логистика департаменті осындай қызметпен айналысады: магистральді мұнай құбырлары жүйесіне мұнайдың қосымша көлемдерін тарту, өзіміздің өндірістік активтерімізді максималды түрде пайдалана отырып, қазақстандық мұнайды тасымалдаудың аса перспективті желілерін іздестіру және әзірлеу. «Нетбэк» бағалары негізіндегі әр түрлі бағыттардағы қазақстандық мұнайды жеткізу экономикасын салыстыра және сараптай келе, жүк жіберушілер мен өз компаниямыз үшін, сонымен қатар тәуелді және еншілес ұйымдар үшін аса перспективті әрі экономикалық тұрғыдан рационалды мұнай жеткізу желілерін анықтаймыз.

Біздің департаментімізде мұнайды фактілі түрде ауыстырып құю негізінде де, перспективті көлемдерді есептегенде де магистральді құбыр мұнай құбырларының жүктелуіне жүйелі бақылау жүргізіп отырамыз. Мұнайды тасымалдау қолданыста бар желілерін дамыту бойынша ірі жұмыс атқарылып отыр. Жекелеп айтқанда, 2009 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ «АК «Транснефть» ААҚ-мен бірлесе отырып, Атырау - Самара мұнай құбырын жылына 25 млн. тоннаға дейін кеңейту жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуді аяқтады. Бұл жоба бойынша желінің соңына дейін сапасы сақтаулы түрде қазақстандық жеңіл мұнайды 10 млн. тонна көлемінде Новороссийск порты бағытында жеткізу қарастырылады. Сонымен қатар, 2009 жылы «Тенгизшевройл» ЖШС-мен бірлесе отырып, компаниямыз мұнайды Атырау ауыстырып құю станциясындағы №1 екіжақты құйылмалы эстакаданың қайта құрылысы бойынша жұмысын бітірді. Осы жобаны жүзеге асырудың нәтижесінде процесті автоматты түрде басқару жүйесі бар, қазіргі заманғы, техникалық жағынан соңғы жабдықталған өндірістік объект құрылды. Теңіз, Қарашығанақ мұнай кен орындарында келешектегі мұнай өндіру көлемінің арттырылуы және Қашаған кен орнында мұнай өндірудің басталуы тұрғысынан, қуатты әрі техникалық жағынан жетілдірілген Атыраулық мұнай құятын торап - мұнайдың қосымша көлемдерін ауыстырып тиеуге тарту жағдайында біз үшін едәуір аргумент болып табылады.

ТІЛЕК: «КОМПАНИЯНЫҢ БҮКІЛ ІРІ, ПРОФЕССИОНАЛДЫ ҰЖЫМЫНА ТАБЫС, ЖАҢА БИІКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ МАҚСАТ ЕТІП ҚОЙҒАН БАРЛЫҚ ЖОСПАРЛАРЫҢЫЗДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН ТІЛЕЙМІН! КОМПАНИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНДЕРІ МЕН ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҚҚА ДЕГЕН ҚҰРЫП ОТЫРҒАН ЖОСПАРЛАРЫМЫЗДЫ ОЙЫМДА САЛЫСТЫРҒАНДА, ОСЫНДАЙ ШЫНЫМЕН ДЕ ТАБЫСТЫ КОМПАНИЯДА БҰРЫНҒЫДАЙ ЖҰМЫС ІСТЕП ЖҮРГЕНІМДІ МАҚТАНЫШ ЕТЕМІН. ТРАНСПОРТТЫҚ ЛОГИСТИКА ДЕПАРТАМЕНТІМІЗДІҢ ЖАҒЫНАН ДА «КАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ ЖОСПАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ ҮШІН ҚОЛЫМЫЗДАН КЕЛЕТІННІҢ БАРЛЫҒЫН ЖАСАЙМЫЗ».

КӨҢІЛІМШАТ КӨШЕРБАЕВ
«КАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БДБ БАС ДИСПЕТЧЕРІ.

ӨЗІ ТУРАЛЫ: 1988 жылы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін бітірді. «Мангышлакнефтегазразведка» Кешенді экспедициясында бұрғышының көмекшісі ретінде жұмыс істей бастады. Оператор, мастер, МГӨЦ аға инженері, ОИТҚ МГӨБ «Каламкасмунайгаз», «Мангистаумунайгаз» АҚ ауысымның бастығы болып жұмыс істеді. «КазТрансОйл» АҚ-на 1996 жылы Батыс бөлімшенің ОДБ диспетчері болып жұмысқа кірді. Бас диспетчерлік басқарманы (БДБ) 10 жыл бойы басқарып келеді.

БДБ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ: Бас диспетчерлік басқармасы - магистральді мұнай құбырлары жүйесін оперативті басқару құрылымындағы күні-түні, тоқтаусыз жұмысын үйлестіріп отыратын негізгі буыны болып табылады. БДБ барлық бағыттардағы - мұнай өңдейтін зауыт болсын, экспорт, Ақтау портында мұнай құбырларының біріктірілген жүйелеріне, вагон-цистерналарға немесе танкерлерге ауыстырып құю - мұнайды жеткізу көлемін бақылауды тексеріп, жүргізіп отырады. Бұған қоса, БДБ ауыстырып құюдың тапсырылған техникалық режимін қадағалауға, магистральді құбырларды, жабдықтаулар мен сұйыққоймаларды техникалық пайдалануға бақылау жүргізеді.
Компанияда диспетчерлік бақылау және басқару жүйесі (SCADA) енгізілгеннен бері, БДБ бір-бірінен едәуір қашықтықта орналасқан магистральді құбырлардың технологиялық объектілерін қашықтықтан басқару және бақылауды жүргізеді. SCADA - ҚТО бүкіл жүйесіне де, оның мұнай ауыстырып құятын станциялары мен сұйыққойма паркілерін қоса алғанда, кез келген учаскесіне де автоматты бақылау жүргізуге, ҚТО мұнай құбырларының бүкіл жүйесімен мұнайды ауыстырып құю процессін басқаруға мүмкіндік береді. Қысқаша айтқанда, диспетчер Астанада БДБ-да отырып, компанияның бүкіл магистральді мұнай құбырлары жүйесін және жабдықтаудың жағдайын онлайн режимінде бақылау жүргізуге мүмкіндігі бар.

БАС ДИСПЕТЧЕРЛІК БАСҚАРМАСЫ – МАГИСТРАЛЬДІ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫ ЖҮЙЕСІН ОПЕРАТИВТІ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ КҮНІ-ТҮНІ, ТОҚТАУСЫЗ ЖҰМЫСЫН ҮЙЛЕСТІРІП ОТЫРАТЫН НЕГІЗГІ БУЫНЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ТІЛЕК: ҚҰБЫР КӨЛІГІНІҢ МЕРЕЙТОЙЫНДА КОМПАНИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ДИСПЕТЧЕРЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫН ЕРЕКШЕЛЕГІМ КЕЛЕДІ. ОЛАРДЫҢ ӘРБІРЕУІ ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ИЕ. ОЛАРДЫҢ ПРОФЕССИОНАЛДЫҒЫ, ЗЕЙІНДІЛІГІ ЖӘНЕ ОҚЫС ЖАҒДАЙ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЕПТІЛІГІ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ, ЕҢ БАСТЫСЫ - ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ЗАРДАБЫН БҮКІЛ ЖҮЙЕНІҢ БІРКЕЛКІ ҚАЛЫПТЫ ЖҰМЫС ІСТЕУІНЕ ДЕЙІН АЗАЙТУ.
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰБЫР КӨЛІГІНІҢ МЕРЕЙТОЙЫНДА БАРЛЫҚТАРЫМЫЗҒА ӨЗІМІЗДІҢ АҢСАП ЖҮРГЕН АРМАНДАРЫМЫЗДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚОРЫҚПАУДЫ ТІЛЕЙМІН.

ҚАЙРАТ САҒЫМБАЕВ - «КАЗТРАНСОЙЛ» АҚ КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАС МЕНЕДЖЕРІ – БАСҚАРУШЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ.

ӨЗІ ТУРАЛЫ: Алматы сәулет-құрылыс институтының өндірістік және азаматтық құрылыс факультетін бітірген. КазТрансОйл» АҚ Күрделі құрылыс және жөндеу департаментіне 1998 жылғы желтоқсан айында жұмысқа орналасты. Маман, бас маман, менеджер болып жұмыс істеді.

ДЕПАРТАМЕНТТІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ: біздің департамент «КазТрансОйл» АҚ объектілерінің құрылысы мен күрделі жөндеуін жетекшілік етеді. Департаменттің негізгі міндеті - «КазТрансОйл» АҚ объектілерінің күрделі құрылысы мен жөндеуіне бөлінген қаражатты барынша тиімді пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар департамент компания объектілерінің күрделі құрылысы мен жөндеу бойынша подрядтық ұйымдардың жасап отырған жұмысының сапасы мен мерзімін бақылау, жобалық шешімдерін, нормативтік және техникалық документтердің талаптарын сақтау және «КазТрансОйл» АҚ объектілерінің құрылысы мен күрделі жөндеу бағасының белгіленген тәртіптегі жобалар мен қаржы жоспарының сәйкестігін бақылауды жүргізеді.

Өндірістік кешендерден бастап, әлеуметтік инфрақұрылым саласындағы мұнай-газ саласы объектілерінің құрылысы мен күрделі жөндеуін жүргізе отырып, Қазақстанның мұнай-газ саласының дамуына, отандық мұнай өнеркәсібінің тұлғасын құрастыруға маңызды үлес қосып отырмыз.

Орташа алғанда, компанияның жыл сайынғы күрделі қаражат жұмсалымы - шамамен отыз миллиард теңге сомасын игереді, оның 65%-ы күрделі құрылыс және жөндеу департаменті жетекшілік ететін объектілердің құрылысы мен күрделі жөндеуіне жұмсалады. Бүгінгі күнде біздің департамент жетекшілік ететін объектілердің бірі «Құмкөл» ГМӨС құрылысы болып табылады. Бұл объектінің бағасы шамамен 10 миллиард теңгені құрайды. Қазіргі кезде аталған кешен бойынша 18 объекті қолданысқа тапсырылған. Оның ішінде қазіргі заманғы жатақхана, әкімшілік корпус және т.б. әлеуметтік саланың тіршілікті қамтамасыз ету объектілері. Барлық жұмыстарды аяқтау 2011 жылғы мауысым айына жоспарланған, оның шеңберінде бірінші, екінші және үшінші іске қосылатын кешен жобалары. Біздің департамент ұжымның тырысуымен бекітілген кестеден озып шықтық.

ТІЛЕК: ҚҰБЫР КӨЛІГІНІҢ 75 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ ҚАРСАҢЫНДА «КАЗТРАНСОЙЛ» КОМПАНИЯМЫЗҒА ӨЗІМНЕН ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ ДЕПАРТАМЕНТІ ҰЖЫМЫНЫҢ АТЫНАН ТАБЫС, ЕЛІМІЗДІҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ МЕН БҮКІЛ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ, ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ ИГІЛІГІНЕ ЖҰМЫС ІСТЕУЛЕРІҢЕ ТІЛЕКТЕСПІН.

СИСЕМБАЙ БАЛҒАСЫНОВ –
«КАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ЭКСПЛУАТАЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАС МЕНЕДЖЕРІ.

ӨЗІМ ТУРАЛЫ: 1983 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін бітірдім, мамандығым - мұнай кәсіпшілігі жабдықтауының инженер-механигі. Тағайын-дау бойынша Орынбор қаласына, «Газпром» бүкіл кеңестік өндірістік бірлестік жанындағы «Оренбурггаздобыча» өндірістік бірлестігіне келіп, 3 жыл жұмыс істедім. 1986 - 1989 жылдары аралығында Ақсай қаласында (Батыс Қазақстан облысы) «Казахгазпром» өндірістік бірлестігінде мұнай кәсіпшілігі жабдықтауының аға механигі болып жұмыс істедім. Бұдан кейін Ақтөбе қаласына көшіп, КазТрансОйл-ға жұмысқа орналасты. КазТрансОйл жүйесінде 21 жыл жұмыс істеп келемін. Мұнай құбырын іске асыру мастерінен Эксплуатация департаментінің бас менеджеріне дейін қызмет баспалдағынан өттім.

ЭКСПЛУАТАЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ СЕНІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СЕКТОРЫНЫҢ (ДИАГНОСТИКА) ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ:
Бәрімізге белгілі, КазТрансОйл құбыр көлігі арқылы мұнай мен су тасымалдаумен айналысады. Бүкіл осы мұнай және су құбырлары жүйесінің толассыз жұмыс істеуі үшін, біз құбырлардың техникалық жағдайы туралы бәріне хабардар болуымыз керек, құбырлар мен қосымша объектілердің жағдайын бақылауымыз тиіс. Мұнайдың ағып кету салдарын елестету қиын емес, әсіресе мұнай құбырының сызықтық учаскесінің кенет жырып өткен жерінің қоршаған ортаға әсері. Авария кезінде оның зардаптарын жою әрқашан да тек мұнай транспорттық ұйымдар ғана үшін емес, сонымен қатар мұнай құбырларының жанында тұратын жергілікті тұрғындар және қоршаған орта үшін өте қымбатқа түседі.
Магистральді құбырларды қауіпсіз пайдалану, қызмет мерзімін ұзарту және оны ресурспен тиімді басқару үшін, техникалық жағдайына үздіксіз бақылау жүргізіп отыру керек. «КазТрансОйл» АҚ мамандары мен техникалық құрамы құрылған күнінен бастап-ақ, құбырлардың сенімділігі мен беріктігін арттыруға және кез келген апаттың болдырмау жолдарын жетілдіруге бағытталған жаңа шешімдерді іздестірумен айналысады.
Біздің сенімділікті қамтамасыз ету (диагностика) секторымыз Эксплуатация департаментінің жанында 2001 жылы қалыптасқан. Негізгі міндеті оның аталуында берілген. Оған біз диагностикалық жұмыстар жүргізу арқылы, сонымен қатар бөлімшелерге техникалық және әдістемелік көмек көрсету арқылы қол жеткізіп отырамыз. Мұнай құбырлары, әуе, су асты өтпелі құбырлардың, су қоймаларының және т.б. жабдықтаудың диагностикасымен айналысамыз. Біздің басты міндетіміз - жіңішке жерлерді уақытымен анықтап, құбырдың ақау жерлеріне уақытылы жөндеу шараларын жүргізу. Бұл үшін құбыр туралы келген ақпаратты өңдеп, жергілікті және күрделі жөндеуге дайындық үшін анализдер жүргіземіз. Құбыр және басқа объектілер жөнінде ақпарат алу үшін құбырлар мен құбыр жүргізу жүйелерінің объектілерін диагностикадан өткізу үшін, біз ең соңғы технологияларды пайдалануға тырысамыз.

ҚҰТТЫҚТАУ: КАЗТРАНСОЙЛ - ЕЛІМІЗДІҢ ЛОКОМОТИВТЕРІНІҢ БІРІ. ОСЫ КОМПАНИЯҒА КЕЛГЕНІМЕ ҚУАНЫШТЫМЫН. КОМПАНИЯНЫҢ ГҮЛ-ДЕНУІНЕ, ЖАҢА ӨНДІРІСТІК ТАБЫСТАР ТІЛЕЙМІН. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ БӘСЕКЕЛЕСТІК КЕҢ ӨРІС АЛДЫ, АЛАЙДА БІЗДІҢ КОМПАНИЯМЫЗ ӘРҚАШАН ДА АЛДА БОЛДЫ. ЖАС МАМАНДАРҒА ТАБЫС ТІЛЕЙМІН, ЖАС ӘРІ ЖЕТІСТІКТІ МАМАНДАР БІЗДЕ КӨБЕЕ БЕРСІН.

СВЕТЛАНА ГРИГОРЬЕВА -
«КАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ТАРИФТІК РЕТТЕУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ.

